

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары (бұдан әрі - Жоспар) мынадай құрамда б е к і т і л с і н :

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған негізгі бағыттары (1-бөлім);

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік реттеуіштері (2-бөлім);

қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың тізбесі (4-бөлім);

қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі 2005-2007 жылдарға арналған басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі (5-бөлім).

2. Құпия.

3. Құпия.

4. Жоспар құрамында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған аса маңызды көрсеткіштерінің болжамы (3-бөлім) бекітілсін.

5. Ұлттық компанияларды дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған негізгі бағыттары мен негізгі көрсеткіштерінің болжамы назарға алынсын (6-бөлім).

6. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері тиісті облыстар мен қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарларын заңнамада белгіленген тәртіппен уактылы әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етсін.

7. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және Жоспардың іске асырылу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін тоқсан сайын хабардар етсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 31 тамыздағы

№ 917 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары

1-бөлім. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған негізгі бағыттар

Астана-2004

Кіріспе

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарын әзірлеудің ережесіне сәйкес әзірленді.

Жоспар сыртқы және ішкі факторларға қарай 2005-2007 жылдарға арналған экономиканы дамытудың қарқындарын негіздейді әрі орталық және жергілікті органдардың экономиканың жеке және мемлекеттік секторларын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау саласындағы іс-қимылын айқындайды.

Жоспар стратегиялық жоспарларда, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауларында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасында айқындалған мақсаттарға қол жеткізу және басымдықтарды іске асыру үшін экономика салаларын дамыту саласындағы 2005-2007 жылдарға арналған міндеттерді және оларды шешу жолдарын айқындайды.

1. Елдің 2003 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау және 2004 жылға арналған дамуын бағалау

2003 жылы ЖІӨ-нің нақты өсуі 9,2%-ды құрады, ал орташа жылдық инфляция 6,4% деңгейінде қалыптасты.

Өткен жылы әлемдік экономика үрдістерінің негізінде болжанғандай теңгенің АҚШ

долларына шаққандағы айырбас бағамы күшейді. Бұл ретте, болжам 151 теңге болғанымен, айырбас бағамының нақты мәні өткен жыл ішінде орташа 149,45 теңге құрады. Теңге, ең алдымен, мұнайға қойылатын жоғары бағаның және доллардың еркін айырбасталатын басқа валюталарға қатысты 20%-дан астам құнсыздануының салдарынан күшейді.

Саудадағы негізгі әріптес елдер валюталарының қоржынына (евро, ресей рублі, қытай юані) қарағанда, теңгенің АҚШ долларына қатысты күшеюіне қарамастан, теңгенің нақты мәні 2,5%-ға құнсызданды.

Бұл елдің ағымдағы операциялар шотының және тұтастай алғанда, төлем теңгерімінің оң сальдосын қамтамасыз етуге ықпал етті.

Елдегі макроэкономикалық тұрақтылық экономиканың дамуына ынталандырушы әсер етуін жалғастырды, бұл тауарлар мен қызметтер көрсету өндірісін ұлғайтудың, тікелей шетелдік инвестициялардың едәуір ағынын, мемлекеттік бюджетке кірістер түсімінің және, сайып келгенде, ел халқының әл-ауқатын арттырудың басты факторына айналды.

Сыртқы фактор - әлемдік сауда рыноктарындағы қолайлы конъюнктура, сондай-ақ экономикалық өсуді қамтамасыз етуге оң әсерін тигізді.

Сыртқы экономикалық тауар айналымы 2003 жылы 22,4 млрд. АҚШ долларын құрады және 2002 жылмен салыстырғанда 26%-ға ұлғайды. Бұл ретте экспорт Қазақстан үшін рекордтық көрсеткіш 13,2 млрд. АҚШ долл. құрап, 32%-ға ұлғайды. 2003 жылы тауарлар импорты 9,1 млрд. АҚШ долл. құрады және 2002 жылмен салыстырғанда 18,4%-ға ұлғайды.

Импорт құрылымындағы инвестициялық тауарлардың үлесі 38%-ды, аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарларының үлесі 39%-ды, ал тұтыну тауарларының үлесі 22%-ды құрайды.

2003 жылы еңбекақының нақты өсуі 7,6%-ды құрады.

2002 жылмен салыстырғанда жұмыссыздар саны 20,1 мың адамға немесе 2,9%-ға азайды. Жұмыссыздық деңгейі 8,8% мөлшерінде қалыптасты (2002 жылы 9,3 %).

2003 жылы еңбекақының 73,6%-дық өсімі еңбек өнімділігінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді. Өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі нақты еңбекақының өсуінен 17%-ға дерлік басып озды. Осы салада капиталды жаңа өнім түрлерін шығаруды ұйымдастыруға қайта инвестициялау үшін жинақтау процесі басталды.

Сонымен бір мезгілде, 2003 жылы саудада еңбек өнімділігі 5,3%-ға төмендеді, ал нақты еңбекақының өсуі 11,9%-ды құрады. Бұл алшақтық осы салада көлеңкелі экономиканың жоғары үлесінің бар екендігін көрсетеді.

Әлемдік тауар рыноктарындағы жалғасып отырған қолайлы ахуал, елге шетелдік инвестициялар ағымының ұлғаюы, өндірістік сектордың тұрақты жұмысы және ішкі сұраныстың артуы 2004 жылғы бірінші жарты жылдықтағы республика экономикасын дамытудың оң қарқынын сақтаудың негізгі факторлары болды.

Инфляцияның төменгі деңгейі, бюджет жүйесінің сенімділігі, елдің төлем теңгерімі мен теңгенің айырбас бағамының тұрақтылығы, сондай-ақ тұтастай қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі макроэкономикалық тұрақтылықпен қатар жүрді.

Бағалау бойынша 2004 жылғы бірінші жарты жылдықта өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсуі 9,1%-ды құрады. 9,4%-ға өнеркәсіптегі, 5,2%-ға ауыл шаруашылығындағы көлемдердің ұлғаюы өсуді қамтамасыз етті. Қызметтер көрсету секторында барлық көлік түрімен жүк тасымалдау көлемі 9,3%-ға және бөлшек тауар айналымы - 7,1%-ға ұлғайды.

2003 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2004 жылғы бірінші жарты жылдықта ЖІӨ құрылымында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Бағалау бойынша ЖІӨ-дегі тауарлар өндірісінің үлесі 40,6%-ды (2003 жылғы қаңтар-маусымда 39,1%) қызметтер көрсету - 53,3%-ды (55,5%) құрады.

Ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындылары бойынша орташа инфляция деңгейі 6,6%-ды құрады және өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ (6,7%).

Негізгі Қазақстандық тауарлар бағаларының әлемдік рыноктағы жоғары деңгейі экспорт түсімдері көлемінің едәуір ұлғаюына ықпал етті. Ағымдағы жылдың бес айында сыртқы сауда айналымы 11,5 млрд. АҚШ долларын құрады және 2003 жылғы осындай кезеңнен 46%-ға жоғары. Экспорт 7 млрд. АҚШ долларын, импорт 4,5 млрд. АҚШ долларын құрады, өсу тиісінше 42 және 52%-ды құрады.

Мұнай өндіру саласында шетелдік инвесторлардың қатысуымен ірі инвестициялық жобаларды, Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру, сондай-ақ бірқатар салалық бағдарламаларды жүзеге асыру экономикаға тартылатын инвестициялар көлемін жоғары деңгейде сақтап қалуға мүмкіндік берді. Өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда негізгі капиталға инвестициялар 12,1%-ға ұлғайды. Салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 60,9% кәсіпорындар, ұйымдар және халық қаражатының үлесіне келеді.

Ағымдағы жылдың алты айының қорытындысы бойынша алтын-валюта резервінің жинақталған көлемі тауарлар мен қызметтер импортын 5 айдан астам қаржыландыруды қамтамасыз етті. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының ақшасын қоса алғанда, 2004 жылғы 1 шілдедегі елдің халықаралық резервтері (3,7 млрд. АҚШ долл.) 10,3 млрд. АҚШ долларын құрады және 19,9%-ға ұлғайды.

Мұнайдың сақталып отырған жоғары бағалары және елге валюта түсімінің зор көлемінің ағылуы теңге бағамы күшеюінің негізгі себебі болды. Мысалы, 2004 жылғы бірінші жарты жылдықта теңгенің орташа айырбас бағамы бір доллар үшін 138,42 теңге құрады. Жыл басынан бері номиналды көріністегі теңге АҚШ долларына 5,07%-ға күшейді.

Өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 2004 жылғы қаңтар-мамырда халықтың нақты ақшалай табысы 13,7%-ға ұлғайды. Бұл ретте бір қызметкердің орташа

айлық еңбекақысы 21,4%-ға, ал нақты еңбекақысы 14%-ға өсті. Номиналды орташа айлық еңбекақы 26452 теңге құрады.

2004 жылғы 20 мамырда Standard & Poor's халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстанға инвестициялық сыныптың екінші рейтингін берді. Енді Қазақстан екі халықаралық рейтингтік агенттіктің инвестициялық рейтингін иеленген ТМД-дағы алғашқы мемлекет болып табылады (2002 жылғы қыркүйекте Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстанның егемен рейтингін инвестициялық деңгейге дейін көтерді).

Бағалау бойынша 2004 жылы инфляция деңгейі орташа 5,6-7%-ды құрайды, бұл индикативтік жоспардың болжамына сәйкес келеді.

Қайта қаржыландырудың ресми ставкасының деңгейі бағалардың өсуіне қатысты оң тұстары аз болып ұсталады (7%), бұл іскерлік белсенділікті кеңейтуді ынталандыруға мүмкіндік береді.

Елдің сауда теңгерімі нығайтылатын болады. 2004 жылы оң сальдо 4,5 млрд. АҚШ долл. мөлшерінде бағаланып отыр.

Өткен жылдың деңгейіне қарағанда өнеркәсіптік өндіріс көлемінің өсуі 9,2%-ды құрайды, ауыл шаруашылығының жалпы өнімнің көлемі 2,8%-ға өседі. Негізгі капиталға инвестициялар 10%-ға өседі.

Қызметтер көрсету саласындағы даму қарқынының басып өсуі көзделіп отыр.

2003 жылдың деңгейіне қарағанда көрсетілетін қызметтер көлемінің өсу қарқыны: байланыста 30%-ды, көлікте 8,6%-ды, саудада 8,5%-ды құрайды.

Әлеуметтік көрсеткіштер де барабар қарқынмен өсетін болады, мәселен 2004 жылы нақты жалақының өсу қарқыны 7,7%-ды құрайды.

2. 2005-2007 жылдарда экономиканың жұмыс істеу жағдайлары

Экономиканың қарастырылып отырған кезеңде дамуы сыртқы және ішкі факторлардың әсерімен жүретін болады.

2.1. Сыртқы жағдайлар

2005-2007 жылдарда әлемдік экономиканың даму үрдісі басты түрде оның төрт негізгі орталығының - АҚШ, Еуроаймақ елдері, Жапония және Қытай - өсу серпінімен айқындалатын болады.

Халықаралық Валюта Қорының болжамы бойынша әлемдік экономиканың өсу қарқыны 2004 жылы 4,6%-ды, 2005 жылы 4,4%-ды құрайды. ХВҚ экономистері мұнай бағасының ұлғаюы соңғы уақытта бұрынғыға қарағанда әлемдік экономика жағдайына аз дәрежеде әсер ететінін атайды, өйткені әлемнің көптеген державалары энергия ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануды үйренді. Сонымен қатар, олар ірі экономикалардағы инфляциялық қысымның пайда болуының ықтимал қаупі туралы

е с к е р т е д і .

Экономикалық Үлгімәтәстәк және Даму ұйымы (ЭҮДҮ) әлемдік экономиканың өсу қарқыны жөніндегі өзінің болжамын 2004 жылы 3%-дан 3,4%-ға дейін және 2005 жылы 3,1%-дан 3,3%-ға дейін өсірді. ЭҮДҮ экономистерінің пікірі бойынша, өсу импульсі АҚШ-тан, Қытайдан және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен байқалады.

ХВҚ болжамына сәйкес, АҚШ экономикасы 2004 жылы 4,6 %-ға, 2005 жылы 3,9%-ға ө с е д і .

ХВҚ болжамдары бойынша, Қытай ЖІӨ-нің өсуі 2004 жылы 8,5%-ды, ал 2005 жылы 8%-ды құрайды. ЭҮДҮ экономистерінің пікірі бойынша, Қытай экономикасының өсуі жылдам өсіп жатқан экономиканы бәсеңдету жөнінде Қытай Үкіметі қабылдап жатқан шаралар салдарынан неғұрлым қалыпты көрсеткіштерге дейін азаюы мүмкін және 2004 жылы 8% шегінде күтіліп отыр.

ХВҚ Жапония ЖІӨ-нің өсуі жөніндегі болжамын 2004 жылы 1,4%-дан 3,4%-ға дейін арттырды, бұл ретте еңбек рыногы конъюнктурасының жақсаруы және іскерлік инвестициялардың өсуі нәтижесінде ішкі сұраныс саласындағы өрлеуді атап өтті. ЭҮДҮ-да жапон экономикасының өсу қарқындарының болжамдарын ағымдағы жылы 1,8%-дан 3%-ға дейін арттырды, алайда 2005 жылға арналған болжамдарды 2,8%-ға д е й і н а з а й т т ы .

Тұтынудың өсуі төмен болып отырған және соңғы айларда бірқатар базалық экономикалық көрсеткіштері нашарлаған Еуропалық Одақ (ЕО) елдеріндегі экономикалық өрлеудің тұрақтылығы аздау.

ХВҚ болжамы бойынша, Еуроаймақ ЖІӨ-і 1,7%-ға өседі, бұл бұрын болжамдалғаннан аз (1,9%). ЖІӨ-нің ең төменгі өсу қарқыны Германияда (1,8%), ең жоғарғысы Грецияда, Испанияда және Ирландияда болады. ХВҚ экономистерінің пікірі бойынша, скандинавия елдері мен Ұлыбританиядағы, сондай-ақ экономикасы 2004 жылы 4,5%-ға және 2005 жылы 4,4%-ға өсетін ЕО-тың жаңа мүшелеріндегі ағымдағы жылға арналған ЖІӨ-нің өсу перспективалары жақсы.

2003 жылы Орталық және Шығыс Еуропаның 27 елі арасында ТМД өсу бойынша ең жоғарғы орында болды, бұл ретте Ресей, Әзірбайжан және Қазақстан алда болды. Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі (ЕҚДБ) экономистерінің болжамы бойынша, ТМД елдеріндегі экономикалық өсу 2003 жылы 7,6%-дан 2004 жылы 5,6%-ға дейін б ә с е н д е й д і .

Мұнай мен газ бағаларының өсуі әлемдік экономикалық өсуді азайтуы мүмкін келеңсіз фактор болып табылады. The Federal Reserve Bank of Dallas бағалауы бойынша, жақын арадағы үш жыл бойы әлемдік экономиканың төмендеуі жылына 0,3%-ды қ ұ р а й д ы .

АҚШ-тың, Еуроаймақ елдерінің, Жапония мен Қытайдың күтіліп отырған экономикалық серпініне негізделе отырып, әлемдік экономиканың өсу қарқыны 2005-2007 жылдары жылына 3,3-4,0% болып бағаланып отыр.

Тауар рыноктары

Шикізаттың әлемдік тауар рыноктарындағы ақуалы, тұтастай алғанда Қазақстанның экспорттық тауарлары үшін қолайлы.

Мұнай. 2004 жылғы маусымның басында мұнай бағасының күрт өсуі байқалды. International Petroleum Exchange-де (IPE) солтүстік теңіз Brent мұнай қоспасының ресми бағасы жеткізудің жақын арадағы айында 2,50 долларға көтерілді және 39,08 долл./баррель белгісінде тұрақтанды. IPE-гі баға көрсеткіштері 1990 жылғы 12 қазаннан бастап ең жоғарғы шекке жетті.

Goldman Sachs және Morgan Stanley инвестициялық банк тобы экономистерінің пікірі бойынша әлемдік энергетикалық рыноктарды тұрақтандыру жөніндегі ОПЕК қабылдап жатқан шараларға қарамастан, мұнай бағасы бір баррель үшін 20 доллардан төмендемейді және жақын арадағы бес жылда 30-35 долларды құрайтын болады. Болжау кезінде сарапшылар мұнай өнімдеріне Қытай тарапынан өсіп отырған сұранысты, таяу Шығыс өңіріндегі күрделі геосаяси ахуалды, саяси шиеленіс себебінен бағаларды белгілі бір деңгейден төмендете алмайтын ОПЕК-ке мүше елдердің қаржы проблемаларын, жаңа кен орындарын игеруге инвестициялардың жеткіліксіздігі себебінен басқа мұнай өндіруші компаниялар тарапынан бағаларды төмендетудің мүмкін болмауын назарға алды.

Бидай рыногы. БҰҰ азық-түлік-ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) мәліметтері бойынша, астықтың әлемдік қоры бес жыл қатарынан азаю үстінде және 2004-2005 жылдары 2000-2001 жылдарға қарағанда екі есе дерлік азаяды. FAO болжамы бойынша, 2004-2005 жылдары ол 360 млн. тоннадан сәл ғана артық болады. Дамушы елдер, әсіресе Үндістан мен Қытай тарапынан жоғарғы сұраныс мұның себебі болып табылады. FAO бағалауы бойынша, әлемдік рыноқтағы астықтың жоғары әрі тұрақсыз бағасы мұндай дамудың салдарына айналуы мүмкін.

FAO бағалауы бойынша, бидай өндірісі 2004/05 маркетинг жылында (МЖ) өткен жылғы көрсеткіштерден 6,3%-ға асып түседі және 595 млн. тоннаны, жемдік астық дақылдары 951 млн. тоннаны (+2,1%) құрайды. Астығы жөніндегі Халықаралық Кеңес (АХК) болжамдары бойынша, әлемдік бидай тұтыну көлемі 2004/05 МЖ 602 млн. тоннаны құрайды, бұл 2003/04 МЖ қарағанда 13 млн. тоннаға көп.

2004/05 МЖ әлемдік бидай саудасының көлемі соңғы 5 жыл ішіндегі ең төменгі дерлік деңгейде қалады және 99 млн. тоннаны құрайды, бұл өткен маусымның деңгейіне сәйкес келеді. Еуропадағы және ТМД-дағы егіннің едәуір ұлғаюы импорт қажеттіктерінің азаюына әкеп соғады, мұндай жағдай Солтүстік Африка мен Таяу Шығыс Азияда да байқалады. Сауда көлемі ұлғаюының көп бөлігі Азияға, әсіресе Қытайға келеді.

Әлемдегі ірі бидай сатушы болып табылатын Бидай жөніндегі Канада Кеңесі (CWB)

бидай бойынша 2012 жылға дейін ұзақ мерзімді болжам жасады, бұған сәйкес өндірістің өсуіне байланысты бидай бағалары үздіксіз төмендейтін болады.

Бұл ретте әлемдік бидай саудасының көлемі 2006-2007 жылдары 107,2 млн. тоннаға жетеді, ал 2011-2012 жылдары 115 млн. тоннаға дейін өседі, бұл оған экспортшы жаңа елдер қатысуының кеңейтілуіне байланысты. Қазақстан экспорты 5 млн. тонна деңгейінде болжанып отыр.

Металдар рыногы. Barclays Capital компаниясының ұзақ мерзімді факторлардың металдар рыногының дамуына әсерін бағалаған талдаушыларының пікірі бойынша, соңғы бірнеше жылда едәуір өскен түсті металл бағалары осы он жылдықтың соңына дейін жоғары деңгейде қалады. Қытай, Үндістан және Ресей экономикаларының мақсатты өсуі - болып жатқан баға қозғалыстарының басты себептерінің бірі.

2.2. Ішкі жағдайлар

Ескерту. Өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 332 қаулысымен.

Соңғы жылдары белгіленген экономика дамуының он үрдістерін сақтау үшін қысқа мерзімді кезеңде де, орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерде де макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету қажет.

Сыртқы қарызды және ЖІӨ-ге пайыздық қатынастағы бюджет тапшылығын біртіндеп қысқартуға бағытталған саясат жүргізілетін болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорында қаражат жинақтау жалғасады.

Инфляцияны азайту 2007 жылы қайта қаржыландырудың ресми ставкасын 6%-ға дейін азайтуға мүмкіндік береді.

Теңгенің айырбас бағамының серпіні сыртқы жағдайлармен де, Ұлттық Банктің бағамды ішкі валюта рыногына шетел валютасының ағынына байланысты қалыпты өзгеруін қамтамасыз ете отырып, теңге бағамының күрт ауытқуларын болдырмауға бағытталған саясатымен де айқындалатын болады.

Алдағы кезеңде өнеркәсіпті дамыту негізінен басты екі стратегиялық құжатта: Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасында және Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму стратегиясында айқындалатын болады.

Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасына қараңыз. U101105 сәйкес елдің мұнай-газ секторын серпінді дамыту ұйғарылуда. Аталған бағдарламаға сәйкес мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемін 2003 жылға қарағанда 2015 жылға қарай 2,7-3 есеге ұлғайту көзделуде.

Мұнай секторы экономиканың аралас секторларында тауарлар мен қызметтер өндірісін дамытуды қамтамасыз ете отырып, ел экономикасы үшін маңызды рөл атқарады. Мәселен, аталған сектор салааралық теңгерім деректері бойынша көмір және лигнит өндіру саласы өнімінің 14%-ын, аяқ киім өнеркәсібі өнімінің 53%-ын, химия

өнеркәсібі өнімінің 5%-ын, металлургия өнеркәсібі өнімінің 7%-ын, қонақүйлер мен мейрамханалар қызметінің 12%-ын, көлік қызметтерінің 28%-ын, байланыс қызметтерінің 6%-ын, кәсіпорындарға жалпы қызметтің 17%-ын тұтынады.

Бұдан басқа, мұнай және газ өндіру саласы тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік тұтыну деңгейіне едәуір әсер ете отырып, республикалық бюджет кірістерінің шамамен 26% - ын қамтамасыз етеді.

Экономиканың басқа секторларына мультипликативтік әсерін ескере отырып, мұнай секторының ЖІӨ өсіетіне үлесі бағалау бойынша 2003 жылы 30%-ды құрады, ал 2004 жылы 28%-ды құрайтын болады.

Осылайша, мұнай-газ секторын дамыту Қазақстандағы экономикалық өсуді қамтамасыз етудің кепілі болып табылады. Алайда тек аталған секторды ғана артықшылықпен дамыту ұзақ мерзімді перспективада экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз ете алмайды. Міндет - аралас салаларды дамыту үшін мұнай-газ секторын "локомотив" ретінде пайдалану.

Бұл міндетті шешуге Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру жәрдем ететін болады. Оны табысты іске асырған жағдайда экономиканың түрлі салаларында экспортқа бағытталған жаңа өндірістер құрылатын болады.

Телекоммуникациялар саласындағы ырықтандыру, темір жол саласындағы қайта құрылымдау, электр энергетикасындағы реформалар экономиканы дамытуға оң әсерін тигізуге тиіс.

Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталатын болады, Ұлттық Банк, сондай-ақ қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

3. Елді дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мақсаттары, міндеттері және басымдықтары

3.1. 2005-2007 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы

Ескерту. Өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 332 қаулысымен.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарын әзірлеу кезінде экономиканы дамытудың базалық сценарийі негіз ретінде алынды.

Аталған сценарийге сәйкес ЖІӨ-нің орташа жылдық өсуі 2005-2007 жылдары 8,1%-ды құрайды.

Кәсіпорындардың қаржы жағдайының жақсаруымен бірге халықтың жиынтықты нақты кірісінің ұлғаюы экономиканың нақты секторына инвестициялардың өсуіне қажетті жағдайлар жасайды.

Инвестициялық сұраныстың кеңеюі ең алдымен кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен алынатын инвестицияларды қаржыландырудың ішкі көздерімен байланысты болады. Жоспарланып отырған кезеңде негізгі капиталға инвестициялар көлемінің өсу қарқыны 12 - 15 %-ды құрайды.

Мұнайға қойылатын экспорттық баға баррель үшін 30-31,5 АҚШ доллары деңгейінде тұрақталады. Сауда теңгерімінің оң сальдосы орта есеппен жылына 2,3 млрд. АҚШ долл. құрайтын болады.

Инфляция деңгейі 2005-2007 жылдары орта есеппен 5-7% шегінде болады;

Нақты жалақы 2005-2007 жылдары орта есеппен 7,2 %-ды құрайтын озық қарқынмен өсетін болады деп күтілуде.

3.2. Стратегиялық міндеттерді шешу саласында

Базалық сценарийді іске асыру кезінде 2010 жылға қарай ЖІӨ-ді еселеу жөніндегі стратегиялық міндет 2000 жылмен салыстырғанда шамамен екі жылды басып озып орындалатын болады.

1 - с у р е т
(қағаз мәтініне қараңыз)

3.3. Орта мерзімді міндеттерді шешу саласында

Ескерту. Өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 332 қаулысымен.

Тұтастай алғанда жоспарланып отырған кезеңде әлеуметтік-экономикалық саясаттың жалпы бағыты сақталады және стратегиялық жоспардың Индустриялық-инновациялық даму стратегиясының, Үкімет бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін болады.

Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға экономиканы барынша ырықтандыру және оның ашықтығы жөніндегі жұмыс, инфрақұрылымды салу және басты салаларды дамытуға жеке секторды тарту жөніндегі белсенді жұмыс ықпал етуі тиіс.

Жоспарланып отырған кезеңде бәсекеге қабілетті экономика негізін құру үшін мынадай міндеттерді шешу ұйғарылып отыр:

2005-2007 жылдары ЖІӨ-нің 8,1% орташа жылдық өсу қарқынын қамтамасыз ету;
инфляцияның орташа жылдық деңгейін 5-7% мөлшерінде қамтамасыз ету;
валюталық режимді ырықтандыруды және қаржы жүйесінің халықаралық стандарттарға көшуін дайындауды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін іске асыру;

Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кіруі жөніндегі дайындық іс-шараларын аяқтау;

энергия және материал үнемдейтін технологиялардың енгізілуін ынталандыратын заңнамалық және тарифтік жағдайлар жасау;

орталық және жергілікті басқару органдары арасындағы өкілеттіктер мен қаржы ресурстарын ажырату жөніндегі жұмысты жалғастыру;
ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін арттыру үшін жағдайлар жасау.
Дамудың басты міндеттерін шешу саласында біздің іс-әрекетіміздің бағыты
б і р ш а м а өз г е р е д і .

Жоспарланып отырған кезеңде шешілуі қажет проблемаларға негізделе отырып: Ел экономикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясын одан әрі іске асыру, жеке сектормен ынтымақтастықты тереңдету;

Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыруды аяқтау және ғылым мен техниканың алдыңғы қатарлы жетістіктеріне негізделген, бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өндірісін құру үшін жағдайлар дайындау; ғылымды, білім беруді және халықтың кәсіби біліктілігін дамытудың қазіргі заманғы және тиімді жүйесін құру; тұрғын үй құрылысын дамыту; денсаулық сақтау жүйесін одан әрі жетілдіру; шағын кәсіпкерлікті дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені; көлеңкелі экономика деңгейін қысқарту; халықты зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыруды одан әрі арттыру әлеуметтік-экономикалық дамудың 2005-2007 жылдарға арналған басымдықтары болып айқындалды.

4. Даму бағдарламалары және оларды қаржыландыру

Іске асырылатын мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды іске асыру тиімділігін арттыру негізгі мақсат болып табылады.

Жоспарлаудың бағдарламалық-мақсатты әдісін одан әрі жетілдіру мақсатында сыртқы (тәуелсіз) бағалауды қоса алғанда бағдарламаларды іске асыру тиімділігін бағалау және бақылау жүйесін құру алда тұр. Бұл бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін елеулі арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламалық құжаттарды әзірлеу және іске асыру үшін басым салаларды анықтау; басымдардың қатарына кірмеген бағдарламалардың күшін жою немесе әзірлеуге орынсыз деп тану; бағдарламалар жоқ басым бағыттар бойынша бағдарламаларды әзірлеуді қамтамасыз ету арқылы бағдарламалардың санын оңтайландыру түр.

Бағдарламалар санын қызмет саласына бір-екі бағдарламаның болуына негізделе отырып оңтайландыру саясатын ұстану қажет.

Бағдарламалық құжаттарға талаптарды күшейту олардың кешенділігін, жүйелілігі мен нәтижелігін күшейтуге бағытталатын болады.

2005-2007 жылдарға арналған тізбеге 99, оның ішінде 68 қолданыстағы және 31 әзірленетін бағдарлама (күпиялық режимін сақтауды талап ететін бағдарламаларсыз)

енгізілді. Өзірленетіндердің тізбесіне енген барлық дерлік бағдарламалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламалық құжаттарының шеңберінде көзделген (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламалары және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары, ұлттық және экономикалық қауіпсіздікті іске асыру жөніндегі жоспарлар).

Өзірлеуге берілгендердің қатарына іске асырылуы 2005 жылдан басталатын - 23, 2006 жылдан басталатын - 6 бағдарлама енді. Бұл ретте 2004 жылы 5 бағдарламаны іске асыру аяқталады. Яғни 2005 жылы 91 бағдарлама әрекет етеді.

Тізбеге енгізілген және мемлекеттік бюджеттен қаражатпен қамтамасыз етуді талап ететін барлық бағдарламаларда жылдар мен қаржыландыру көздері бөлінісінде қаржы қаражатының талап етілетін көлемдері көрсетіледі.

Бағдарламаларды іске асырудың түпкі нәтижелеріне қол жеткізу толыққанды және оларды іске асыру тиімділігіне сенімді талдауды жүзеге асыру жолымен, яғни, бағдарламалар нәтижелілігінің ішкі және сыртқы бағалауын жүргізу арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Бағдарламаны одан әрі іске асырудың орындылығы және одан әрі қаражат бөлу туралы шешім жүргізілген бағалаулардың талдаулары нәтижесіне негізделетін болады. Қабылданған шаралар экономиканың жедел өсімін және республикалық әрі жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдалану тиімділігін қамтамасыз етуде бағдарламалық құжаттардың (мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламалар) рөлін арттыруға мүмкіндік береді.

5. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету

5.1. Ақша-кредит саясаты және қаржы секторын дамыту 5.1.1. Ақша-кредит саясаты

Ақша-кредит саясатының негізгі құралдары репо операциялары, қысқа мерзімді ноталарды шығару сияқты ашық рынок операциялары болады. Бұдан басқа, Ұлттық Банк ресми ставкаларды реттеуді және вексельдерді қайта есептеу, банктерге қысқа мерзімді кредиттер (күндік және овернайт) беру, сондай-ақ банктердің қысқа мерзімді өтімділігін реттеу үшін депозиттер қабылдау жолымен банктерді қайта қаржыландыруды жүзеге асыратын болады.

Инфляциялық таргеттеуге жоспарлы көшуге дайындық жоспарында Ұлттық Банк 2004 жылы өз ресми ставкаларының реттеуші рөлін күшейтуге бағытталған шараларды іске асыруды жалғастырады. Алдағы 3 жылда ашық рынок операцияларымен өтімділікті реттеуді кеңейту, атап айтқанда, бағалы қағаздардың қайталама рыногын дамытуға жәрдемдесу жөніндегі шаралар белсенді түрде қабылданатын болады. Ұлттық Банктің бағалы қағаздар портфелін ұлғайту және жаңа қаржы құралдарын

дамыту жөніндегі шаралар қабылданады, бұл Ұлттық Банктің реттеуші мүмкіндіктерін ұлғайтуға және қаржы рыногының икемділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Валюталық реттеу және валюталық бақылау саласында валюталық режимді ырықтандыру басым бағыт болады. Бұл валюталық реттеу режимін жұмсартуды және резиденттердің валюталық құндылықтармен операцияларды жүзеге асыруы кезіндегі шектен тыс әкімшілік кедергілерді жоюды болжайды.

Валюталық заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында 2004 жылы қаржы рыногының қазіргі заманғы талаптарға барынша жауап беретін және Қазақстанның халықаралық капитал рыноктарына неғұрлым белсенді қатысуын көздейтін жаңа заң әзірлеу және қабылдау жоспарлануда. Ол шамамен 2005 жылы басталатын және 2007 жылы валюталық қатынастарды толық ырықтандырумен аяқталатын валюталық режимді ырықтандырудың екінші кезеңінің бағдарламасын іске асыру үшін заңнамалық негіз болады. Валюталық шектеулерді бәсеңдету жөніндегі шаралар отандық қаржы рыногының өсуіне, қаржы құралдарының дамуына және нақты сектор үшін қосымша қаржы ресурстарын тартуға ықпал етеді.

Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету саласында микропроцессорлық технологиялар негізінде төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін енгізу және дамыту жолымен төлем карточкаларына қызмет көрсету жөніндегі бірыңғай ұлттық желі құруға ерекше назар аударылатын болады. Оны енгізу шеңберінде 2004 жылы "Процессинг орталығы" ЖАҚ төлем карточкалары бойынша банкаралық транзакцияларға қызмет көрсету жөнінде өзінің практикалық қызметін бастайды.

Келесі жылдары міндетті медициналық сақтандыруды, кедендік және салықтық төлемдерді төлеу жүйесін қалыптастыруды енгізу жөніндегі жалпыұлттық бағдарламаларды іске асыру, жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөміріне (СН, БСН) және тағы басқаларға көшу кезінде Ұлттық банкаралық жүйенің төлем карточкаларын пайдалану мүмкіндігі қаралатын болады. Сауда (қызмет көрсету) ұйымдарында төлем карточкаларын қабылдайтын және оған қызмет көрсететін жабдықтар желісін кеңейту жөніндегі жұмыстар жалғасады.

Алдағы жылдары Ұлттық Банк ЕурАзЭҚ елдерінің орталық банктерімен бірлесіп ЕурАзЭҚ елдерінің ортақ төлем жүйесін ұйымдастыру және қаржы рыноктарын біріктірудің басқа бағыттары жөніндегі жұмыстарды жүргізуді жалғастырады.

Бұдан басқа Ұлттық Банк Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК) қалыптастыру жөніндегі мемлекетаралық және ведомствоаралық топтардың жұмысына белсенді түрде қатысу ниетінде.

5.1.2. Қаржы секторын дамыту

Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу әрі қадағалау

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" 2003 жылғы 31 қаңтардағы Жарлығына және "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2004 жылғы қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың тұжырымдамасына сәйкес қаржы рыногын одан әрі дамыту алдағы 3-4 жылда оның барлық сегменттерін халықаралық стандарттарға жақындату бағытында жүргізілетін болады. Экономиканың нақты секторының сұраныстарын қанағаттандыратын қаржы жүйесінің орнықты әрі тиімді жұмыс істеуін қалыптастыру жалғасады.

Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау саласында:

қаржы рыногының және қаржы ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және тұтастай алғанда қаржы жүйесіне деген сенімді қолдау;

қаржылық қызмет көрсетуде тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету;

қаржы ұйымдарының қызметі үшін қаржы рыногындағы адал бәсекені қолдауға бағытталған тең құқылы жағдайлар жасау;

халық пен кәсіпкерлік субъектілерінің қаржы жүйесіне деген сенімін арттыру;

қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдар туралы заңнама нормаларын жетілдіру;

қаржылық қызмет көрсетуде тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтарды болдырмау жөніндегі шараларды іске асыру;

қаржы ұйымдары қызметінің стандарттарын белгілеу, қаржы ұйымдарын корпоративтік басқаруды жақсарту үшін ынталандыру шараларын жасау негізгі бағыттар болып табылады.

Жоспарланып отырған кезеңде қаржы рыногын реттеу және дамыту жүйесін жетілдіру мақсатында:

Еуропалық Одақ директиваларын ескере отырып, қаржы рыногын реттеуді және қадағалауды жетілдіру;

Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау бойынша шоғырландырылған қадағалауды жетілдіру тұжырымдамасын әзірлеу көзделуде.

Еуропалық Одақ директиваларын ескере отырып, мынадай негізгі іс-шаралар көзделіп отыр:

қаржы ұйымдары қызметінің тәуекелін кешенді бағалаудың қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау деңгейін арттыруға бағытталған тетігін енгізу, қаржы рыногының республиканың қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қазіргі заманғы инфрақұрылымын қалыптастыру;

қаржы ұйымдарын пруденциалдық реттеуді жетілдіру;

қаржы ұйымдарының өз тәуекелдерін барабар басқаруына қойылатын талаптарды

б е л г і л е у ;

қаржы ұйымдарын қашықтықтан басқару тетігін жетілдіру.

Сақтандыру рыногы

Сақтандыру рыногын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру к ө з д е л у д е .

Ұлттық сақтандыру индустриясын сақтандырудың рөлі мен орнын мемлекеттің, азаматтардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүддесін қаржылық, әлеуметтік және өзге де тәуекелдерден қорғаудың тиімді тетігі және ұзақ мерзімді ішкі инвестициялардың сенімді көзі ретінде нығайтуға бағытталған реформалауды одан әрі жүргізу Бағдарламаның басты мақсаты болып табылады.

Бұл Бағдарламаны іске асыру үшін мынадай бағдарламалық мақсаттарға қол ж е т к і з у қ а ж е т :

сақтандыру саласындағы құрылымдық реформаларды тереңдету жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру (сақтандыру рыногының жекелеген сегменттері д ең г е й і н д е) ;

сақтандыру қызметтерінің отандық рыногының сенімділік, бәсекеге қабілеттілік және тиімділік деңгейін арттыру;

халықтың сақтандыру мәдениетін арттыру бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру.

Бұл Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу мынадай міндеттерді шешуді к ө з д е й д і :

сақтандырудың ұзақ мерзімді және жинақтаушы түрлерін дамытуды ынталандыру жолымен азаматтардың әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыру;

міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және міндетті сақтандыру жүйесінің тиімділігін арттыру;

сақтандыру мақсаттарын, сақтандыру заңдарын, сақтандыру саласында жүргізіліп жатқан реформаларды насихаттау және түсіндіру жөніндегі жұмыстарды күшейту, сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқығын қорғауға және халықтың сақтандыру мәдениеті деңгейін арттыруға бағытталған өзге де шараларды жүзеге асыру ;

сақтандыру ісін ақпараттандыру және автоматтандыру саласында жаңа технологияларды енгізуге жәрдемдесу;

қаржы рыногын бірыңғай қадағалауға көшуді есепке ала отырып, сақтандыру қызметін қадағалау және реттеу жүйесін ұйымдастыру;

сақтандыру саласындағы мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру; қазіргі заманғы үрдістерді және рынок дамуының сұраныстарын ескере отырып,

сақтандыру және сақтандыру қызметі мәселелері бойынша жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бұрын қабылданғандарды жетілдіру;
сақтандыру рыногының толыққанды инфрақұрылымын қалыптастыру, оған қатысушылар шеңбері мен олардың қызмет ету саласын неғұрлым нақты айқындау;
сақтандыру операциялары мен сақтандыру қызметіне салық салу режимін жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру.

Бағалы қағаздар рыногы

Бағалы қағаздар рыногын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар рыногын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын қабылдау көзделуде, бұл бағдарлама мынадай бағыттарды қамтиды:

И н в е с т о р л а р ғ а қ а т ы с т ы :

халықаралық практиканы ескере отырып, қаржы рыногындағы инвесторларға салық салуды оңтайландыру, соның ішінде инвестициялық қорлар мен олардың салымшыларына (акционерлерге) қосарлы салық салуды болдырмау мақсатында салық заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

"Инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 576 Заңын іске асыру мақсатында заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

сақтандыру ұйымдарының зейнеткерлік аннуитеттерді беруін ынталандыру жөніндегі шараларды іске асыру;

инвесторлардың, соның ішінде зейнетақы жинақтары/төлемдері салымшыларының/алушыларының құқықтары мен мүддесін қорғау жүйесін жетілдіру;

инсайдерлік мәмілелер ұғымын айқындайтын заң актілеріне өзгерістер және қаржы рыногына инвесторлардың құқығын қорғаудың тиісті жүйесін әзірлеу;

әкімшілік-процессуалдық және қылмыстық кодекстерге қаржы рыногына қатысушылардың құқығын қорғау жүйесін жетілдіру бөлігінде өзгерістер енгізу.

Бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты:

инвесторлар және басқа да мүдделі тұлғалар алдында бағалы қағаздар эмитенті ұйымдарының, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногына басқа да қатысушылардың қызметі туралы ақпаратты ашу тәртібін жетілдіру;

бағалы қағаздар эмитенттерін есептілікті электронды нысанда беруін және оны инвесторлар мен басқа да мүдделі тұлғалар алдында орталықтандырылған түрде ашуды қ а м т а м а с ы з е т у ;

акционерлік қоғамдардың заңды тұлғалар ретінде мемлекеттік тіркелу тәртібін оң т а й л а н д ы р у ;

екінші эшелондағы "көк фишкаларды" өз акцияларын "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың ресми тізіміне енгізуге міндеттеу.

Бағалы қағаздар рыногының инфрақұрылымына қатысты:

бағалы қағаздар рыногының лицензиаттарын капиталдандыруға және олардың ұйымдық-құқықтық нысандарына қойылатын талаптарды оңтайландыру мақсатында қ а й т а қ а р а у ;

сауда ұйымдастырушыларының, тіркеушілердің және бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушылардың ақпараттың резервтік көшірмесін алуы мен оны сақтау жүйесіне қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р д ы б е л г і л е у ;

өзін өзі реттейтін ұйымдармен бірлесіп бағалы қағаздар рыногының лицензиаттарын бағдарламалық қамтамасыз етуді бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуге және сертификаттауға қойылатын талаптарды әзірлеу;

бағалы қағаздар рыногы лицензиаттарының есептілік беру кезінде электрондық құжаттар мен электрондық қолтаңбаны қолдану мүмкіндігін қарастыру;

талдауды жүзеге асыру және бағалы қағаздар рыногындағы трансфер-агенттердің дамуына тосқауыл болатын кедергілерді алып тастау;

бағалы қағаздар рыногы лицензиаттарының жекелеген тәуекелдерін міндетті с а қ т а н д ы р у ы н б е л г і л е у .

Бағалы қағаздар рыногын дамыту үшін өз кезегінде жоспарланып отырған кезеңге инфляция болжамдарына негізделе отырып құрылған пайыздық ставкалардың келісілген жүйе бойынша жасалған әзірлемелерді қамтитын барлық жоспарланып отырған кезеңге бюджет тапшылығының болжамды серпініне негізделе отырып, эмиссиялардың болжамды кестесі бойынша және сурооблигациялар бойынша қызмет көрсетуге арналған шығындарды бағалау бойынша өтеуді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын шығарудың орта мерзімді кезеңге арналған болжамды схемасын әзірлеген жөн.

Талап ету құқықтары мен қаржыландыруды оқшауланған тәуекелдерге беруді ұсынатын қаржыландыру тәсілдерін дамыту үшін қаржыландырудың жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру сияқты құрылымдық нысандарының әлеуетін дамыту және іске асыру үшін жағдайлар жасалады, "Секьюритилендіру туралы" заң жобасы әзірленеді.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

Жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі жетілдіру үшін мынадай бағыттар б о й ы н ш а ж ұ м ы с ж о с п а р л а н у д а :

жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшыларға/алушыларға нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары туралы инфляцияға түзетілген мәліметтерді беру міндеттерін белгілей отырып, зейнетақы жарналарын/төлемдерін салымшыларға/алушыларға жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарының мөлшері туралы (жыл сайынғы негізде, зейнетақы жинақтарын аудару және зейнетақы төлемдерін

тағайындау кезінде) хабардар ету жүйесін жетілдіру.

Бұл шара салымшылардың/алушылардың зейнетақы активтерін басқарушы зейнетақы қорының немесе кастодианның белгіленген тәртіппен инвестициялық кірістің шығындарын қалпына келтіру талабы бойынша объективті шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

"бір салымшы - бір қор" жүйесін дамыту, салымшылардың агенттерге зейнетақы шарттарын міндетті түрде ұсынуын алып тастау және жинақтаушы зейнетақы қорларына агенттерден түскен зейнетақы жарналарын атаулы жіберу жөніндегі жауапкершілікті Зейнетақы төлемдері жөніндегі мемлекеттік орталыққа жүктеу жолымен зейнетақы жарналарын агенттердің уақтылы аударуын және қызметкерлердің жинақтаушы зейнетақы қорларын таңдауына олардың ықпал етуін болдырмауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген міндетті зейнетақы жарналарының сақталуы бойынша мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау. Бұл үшін мемлекеттің міндетті зейнетақы жарналарын қайтару мөлшерлерін Мемлекеттік бюджетте болжауды және жоспарлауды жүзеге асыру.

5.2. Фискалдық саясат

5.2.1. Салық саясаты

Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру және салықтық әкімшілендіруді одан әрі жетілдіру мақсатында салық саясатының негізгі бағыттары болып мыналар көзделеді:

жоғары технологиялық және экспортқа бағдарланған өндірістерді салықтық ынталандыру;

отандық шикізатты терең өңдеу жөніндегі өндірістерді дамытуды ынталандыру; салық төлеушілер үшін қашықтық және ақпараттық сервис әдістерінің көмегімен салықтық әкімшілендіру процесстерін одан әрі жетілдіру және дамыту; салықтық есептіліктің талдау және камералтдығы тәсілдері мен әдістерін дамыту; ақпараттық қызметтерді біріктіру, мемлекеттік органдармен ақпараттық өзара іс-қимылдың тиімділігін жетілдіру және арттыру.

5.2.2. Бюджет саясаты

Бюджет саясаты мемлекеттің экономикалық саясатының аса маңызды құрамы ретінде 2004 жылы Бюджет кодексінің қабылдануына байланысты жаңа бюджеттік заңнамалар жағдайларында қалыптасатын болады.

Бюджет саясаты Мемлекет басшысы және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ұзақ мерзімді және орта мерзімді стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда айқындалған басымдықтарға сәйкес құрылатын болады.

Орта мерзімді перспективада бюджет саясатының негізгі мақсаттары тұрақты

экономикалық дамуды қолдау, азаматтардың әл-ауқатын жақсарту, бюджетті жоспарлау және атқару сапасын, сондай-ақ мемлекеттік шығыстардың тиімділігін арттырады.

Орта мерзімді кезеңде бюджет саясатының мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешуге ықпал ететін болады:

бюджет процесін Бюджет кодексіне сәйкес ұйымдастыру; макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және көлеңкелі экономиканың үлесін азайту;

бюджет жүйесінің сыртқы экономикалық конъюнктураға тәуелділігін азайту; орта мерзімді бюджеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру; бюджеттерді жоспарлау және атқару сапасын арттыру; бюджетті жоспарлаудың бағдарламалық-мақсатты әдісін жетілдіру; мемлекеттік шығыстардың тиімділігін және нәтижелілігін арттыру; бюджетаралық қатынастарды жетілдіру; мемлекеттік меншікті басқару жүйесін жетілдіру;

ЖІӨ-ге қатысты мемлекеттік борышты қысқарту, оның құрылымын оңтайландыру, мемлекеттік бюджет тапшылығын біртіндеп қысқарту.

2005 жылдан бастап Бюджет кодексінің нормаларын іске асыру қаражаттарды жұмсаудың тиімділігін арттыруды; бюджет шығыстарының үлкен айқындылығына қол жеткізуді; бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын мемлекеттік қаржылық бақылаудың рөлін күшейтуді; инвестициялық жобаларды, оның ішінде бюджет қаражатының есебінен іске асырылатындарды дайындау, қарау, іріктеу процесін ретке келтіруді; әрбір басқару деңгейінің бюджет ресурстарын бөлудегі дербестен күшейтуді;

мемлекеттік сатып алу тетігін одан әрі жетілдіруді көздейтін бюджет шығыстарын басқарудың сапалы жаңа деңгейіне көшуді қамтамасыз етеді.

Нормативтік құқықтық актілердің нормаларын Бюджет кодексінің нормаларына келтіру және Бюджет кодексін іске асыруға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады.

Макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуде фискалдық саясат маңызды рөлге ие болады. Фискалдық саясат орта мерзімді перспективаға бағдарланған болуы, мемлекеттің орта мерзімді және ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкес басымдықтарды көрсетуі, барлық бюджет деңгейлерін қалыптастыру шарттарының болжамдылығын, бюджет процесінің сабақтастығын және бюджеттік тәртіпті арттыруды қамтамасыз етуі тиіс.

Орта мерзімді бюджеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру мақсатында бюджет жүйесінің барлық деңгейлерінде жыл сайын алдағы үш жылдық кезеңге арналған фискалдық саясатты әзірлеу көзделуде.

Орта мерзімді фискалдық саясат - елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының,

жүргізіліп жатқан ақша-кредит саясатының, инвестициялық және валюталық саясаттың негізгі бағыттарын ескере отырып жасалған, алдағы үш жылдық кезеңге арналған салық-бюджет саясатын айқындайтын құжат болып табылады.

Алдағы кезеңде денсаулық сақтауды реформалау мен дамыту, білім беруді дамыту, әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету, индустриялық-инновациялық даму, аграрлық секторды және инфрақұрылымды дамыту, жаңа тұрғын үй саясатын іске асыру Астана қаласын дамыту бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттары болып т а б ы л а д ы .

Бюджет кодексіне сәйкес бюджетті жоспарлау және атқару кезінде нақты нормалар - қажетті материалдық және материалдық емес игіліктерді тұтынудың ең төменгі заттай көрсеткіштері қолданылатын болады. Мемлекеттік органдардың топтары бойынша бір жұмыскерге жұмсалатын ағымдағы шығындардың орта есеппен алынған нормативтерін қолданудан бас тарту және бюджет шығыстарын нақты нормалар негізінде жоспарлауға көшу бюджетті жоспарлау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Бюджетті жоспарлаудың бағдарламалық-мақсатты әдісін жетілдіру мақсатында мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламаларды іске асырудың тиімділігі мен нәтижелілігін бағалауға ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Бағдарламаны одан әрі іске асырудың орындылығы туралы шешім мемлекеттік бағдарламалардың іс-шаралар жоспарының орындалуына; материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын пайдалану тиімділігін талдауға; елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың әсерін бағалауға негізделетін б о л а д ы .

Бюджетаралық қатынастар саясаты олардың ашықтығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ әрбір басқару деңгейінің дербестігін күшейтуге б а ғ ы т т а л а т ы н б о л а д ы .

Мемлекеттік басқарудың әрбір деңгейінің өкілеттіктерін іске асыру мақсатында Бюджет кодексінде олардың әрқайсына тұрақты кіріс көздері бекітіліп берілді.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасына негізделіп отырып, Бюджет кодексінде шығыстарды бюджет деңгейлері арасында бөлу бекітілген.

Белгілі бір мемлекеттік функцияларды орындау көзделген заң актілерінде шығыстық өкілеттіктерді бөлудегі жүйелілікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың құзыреті кейіннен оларға шығыстық өкілеттіктерді бекіте отырып, басқару деңгейлері бойынша айқындалатын болады.

Мемлекеттік басқарудың ауылдық деңгейін қаржы қаражатымен қамтамасыз ету ауылдық әкім аппаратын аудандық бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының қазынашылық органдарында шоты бар әкімшісі ретінде айқындау жолымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Жоғары тұрған органдардың төменгі бюджеттерге қосымша жүктеме белгілейтін

шешімдерді қабылдауы оларды тиісті қаржылық қамтамасыз ету жағдайында
қ а б ы л д а н у ы т и і с .

2005 жылдан бастап жалпы сипаттағы ресми трансферттерді үш жылдық кезеңге
бекітуге көшу жүзеге асырылады.

Алдағы кезеңде мемлекеттік меншікте басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған
шаралар кешені жүзеге асырылатын болады. Мемлекеттің белгілі бір салалар мен
нақты кәсіпорындарға қатысты мүдделері мен міндеттеріне негізделе отырып,
мемлекеттік меншік құрылымын оңтайландыру көзделуде.

2005 жылдан бастап Ұлттық қорға қаражат аударудың жаңа тетігі енгізіледі, оған
сәйкес негізінен Ұлттық қорды қалыптастыру көзі болып табылатын қаражат ресми
трансферттер сияқты тікелей республикалық және жергілікті бюджеттерден
а у д а р ы л а т ы н б о л а д ы .

Мемлекеттік кірістер мен шығыстар көлемдерінің табиғи ресурстарға әлемдік
бағалардың күрт әрі күтпеген өсуіне тәуелділігін азайту мақсатында мемлекеттік
бюджет пен Ұлттық қор арасындағы өзара қатынастар тетігін одан әрі жетілдіру
ұ й ғ а р ы л ы п о т ы р .

Ұлттық қордың активтерін тиімді басқаруға бағытталған саясат жүргізілетін болады

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің дер кезінде жүргізілуі мен олардың тиімділігі
жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Орта мерзімді кезеңде мемлекеттік қарыз алуды және борышты басқару саясаты
мемлекеттік борышты қауіпсіз деңгейде сақтауға ықпал ететін болады және оның
құрылымын оңтайландыру мен бюджет тұрақтылығын арттыруға бағытталады.

5.2.3. Мемлекеттік борышты және мемлекет кепілдік берген қарыз алуды басқару саласындағы саясат

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген
қарыз алу мен борыш саласындағы саясаты 2005-2007 жылдары мыналар екі негізгі
бағытта іске асырылатын болады:

ЖІӨ-ге пайыздық қатынаста үкіметі борыштың мөлшерін дәйекті қысқарту. Бұған
ЖІӨ-ге пайыздық қатынастағы республикалық бюджет тапшылығының мөлшерін
біртіндеп және тиісінше оны қаржыландыруды қысқарту нәтижесінде қол жеткізілетін
б о л а д ы ;

республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландырудың жалпы құрылымында
сыртқы қарыздардың есебінен республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру
үлесін қысқарту жолымен үкіметтік борыш құрылымында сыртқы борыштың үлесін
б і р т і н д е п а з а й т у .

Қазақстан Республикасының Үкіметі жүргізетін мемлекеттік және мемлекет

кепілдік берген қарыз алу мен борыш саласындағы саясат шеңберінде мынадай мәселелерді (бағыттар бойынша) шешу ұйғарылады:

Бюджет тапшылығы мен борыш өлшемдері:

жинақтау жөніндегі саясат шеңберінде үкіметтік борыштың ұтымды мөлшерін анықтау ;

ЖІӨ-ге пайыздық қатынастағы үкіметтік борыштың мөлшеріне негізделе отырып, республикалық бюджет тапшылығының өлшемдерін айқындау және орта мерзімді перспективада бюджет теңгерімділігіне қол жеткізу;

Ішкі қарыз алу :

жылдар мен қағаз түрлері - бойынша бөлісте мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының орта мерзімді кезеңге арналған болжамды схемасын жасау;

ішкі қарыздарды тарту мерзімдеріне қарай қарыз алудың түрлі құралдарын пайдалану ;

рыноктағы ахуалға қарай қарыз алудың жалпы көлеміндегі индекстелген және купондық міндеттемелер арасында оңтайлы ара қатынасты белгілеу жолымен пайыздық тәуекелдерді азайту ;

міндеттемелердің орындалмау тәуекелін азайту және негізінен орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығару жолымен қысқа және орта мерзімді перспективада үкіметтің ішкі борышын өтеу жөніндегі төлемдердің ең жоғары шегін төмендету .

Сыртқы қарыз алу :

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына , Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасына, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарына, тиісті орта мерзімді кезеңге арналған донор - халықаралық қаржы ұйымдарының елдік бағдарламаларына сәйкес, Қазақстан Республикасын дамытудың стратегиялық маңызды мәселелерін шешуге бағытталған инвестициялық жобаларды қаржыландыруға сыртқы қарыздарды тарту ;

экономиканың басым салаларында сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын жаңа инвестициялық жобаларды дайындау, оның ішінде:

ауыл, су және орман шаруашылықтарында;

жол саласында ;

өндірістік инфрақұрылымды дамыту;

астананы одан әрі дамыту ;

жаңа жобаларды іріктеуге қойылатын талаптарды күшейту және Қазақстанның Даму Банкінің өтемдік негізде қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың банктік сараптамасын жүзеге асыруы;

республикалық инвестициялық жобалар тізбесіне енгізілетін жобалардың

дайындалу сапасы мен сараптамасын жақсартатын қарыз қаражатын тиімді пайдалану;

Үкіметтің бірлесіп қаржыландыру үлесін бір мезгілде ұлғайта отырып, донорлардың сатып алу рәсімдері бойынша шектеулерді жұмсарту шартымен инвестициялық жобаларды қаржыландыруға сыртқы қарыздарды тарту;

теңгенің айырбас бағамы өзгерген жағдайда теріс салдарды азайту мақсатында қарыздардың валюталары жөніндегі Үкіметтің сыртқы қарыздарының портфелін ә р т а р а п т а н д ы р у .

Борышты өтеу және оған қызмет көрсету: неғұрлым қымбат қызмет көрсетілетін үкіметтік қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу жолымен үкіметтік борышты белсенді басқару;

жергілікті атқарушы органдардың мерзімі өткен борыш міндеттемелерін өтеу және реттелмеген борыш міндеттемелері проблемаларын жедел шешу жөнінде белсенді ш а р а л а р қ а б ы л д а у ы ;

фискалдық тәуекелдердің - АҚШ долларына қатысты теңге бағамының өзгеруін, шетелдік валюталардың кросс бағамдарының, пайыздық ставкалардың, әлемдік бағалар конъюнктурасының болу салдарларын төмендету бойынша оларды болжамдау.

5.3. Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру

Жақын арадағы жылдары мемлекеттік меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясат мемлекеттік меншікті мақсатты және тиімді пайдалануға арналған бақылау жүйесін жетілдіру жолымен экономиканың стратегиялық маңызды салаларының дамуын реттеу мақсатында мемлекеттік мүлікті басқарудың одан әрі тиімділігін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті есепке алу жүйесін жетілдіруге бағытталатын б о л а д ы .

Мемлекеттік меншікті басқару саласында мыналар басым міндеттер болып т а б ы л а д ы :

мемлекеттік мүлікте пайдаланудан алынатын салыққа жатпайтын түсімдер есебінен мемлекеттік бюджеттің кірістерін арттыру;

мемлекеттің қатысуымен мемлекеттік кәсіпорындар мен заңды тұлғалардың қаржы-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту;

қызметін экономиканың стратегиялық салаларында жүзеге асырушы кәсіпорындарды мемлекеттік бақылауды күшейту, ірі жүйе құраушы компанияларды құру және әлемдік рыноктарға шығару;

мемлекеттің белгілі бір салалар мен нақты кәсіпорындарға қатысты мүдделері мен міндеттеріне негізделе отырып, мемлекеттік меншік құрылымын (құрамын) о ң т а й л а н д ы р у .

2005-2007 жылдары мемлекеттік кәсіпорындардың, республикалық, сондай-ақ коммуналдық меншік бойынша мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғамдардың (

серіктестіктердің) қаржылық көрсеткіштердің бірыңғай деректер базасын құру жөніндегі жұмыс жанданады. Мемлекеттік кәсіпорындардың, жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалардың тізілімін жүргізуге уәкілеттік берілген, республикалық және коммуналдық меншіктің мемлекеттік мүлкін есепке алу жөніндегі органдардың арасындағы нақты өзара байланысты айқындау мемлекеттік кәсіпорындардың, акциялар пакеті (қатысу үлесі) мемлекеттік меншіктегі акционерлік қоғамдардың (серіктестіктердің) қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің жүйелі мониторингін, олардың қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ мемлекеттік меншіктегі барлық объектілерін толық және дұрыс есепке алу мақсатында қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Экономикалық негізделген дивидендтік саясатты әзірлеу мақсатында акцияларының бақылау пакеті мемлекетке жататын мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарларын талдау және бақылау, инвестициялық бағдарламаларын жоспарлау және іске асыру жөнінде жұмыс жалғастырылатын болады.

Мемлекеттік меншікті пайдаланудан түсетін салыққа жатпайтын түсімдердің (акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтердің, мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін, жалға беруден алынатын кірістердің) уақтылы, толық есептелуі мен аударылуын бақылау тетігі жетілдірілетін болады.

Алдағы кезеңде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, пайдаланылмайтын немесе өз мақсатында пайдаланылмайтын, сондай-ақ қожасы жоқ мүлікте анықтау мақсатында мемлекеттік меншік объектілерін түгендеу жалғасады. Мемлекет мүддесіне байланысты мұндай пайдаланылмайтын, сондай-ақ қожасы жоқ объектілер жекешелендірілетін болады немесе жалға, сенімгерлік басқаруға, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне меншікке өтемсіз беру құқығымен берілетін болады.

"Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Заңды іске асыру тетігін пысықтау тұр.

Заң нормалары меншік нысанына қарамастан, экономиканың стратегиялық салаларындағы аса ірі кәсіпорындарды кешенді зерттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өндірістің серпіні мен құрылымы, кәсіпорынның қаржылық және экономикалық жай-күйі, негізгі құралдардың жай-күйі, өндіріске озық технологияларды енгізу, инвестициялық қызмет, табиғи және еңбек ресурстарын ұтымды пайдалану, мемлекеттік органдармен жасалған шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы, сондай-ақ кәсіпорынның жұмыс істеуі мен мәртебесіне жататын өзге де құқықтық мәселелер зерттелуі тиіс, бұл сайып келгенде, мониторинг объектілері қызметінің саланың, өңірдің, тұтастай республиканың дамуына әсерін болжауға, мониторинг объектілері қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлеуге және мемлекет пен жеке меншік иелері мүдделерінің

теңгеріміне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік активтерді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарына сәйкес мемлекет активтері мен міндеттемелерінің теңгерімін жасау әдістемесі әзірленетін болады.

Бюджет кодексіне сәйкес республика меншігіндегі және тау-кен өндіруші және өңдеуші салаларға жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түскен түсімдер Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын толықтыруды қамтамасыз ететін болады.

Жекешелендіру мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясаттың құрылымдық бөлшегі ретінде мемлекеттің белгілі бір салалар мен нақты кәсіпорындарға қатысты мүдделеріне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Құрылымдық-институционалдық реформаларды тереңдету

6.1. Қазақстан Республикасындағы көлеңкелі экономиканы азайту жөніндегі негізгі бағыттар

Қазақстан Республикасындағы қадағаланбайтын экономиканың ауқымын қысқартуға ықпал ететін жағдайлар жасау.

Қадағаланбайтын экономика көлемін анықтау және қысқарту жөніндегі негізгі экономикалық және әкімшілік шаралар мыналар:

кедейшілік пен жұмыссыздық деңгейін азайту, орта тапты қалыптастыру; заңнамаларды жетілдіру (реттеудің принциптері мен әдістерін жақсарту, есепке алу, бақылау, қадағалау және т.б.);

транспаренттік әкімшілік жүйе құру ("Электрондық Үкімет" бірыңғай ақпараттық жүйесін енгізу);

экономиканы ырықтандыру;

экономикалық қызметтің ретке келтірілуін азайту (тіркеу және лицензиялау тәртібін оңайлату, кедергілерді алып тастау және т.б.);

мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметтің ашықтығын арттыру; статистикалық есепке алу жүйесін кеңейту;

мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қамтамасыз етілуі мен қорғалуын арттыру; заңсыз қызметке, соның ішінде заңсыз және күдікті мәмілелерге, құйтырқыларға, операцияларға қарсы әрекет ету жөніндегі халықаралық конвенцияларды, келісімдерді, шарттарды біріктіру және бекіту;

салықтық әкімшілендіруді жетілдіру.

Елдегі көлеңкелі экономика көлемін азайту жөніндегі іс-шаралар кешенін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар кешеніне қосу көзделуде.

Көлеңкелі экономика көлемін азайту жөніндегі жұмыс мерзімдері жағынан шектелмеуі тиіс және тұрақты сипатта болуы тиіс.

Өз қызметін елдің қадағаланбайтын экономикасы секторында жүзеге асырушы кәсіпкерлікті заңдастыруды ынталандыру жөніндегі экономикалық және әкімшілік шаралар жүйесін әзірленетін орта мерзімді жоспарда, басқа жоспарлы және бағдарламалық құжаттарда ескеру қажет.

7. Бәсекелестікті қорғау және дамыту, табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу

7.1. Бәсекелестікті қорғау және дамыту

Ашық бәсекелестік қатынастары, рынок субъектілерінің өз қызметтерін сұраныс пен ұсыныстың қалыптасып отырған теңгерімінің ықпалымен жүзеге асуы рыноктық экономиканың жұмыс істеуінің негізі. Осыған байланысты елдегі бәсекелестік саясаттың негізгі мақсаттары кәсіпкерлік бостандығын қамтамасыз ету, тұтынушылардың заңды құқықтарын қорғау және тауар рыноктарының тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін алдағы кезеңде монополияға қарсы заңдардың ықтимал бұзылуы тұрғысынан неғұрлым көп қауіп тудыратын рынок субъектілері мониторингі жүйесі енгізіледі.

Қазіргі уақытта бәсекелестікті қорғау мәселелерін реттейтін құқық нормаларын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру жөніндегі жұмыс жүргізіліп жатыр. "Бәсекелестік және монополиялық қызметті шектеу туралы" Заңның жаңа редакциясы негізінде бәсекелестікті қорғау саласында нормативтік құқықтық және әдіснамалық базаны жетілдіру мақсатында:

Халықаралық бәсекелестік желісі (бәсекелестікті қорғау жөніндегі органдарды біріктіретін халықаралық ұйым) қабылдаған ұсынымдарға сай келетін заң актілерін әзірлеу және қабылдау;

монополиялық қызметтің (бәсекеге қарсы келісімдер мен іс-әрекеттер, үстем жағдайды асыра пайдалану) алдын алуды көздейтін есептіліктің жаңа нысандарын әзірлеу;

республиканың тауар рыноктарындағы бәсеке жағдайын талдауды, бағалауды және экономикалық шоғырланған тауар рыногында бір немесе бірнеше рынок субъектілерінің үстем (монополиялық) жағдайын белгілеуді жүргізу жөнінде тиісті әдістемелік ұсынымдар әзірлеу жүзеге асырылады.

Бәсекені адвокаттандыру (бәсекелі рыноктарда бәсекелі қатынастарды дамыту) жөнінде ұсыныстар (ұсынымдар) тұжырымдалады.

Бұдан басқа, рыноктардың әлеуметтік маңыздылығына қарай, не қайта реттеу

мүмкіндігі жөнінде ұсыныстар тұжырымдау мақсатында талдау жүргізу қажет экономика үшін мультипликативтік тиімділігіне негізделі отырып, мемлекет тарапынан араласуды азайту мақсатында тиісті тауар рыноктарында бәсекелік қатынастарды дамытуға мүмкіндік беретін рыноктар айқындалады.

Сонымен қатар, рынок субъектілерінің үстем жағдайды асыра пайдалануының, рынок субъектілерінің монополиялық бағаларды белгілеу жөніндегі сыбайласуының жолын кесу, басқа субъектілерді рыноктан шеттету және олардың рынокқа кіруін шектеу, рынок субъектілерінің шаруашылық қызметіне мемлекеттік органдардың негізсіз араласуының жолын кесу мәселелері бойынша мемлекеттік бақылауды күшейту қажет.

Кәсіпкерлік бостандығы мен тұтынушылар құқықтарын қорғаудың қоғамдық жүйесін нығайту, бәсеке мәдениетін арттыру басым мәнге ие болады.

7.2. Табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу

Табиғи монополиялардың қызметін реттеуді жетілдірудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын, сондай-ақ "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін іске асыру шеңберінде орта мерзімді кезеңде тариф саясатының негізгі міндеттері болып:

экономиканың тиісті секторларын қайта құрылымдау бағдарламаларының шеңберінде табиғи монополияға жататын қызмет түрлерін нақтылау;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау әдістерін, соның ішінде:

табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік сметаларды орындауын талдау;

тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) инвестициялық және шекті деңгейін бекіту әдістемесін әзірлеу;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін техникалық және қаржылық сараптауды жүргізу талаптары мен ережелерін белгілеу;

табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызмет (тауарлар, жұмыстар) түрлері бойынша кірістерінің, шығындарының және тартылған активтерінің бөлек есебін енгізу жөніндегі есепті мәліметтерін талдау;

табиғи монополиялар субъектілері жүзеге асыратын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуды бақылауды күшейту;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерге қосылатын амортизациялық шегерімдердің мақсатты пайдаланылуын бақылау;

инвестициялық бағдарламаларды бағалау әдістерін енгізу;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын)

тұтынушылардың құқығын, соның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктерді (үкіметтік емес ұйымдарды) тарта отырып, табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтері (бағалары, алым ставкалары) жобаларын қарау кезінде міндетті түрде бұқаралық тыңдаулар жүргізу арқылы кеңейту жолымен ж е т і л д і р у ;

табиғи монополияның барлық салаларында табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызмет (тауарлар, жұмыстар) түрлері бойынша кірістерінің, шығындарының және тартылған активтерінің бөлек есебі ережесін әзірлеу және енгізу;

табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерін (бағаларын, алым ставкаларын) есептеудің тұжырымдамалық ұстанымдары мен неғұрлым оңтайлы (қолайлы) әдіснамасын айқындау;

ұсынылатын қызметтер (тауарлар, жұмыстар) сапасының көрсеткіштеріне қарай тарифті (бағаны, алым ставкаларын) айқындау тәртібін әзірлеу және белгілеу;

табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтерге (тауарларға жұмыстарға) тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) есептеу аспаптарын сатып алуға және орнатуға жұмсаған шығындарын қосу тәртібін айқындау;

табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тұтынушылардың тең қол жетімділігі тәртібін бекіту табылады.

2003 жылы тартылған активтердің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу әдісі енгізіле басталды. Бұдан басқа, табиғи монополиялардың электр және жылу энергетикасы саласында қызметтер көрсететін бірнеше субъектісі орта мерзімді тарифтер бойынша жұмысқа ауысты. Осыған байланысты аталған субъектілердің қызметіне талдау жүргізіледі, сондай-ақ табиғи монополиялардың барлық салаларында тариф құрудың орта және ұзақ мерзімді әдістемесіне іс жүзінде көшу аяқталады.

8. Сауда және сыртқы экономикалық қызмет

8.1. Сыртқы сауда саясаты

Сыртқы сауда саясаты орта мерзімді кезеңде сыртқы сауда режимін ырықтандыруды қамтамасыз етуге, өзара саудадағы кедергілерді жоюға, қазақстандық экспорттаушылардың шетелдік рыноктарға кіруі үшін оңтайлы жағдайлар жасауға б а ғ ы т т а л а т ы н б о л а д ы .

2005-2007 жылдар кезеңіне арналған алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін сыртқы экономикалық саясаттың басым бағыттары:

өңірлік экономикалық бірлестіктердің (ТМД, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ЭЫҰ, және ОАЫ) шеңберінде экономикалық бастамаларды жылжыту;

экспортты саралау және қосылған құны жоғары өнімнің үлесін экспорттың жалпы көлемінде ұ л ғ а й т у ;

кредит беру тетіктерін қалыптастыру және қосылған құны жоғары өнім экспортын сақтандыру ;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, сауда өкілдіктерінің, сауда-өнеркәсіптік палаталарының белсенді өзара іс-қимылы нәтижесінде сауда дауларын болдырмаудың және реттеудің тетіктері мен жүйесін жетілдіру;

талдау жүргізу және қорытынды дайындау жолымен отандық өндірушілерді тауарлар импортынан қорғауға бағытталған қажетті жұмысты жүргізу;

уәкілетті органдармен және мүдделі кәсіпорындармен консультациялар жүргізу жолымен қазақстандық тауарларға қатысты шетелдік мемлекеттер бастамашы болған демпингке қарсы талқылауларды реттеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

Қазақстанның ДСҰ-ға кіру процесін аяқтау және Қазақстанның сыртқы саудадағы мүддесін кемсітудің алдын алу үшін аталған ұйымның тетіктерін белсенді қолдану бо л ы п т а б ы л а д ы .

Әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді перспективасында сыртқы сауда қызметі ауқымындағы өндірісті дамыту мәселелерін қарай келіп, экспортқа бағытталған және импорттың орнын басатын секторларды қорғаудың мынадай негізгі бағыттары н ұ с ы н а м ы з :

қолданыстағы заңдар базасында шаралар қолдану:

негізгі міндеті саяси және жүйелі тәуекелдерді сақтандыру және қайта сақтандыру жолымен қазақстандық өндірушілердің тауарлары мен қызметтерінің экспортына жәрдемдесу болып табылатын "Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" АҚ-ның қызметін жа н д а н д ы р у ;

экспорттық қызмет саласындағы бірлескен іс-әрекеттерді үйлестіру деңгейін жақсартумен бірыңғай мемлекеттік сауда саясатын жүргізудің тиімділігін арттыру.

Бүгінгі күні "Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" заң жобасы бойынша және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Сарапшылар кеңесін құру жөнінде жұмыстар жү р г і з і л і п ж а т ы р .

Бұдан басқа, елдердің сыртқы экономикалық қызметі өкілдері арасындағы сауда-экономикалық байланысты кеңейту қажеттігі бар. Бүгінгі күні бұл Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда Өкілдігінің (бұдан әрі - Өкілдік) қызметімен іске асырылуда. Өкілдік қызметінің шеңберінде Индустрия және сауда министрлігінің бастамаларының бірі жақын арадағы перспективада ресей рыногында жұмыс істейтін қазақстандық компаниялардың бизнес-клубын құру мүмкіндігі болып табылады. Өйткені көпжақты іскерлік байланыстарды жандандыру мақсатында осындай көмекші құрылымдарды құру бизнес қауымында жағымды қабылдануда.

9. Адами капиталды дамыту

9.1. Білім беруді дамыту және жоғары білімді мамандарды даярлау

Білім беру саласындағы негізгі міндеттер:

барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының жұмыс істеуінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;

12 жылдық білім беруге көшу үшін нормативтік құқықтық және ұйымдық жағдайлар жасау;

"Білім беру" мемлекеттік бағдарламасын, " Ауыл мектебі " салалық бағдарламаларын іске асыру;

оқыту сапасының өлшемдері мен оқушылардың білімі мен педагогтардың қызметін бағалаудың өлшемдері жүйесін енгізу, білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту, білім беру қызметтер көрсетуін таңдау құқығын беру;

білім сапасын тәуелсіз бағалау жүйесін жетілдіру, оның ішінде бірыңғай ұлттық тестілеу жүйесін және жоғары оқу орындарында білім алушыларды аралық аттестаттауды енгізу.

Жалпы орта білім беру жүйесін дамыту мынадай бағыттарда жүзеге асырылады:

базистік оқу жоспарларының және білім берудің тиісті деңгейлері үшін экологиялық, экономикалық, азаматтық білім беруді, оқудың барлық сатылары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, бірінші кезекте, мемлекеттік тілде бірдей даярлауды ескеретін пәндік оқу бағдарламаларының жаңа түрлерін әзірлеу мен енгізу;

ауылдық жердегі білім берудің материалдық-техникалық базасын және кадрлық әлеуетін кезекпен нығайту;

білім беру ұйымдарының қолданыстағыларын сақтау және жаңа түрлері мен типтерін дамыту, әсіресе, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін, мамандандырылған білім беру ұйымдары желілерін дамыту;

ауылдық және шағын комплектілі мектептің тиімді моделін әзірлеу және кезең - кезеңмен енгізу;

оқу процесіне қашықтықтан оқыту әдістерін әзірлеу және енгізу; ауыл халқының білім беру қызметтерімен қамтамасыз етілу деңгейін теңестіру; мамандандырылған білім беру ұйымдары желісін дамыту және талантты және дарынды балаларды дамыту үшін жағдайлар жасау;

білім беру ұйымдарын қазіргі заманғы жабдықтармен және аспаптармен, компьютерлік техникамен жарақтандыру және 2005 жылға мектептердің кемінде 75%-ын Интернетке қосу;

білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды түгендеу және оларға сапалы сараптама жасау.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін одан әрі дамыту мақсатында іс-шаралар мынадай бағыттарда:

мамандарды даярлау жүйесін халықаралық талаптарға сәйкес жетілдіру;
жоғары білім мамандықтары бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарды әзірлеу және енгізу;
жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің (магистратура, докторантура) білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
педагогикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік тапсырысты 5 мың бірлікке ұлғайту;
магистратурада кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырысты ұлғайту;
ғылыми кадрлар (PhD докторлары) даярлау;
жастарға мемлекеттік білім гранттары мен мемлекеттік білім кредиттерін беру тетігін жетілдіру;
жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарды қатаңдату және олардың желілерін оңтайландыру жөнінде шаралар қабылдау;
студенттерді даярлаудағы, оқытушылардың біліктілігін арттырудағы және оларды қайта даярлаудағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу іске асырылатын болады.

9.2. Кәсіптік орта білімді мамандар мен жұмысшы кадрларды даярлау жүйесін дамыту

Кәсіптік орта білімді мамандар мен білікті жұмысшы кадрларды даярлау саласындағы негізгі міндеттер:
оқу орындарының оңтайлы желісін құру және өндірістің ең жаңа талаптарына сәйкес сапалы білім беруді қамтамасыз ету жолымен кәсіптік және техникалық білім беруді дамытудың концептуалдық жолдарын айқындау;
кәсіптік білім беруді және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының сұраныстарына сәйкес кадрларды даярлауды қаржыландыру жүйесін жетілдіру;
кәсіптік орта және бастауыш білім беретін оқу орындарының оқу-материалдық базасын жаңарту және дамыту;
орта және бастауыш кәсіптік білім берудің, ортадан кейінгі кәсіптік білім берудің, біріктірілген курстардың, оқытудың электрондық құралдарының арнайы пәндері бойынша оқулықтарды және оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу;
ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша мемлекеттік тапсырысты ұлғайту;
жаңа технологиялар мен ғылыми-техникалық прогресс жетістіктеріне сәйкес оқу орындарының инженер-педагог кадрларын отандық және шетелдік жұмыс берушілердің инвестициялары есебінен даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;
базалық колледждерде агроөнеркәсіптік кешен үшін мамандар даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі өңірлік орталықтар құру;

мамандар даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту болады.

Бұл бағыттарды іске асыру үшін:

кәсіптік орта және бастауыш білім, ортадан кейінгі кәсіптік білім беретін оқу орындарының оқу-материалдық базасын жаңарту және дамыту, кәсіптік орта және бастауыш білім берудің, ортадан кейінгі кәсіптік білім берудің, біріктірілген курстардың, оқытудың электрондық құралдарының арнайы пәндері бойынша оқулықтарды және оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу көзделеді.

Техникалық және кәсіптік білім, ортадан кейінгі кәсіптік білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарын әзірлеу.

Кәсіптік орта және бастауыш білім, ортадан кейінгі кәсіптік білім берудің мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу.

Кәсіптік бастауыш және орта білім беру саласында әлеуметтік әріптестікті жандандыру жөнінде шаралар қабылдау.

9.3. Ғылым мен инновацияларды дамыту

Ғылыми-техникалық және инновациялық саясаттың мақсаты ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану, теңдестірілген инновациялық-өндірістік инфрақұрылымды қалыптастыру және елдің жалпы ішкі өнімінде шикізат құрайтын бөлігі жоғары технологиялық экспорттық өнімге ауыстыру негізінде елдің экономикасын дамыту үшін қажетті жағдайлар мен қолайлы орта жасау болып т а б ы л а д ы .

Ғылым мен технологиялардың ілгерілеген бағыттарының қатарында көлік және коммуникация, биотехнология, электроника мен ақпараттық технология, жаңа материалдар, ядролық және ғарыштық технологиялар, басқарудың автоматтандырылған өндірістік модулдері және басқа салаларда ғылымды қажетсінетін ө н д і р і с қ ұ р ғ а н ж ө н .

Осыған байланысты бірінші кезектегі міндеттер:

республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының қажеттіліктеріне және әлемдік ғылымның дамуының үрдістеріне сәйкес іргелі зерттеулер бағдарламаларының басым бағыттарын қалыптастыру және іске асыру;

қолданбалы зерттеулердің экономиканың базалық салаларының қажеттіліктерін ғылыми-технологиялық қамтамасыз етуге бірінші кезекте бағытталуы, экспорттық әлеуетті және импорт алмастыруды арттыру;

ұлттық инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру;

ғылыми-техникалық саладағы және инновациялық қызметтегі халықаралық ын т ы м а қ т а с т ы қ т ы к е ң е й т у ;

өндірушілердің оларға берілген әртүрлі жеңілдіктер мен преференциялар арқылы

ғылыми жетістіктерді енгізуге мүдделілігін арттыру;
өңірлерде ғылымды дамыту жөнінде жүйелі шаралар қабылдау;
ғылым саласындағы шағын және орта кәсіпкерлікті, оның ішінде венчурлық бизнесті дамыту, осы үшін зейнетақы қорларының, жеке тұлғалардың және басқа да инвесторлардың қаражатын тарту;
ғылыми-технологиялық саланы ресурстық қамтамасыз ету, өнеркәсіп пен білім беруді біріктіру болып табылады.

Бюджеттің қаржылық қаражатын, кадрлық және ғылыми-техникалық әлеуетті ғылымның басты бағыттарына, бірінші кезекте - өндірісте тиімді дамыту, ел экономикасы нақты секторының мұқтаждарын қамтамасыз етуге республикада іске асырылатын ғылыми-техникалық және инновациялық бағдарламаларды пәрменді үйлестіруді қамтамасыз етуге жұмылдыру мақсатында ғылымды басқару жүйесін одан әрі жетілдіру қажет.

Күш-жігерді Қазақстанның бәсекеге қабілеті салаларына шоғырландыру қажет.

Орта мерзімді кезеңнің ерекше сипаты жаңалықтарға жедел ден қоятын икемді, ұтқыр технологиялар мен өндірістер құруға бағдар алу болуы тиіс. Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің негізгі бағыттары дамушы салаларға барынша бағдарлануы тиіс.

Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру, оларды шаруашылық айналымға енгізу, зияткерлік меншікті бағалау жүйесін қалыптастыру және ғылыми-техникалық өнімдер мен инновациялар рыногы үшін жағдай жасау қажет.

Ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландырудың ықтимал жолдарының бірі ғылыми-техникалық саладағы шағын кәсіпкерлікті дамыту болып табылады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей шағын инновациялық бизнестің қалыптасуы кезеңінде оған мемлекеттік қолдау көрсету қажет.

Қазақстанның стратегиялық мүдделерін негізге ала отырып, мыналарды жүзеге асыру қажет:

ғылымды қаржыландыруды кезең-кезеңімен ұлғайту;
экономиканың индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз ететін қолданбалы ғылыми зерттеулер мен тәжірибе-конструкторлық әзірлемелердің басым бағыттарының тізбесін қабылдау;

қазақстан экономикасының технологиялық артта қалуын еңсеру және құрылымдық жағынан қайта құру үшін бірінші дәрежелі маңызы бар ғылым салаларына мемлекеттік қолдау көрсету және ғылыми кадрлар даярлауды басымдықты түрде жүргізу;

оларға қызметінің бастапқы кезеңінде мемлекет тарапынан қаржылық және ұйымдастырушылық қолдау көрсету жолымен жоғары оқу орындарын, ғылыми-зерттеу ұйымдарын, өнеркәсіп орындарын біріктіретін, ғылымды өндіріспен біріктіретін өнеркәсіп пен білім берудің жаңа ұйымдастыру формаларын (технопарктер, технополистер, инновациялық орталықтар, технологиялық инкубаторлар, ғылыми-технологиялық аймақтар және т.б.) дамыту және қолдау;

жаңа әзірлемелерді өнеркәсіпте игеруге, технологиялық жабдықтарды жаңалауға әрі халықаралық стандарттар талаптарына сай өнімдер шығаруға ірі кәсіпорындардың мүдделілігін арттыру жөніндегі экономикалық және ұйымдастыру тетіктерін іске қосу;

зияткерлік меншікті қорғау, патенттерді пайдалану олар ғылыми зерттеулердің соңғы жетістіктерін пайдаланған кезде шетелдік және отандық инвесторлармен құқықтық қатынастар орнату саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

отандық және шетелдік қаржы институттарымен бірлесіп венчурлық инновациялық қорлар құру, инновациялық жобаларды венчурлық қаржыландыру тетіктерін әзірлеу ж ә н е і с к е а с ы р у ;

инновациялық сала үшін мамандар даярлау мақсатында республика жетекші университеттерінің және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының базасында инновациялық жобаларды басқару жөніндегі менеджерлер, инновациялық кәсіпорындар үшін инженерлік-техникалық мамандар даярлауға, сондай-ақ мамандарды қайта даярлауға бағдарланған кешенді білім беру бағдарламасын әзірлеу;

шетелдік озық технологияларды тарту жүйесін құру;

отандық ғылым мен технологиялар жетістіктерін жылжыту мақсатында технологиялар, менеджмент, жаңа тауарлар мен қызметтер көрсету және нақты сектордың ғылыми техникалық әзірлемелермен қамтамасыз ететін талдау саласындағы отандық әзірлемелердің деректер банкін жасау жөніндегі жұмысты жалғастыру.

9.4. Халықтың әл-ауқатын арттыру 9.4.1. Халықтың кірістері

Мемлекеттік табыс саясатының мақсаты еңбекақы төлеудің жалпы деңгейін көтеру, ең төменгі еңбекақы мөлшерін ұлғайту, зейнетақы және басқа да әлеуметтік төлемдер мөлшерін арттыру болып табылады. Аталған мақсатты іске асыру үшін мынадай м і н д е т т е р д і ш е ш у к ө з д е л е д і :

еңбек етуге көтермелеуді, кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыстарды арттыру; әрбір азаматтың экономикалық қызметтің әрбір түрінде еңбек етуіне мүмкіндік жасауды қамтамасыз ететін заңнамалық базаны жетілдіру;

мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер және қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлері болып табылмайтын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу ж ү й е с і н ж е т і л д і р у ;

азаматтар тұрмысының сандық әрі сапалық өлшемдерін көрсететін әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қызмет көрсету нормативтерін әзірлеу.

Еңбекақы төлеуді одан әрі арттыруға, ең төменгі еңбекақы мөлшерін көбейтуге, зейнетақы және әлеуметтік төлемдер мөлшерін арттыруға, әлеуметтік нормативтерді жетілдіруге бағытталған бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданады. Ең төменгі еңбекақы мөлшерінің өсуі зейнетақының ең төменгі мөлшерінің өсуінен озып

о т ы р а д ы .

Мемлекеттік қызметші болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Еңбек бойынша нормативтік база жасау (еңбек нормалары, қызметшілер лауазымдарының біліктілік сипаттамалары, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары) жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

9.4.2. Шағын кәсіпкерлікті дамыту және орташа тапты құру

Мақсат - шағын кәсіпкерлікті дамытуға, оның негізінде мемлекеттің жетекші тірегі және мемлекеттің негізгі тұрақтандырушы факторы - орташа тапты қалыптастыруға бағытталған институционалдық жағдайларды жетілдіру.

М ы н а л а р :

шағын кәсіпкерлік үшін салық ауыртпалығын жеңілдету;
лицензияланатын қызмет түрлерін және заңдарда көзделген басқа да рұқсат беру рәсімдерін қысқарту, сондай-ақ оларды беру тәртібін жеңілдету;
шағын кәсіпкерліктің кредит ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету;
шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес институттары қызметінің тиімділігін арттыру;
кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу жүйесін оңтайландыру негізгі міндеттер болып табылады .

Орта мерзімді кезеңге арналған негізгі бағыттары:

шағын кәсіпкерлікті салықтық әкімшіліктендіру жүйесін жетілдіру;
шағын кәсіпкерлікті қаржылық-кредиттік және инвестициялық қолдау жүйесін дамыту ;

шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын дамыту;
оқыту, шағын кәсіпкерлікті ақпараттық, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және насихаттау ;

нормативтік құқықтық базаны кәсіпкерлік мәселелері бойынша жүйелеу және жетілдіру болып табылатын Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын іске асыру жалғасады.

Жүргізілген зерттеулер негізінде шағын бизнеске салық салу, оны қаржылық қолдау жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған шаралар жүйесін әзірлеу, шағын бизнестің " көлеңкеден" шығуын ынталандыру, шағын бизнес саласындағы халықаралық сапа стандарттарын енгізу, инновациялық бизнесті дамыту, қысқарту, өңірлік деңгейге беру және оларды беру рәсімдерін жеңілдету арқылы лицензияланатын қызмет түрлерін оңтайландыру көзделуде .

Тауарлар мен қызметтердің ішкі рыногы өндірісі қуаттарды дамыту бөлігінде шетелдік капитал үшін айтарлықтай шағын әрі тартымдылығы жеткіліксіз екендігін ескере отырып, мемлекет қаржылық даму институттары арқылы басты инвестор болуға т и і с .

Осыған байланысты шағын бизнесті даму институттарымен біріктіру, атап айтқанда перспективалық инновациялық жобаларды қаржыландырудың тиімді тетіктерін әзірлеу қажет.

9.5. Кедейшілік пен жұмыссыздықты азайту

Кедейшілік пен жұмыссыздықты азайту саласындағы негізгі мақсат экономикалық өсу, жұмыспен қамтудың өнімділігі, еңбек рыногындағы белсенді саясат және халық табысын көбейту, кедейлердің денсаулық сақтау және білім беру қызметтеріне қол жетімділігін арттыру, әлеуметтік қорғаудың атаулылығын жақсарту және шешімдер қабылдауға қоғамдық институттарды тарта отырып, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Аталған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

елдің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету;

шағын бизнесті қоса алғанда кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

қосымша жұмыс орындарын құру, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және шағын кредит беру, жұмыссыздарды кәсіптік оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау есебінен еңбек рыногындағы белсенді шараларды одан әрі дамыту және ж е т і л д і р у ;

денсаулық сақтау, білім беру секторларындағы мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін әрі қол жетімділігін арттыру;

халықтың кедей және осал топтарының мүдделерінде атаулы әлеуметтік көмек көрсету тетіктерін жетілдіру;

елдегі кедейшілікті азайтуда мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру;

жұмыспен қамтудың белсенді нысандарын дамыту бағытында нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, ішкі еңбек рыногын қорғау, елдің еңбек ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;

еңбек рыногының икемділігін арттыру, мақсатты халық топтарына кіретін адамдарды тиімді қолдауды қамтамасыз ету;

азаматтардың еңбек және кәсіпкерлік бастамашылығын қолдау;

жұмыс орындарын құру мониторингі бойынша ақпараттық базаны жасау, республикаға шетелдік жұмыс күшін тарту кезінде қазақстандық азаматтарды даярлау ж ә н е қ а й т а д а я р л а у ;

еңбек қатынастарын заңдастыру, жұмыс орындарын құру және еңбек рыногында азаматтарды кәсіптік даярлауды арттыру;

халықты жұмыспен қамту саласындағы нормативтік құқықтық және әдістемелік базаны, халықты жұмыспен қамту саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, халықты жұмыспен қамту саласындағы ХЕҰ-ның негізгі конвенцияларын бекіту жөніндегі шараларды іске асыру;

еңбек рыногының негізгі көрсеткіштерінің тұрақты мониторингін, сондай-ақ орталық және жергілікті органдардың жұмысын жұмыссыздық проблемаларын шешу тұрғысынан бағалауды жүзеге асыру;

жұмыссыздық проблемалары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу; еңбек көші-қонын реттеу жолымен еңбек ресурстарының ұтқырлығын қамтамасыз ету.

Аталған проблеманы жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жолымен шешуге кешенді көзқарасты, базалық білім мен денсаулық сақтау қызметтеріне қол жетімділікті жақсарту, әлеуметтік көмектің атаулылығын арттыру және басқа да шараларды іске асыруды көздейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N 296 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жалғасады.

Бағдарлама шеңберінде халықтың әлеуметтік осал топтарын мемлекеттік қолдау жөнінде мынадай шаралар көзделген:

зейнетақы төлемдерінің мөлшерлерін жыл сайын ұлғайту және оларды уақтылы төлеу;

отбасының жан басына шаққандағы кірісіне байланысты атаулы әлеуметтік көмек көрсету;

жетім балаларды білім алуы және жұмысқа орналасуы үшін жағдайлармен қамтамасыз ету;

мүгедектерді қоғамға біріктіру, мемлекеттік тапсырыстарды жұмысшыларының көпшілігін мүгедектер құрайтын, мамандандырылған кәсіпорындарға орналастыру, протездік-ортопедиялық бұйымдарды шығаруды ұйымдастыру, жәрдемақыларды уақтылы төлеу.

Баланың тууына байланысты берілетін бір жолғы жәрдемақыны енгізуден басқа бір жасқа толғанға дейін бала күтіміне байланысты берілетін жәрдемақыны көздейтін балаларды қорғаудың тұтас жүйесін құру ұйғарылып отыр. Отбасының жан басына шаққандағы кірісіне байланысты балалар жәрдемақысын қосымша енгізу көзделуде.

Атаулы әлеуметтік көмек беру тетіктерін де, сондай-ақ кіріс деңгейін бағалау әдістемесін де жетілдіру жалғасатын болады. Еңбекке жарамды халыққа сондай-ақ қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру, қайта оқыту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу бағдарламалары арқылы да әлеуметтік көмек көрсетілетін болады.

2005 жылдан бастап әлеуметтік тәуекелдер туындаған: еңбек ету қабілетінен айрылған, асыраушысынан айрылған немесе жұмысынан айрылған жағдайға міндетті

әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізуді көздейтін "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізіледі.

Әлеуметтік нормативтерді: ең төменгі күнкөріс деңгейін, ең аз еңбекақыны, ең аз зейнетақыны айқындау әдістемесін одан әрі жетілдіру жоспарлануда. Әлеуметтік төлемдердің мөлшерлері мен өсуі нақты әлеуметтік-экономикалық табиғаты бар нормативке сүйене отырып есептелетін болады. Бірыңғай және тұрақты әлеуметтік нормативтер еңбекақыны да, әлеуметтік төлемдерді де кезең-кезеңмен арттырудың негізі болады.

Институционалдық көмектің дәстүрлі нысандары - қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйлерін ұстаумен қатар, белгілі бір тұрғылықты жері жоқ азаматтарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарын, әлеуметтік қонақүйлерді, аз қамтамасыз етілгендерге арналған асханаларды және т.б. ашу сияқты атаулы институционалдық көмек түрлерін де дамыту көзделіп отыр.

Мыналарды:

медициналық-әлеуметтік сараптама институтын одан әрі жетілдіруді;
протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру индустриясын дамытуды;
мүгедектерді оңалту және оларды қоғамға біріктіру үшін қолданылатын мамандандырылған әлеуметтік қызметтер саласын дамытуды көздейтін Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жалғасады.

Халықтың тұрған үй проблемалары, бірінші кезекте оны арзандату тұрғысында шешіледі. Осы саясатты іске асыру үшін 2005-2007 жылдар ішінде тұрғын үй салуға өзге көздерден басқа, 150 миллиард теңгеге жуық мемлекет қаражаты инвестицияланатын болады.

Еңбек заңнамасын одан әрі жетілдіру еңбекшілердің құқықтарын қорғауға, азаматтардың еңбек еркіндігіне конституциялық құқығын іске асыру үшін жағдайлар жасауға бағытталатын болады. Жеке және ұжымдық шарттар жасасу тетігін жетілдіру, қысқа мерзімді жеке еңбек шарттарын жасауды, нормадан тыс жұмыстарды, шектеу, еңбек жағдайларын жақсарту жөнінде шаралар қабылдау ұйғарылып отыр.

Гендерлік тең құқылылыққа қол жеткізу үшін әйелдердің еңбек жағдайларын жақсартуға бала туу функциясын және елдегі демографиялық ахуалды жақсартуды ескере отырып, олардың құқықтарын қорғауға бағытталған арнайы нормалардың негізі қаланыады.

Жастар мен халықтық әлеуметтік осал топтарының мүдделерін қорғау жөнінде шаралар қабылдау жоспарлануда.

Әлеуметтік әріптестіктің рөлі артып, аясы кеңейеді. Әлеуметтік диалог еңбек дауларының алдын алуға және оларды шешуге, сондай-ақ жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғау мәселелерін шешуде жәрдемдесуге бағытталатын болады.

2004 жылы Халықты жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы қабылданады.

9.6. Халықты әлеуметтік қамсыздандыру

Қаржылық тұрақтылық және мемлекет, жұмыс беруші мен жұмыскер арасында жауапкершілікті бөлу негізгі сипаты болып табылатын әлеуметтік қамсыздандырудың үш деңгейлі жүйесін құру.

Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу керек: мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды еуропалық стандарттарға кезең-кезеңмен жақындату;

негізгі әлеуметтік тәуекелдерді (еңбекке жарамсыздық, асыраушысынан айрылу, жұмысынан айрылу) әлеуметтік сақтандыруды дамыту;

әлеуметтік қызметтерге қол жетімділікті кеңейту және олардың сапасын арттыру; халықты әлеуметтік қамсыздандырумен қамту үшін жағдайлар жасау және әлеуметтік қамсыздандыру схемаларын жеке таңдау үшін мүмкіндіктер беру;

әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін институттарды одан әрі дамыту.

2005 жылы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері бірінші топтағы мүгедектерге 3 айлық есептік көрсеткішке (АЕК), екінші топтағы мүгедектерге 2,5 АЕК-ке, үшінші топтағы мүгедектерге 2 АЕК-ке, 16 жасқа дейінгі мүгедектерге 3 АЕК-ке және асыраушысынан айрылу жағдайына байланысты жәрдемақы бір айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылады.

"Қазақстан Республикасындағы арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңына Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары жәрдемақысының мөлшерін 15 АЕК-ке дейін ұлғайту жөнінде өзгерістер енгізіледі.

9.7. Денсаулық сақтау

Денсаулық сақтаудың орта мерзімді жоспарының мақсаты медициналық қызметтер сапасы мен қол жетімділігін жақсартуға бағытталған жүйелі шараларды жүзеге асыру болып табылады.

Мыналарды:

бастапқы медициналық-санитарлық көмекті;
денсаулық сақтауды басқару жүйесін;
медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жүйесін;
медициналық қызметтер сапасының сараптамасын;
денсаулық сақтау жүйесінің нормативтік базасын жетілдіру алдағы жылдарға арналған міндеттер болып табылады.

Осы міндеттерді іске асыру үшін:

бастапқы медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) реформалау мен дамытуды;

денсаулық сақтауды басқару оның ішінде қаржыландыру, ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруді;
ана мен баланың денсаулығын нығайтуды;
әлеуметтік мәнді аурулардың алдын алуды, оларды диагностикалау мен емдеуді жетілдіруді;

денсаулық сақтау кадрларын даярлау мен қайта даярлауды көздейтін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды реформалаудың және дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданады.

Денсаулық сақтау ұйымдарының, бірінші кезекте, бастапқы медициналық-санитарлық көмек (БМСК) мекемелерінің материалдық-техникалық базасы нығайтылады.

Медициналық қызметтер сапасын жақсарту мақсатында тәуелсіз медициналық сараптама жүйесі құрылады.

2005 жылдан бастап халықаралық стандарттарға сай диагностикалау және емдеу хаттамалары кезең-кезеңмен енгізіледі.

Дәрілік заттар айналымы саласында халықаралық стандарттарға кезең-кезеңмен көшу жүзеге асырылады.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар әзірленеді және енгізіледі, ортақ республикалық желіге біріктірілген Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі құрылады.

9.8. Мәдениетті, туризм мен спортты дамыту

9.8.1. Мәдениет және ақпарат

Мәдениет және ақпарат саласындағы негізгі мақсат бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістікті нығайту, тарихи-мәдени мұраны, әлеуметтік мәдени инфрақұрылымды, әсіресе ауылда сақтау және дамыту, кәсіптік өнерді және халық шығармашылығын дамыту жағдайларын қамтамасыз ету арқылы қоғамның рухани әлеуетін іске асыру болып табылады.

Мыналар:

"Қазақстан - 2030" Стратегиясының, Мемлекет Басшысы мен Үкіметтің негізгі бағдарламалық құжаттарының іске асырылуын ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету;

театр-концерт қызметін, ұлттық фильмдер өндірісін қолдау және дамыту үшін жағдайлар жасау;

ауыл мәдениетін сақтау және қалпына келтіру, жастар саясатын және тіл саясатын дамыту үшін бағдарламалық қаражат пен әдістерді әзірлеу және қолдану;

Қазақстанның шетелдегі халықаралық беделін арттыру;
мұрағат ісі саласында мемлекеттік саясат жүргізу;

тарих, археология және сәулет ескерткіштерінің, тарихи орталықтардың сақталуын

Қазақстан Республикасындағы үйлесімді этносаралық қатынастарды қамтамасыз ету, қоғамдық прогресс пен азаматтық бейбітшілікті сақтау және олар үшін жағдайлар ж а с а у ;

мәдениет, мұрағат ісі, ақпарат және ішкі саяси тұрақтылық саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;

ұлттық әдебиет пен жазба әдебиетінің көптеген ғасырлар бойғы тәжірибесін қорыту , әлемдік ғылыми ой-сана, мәдениет және әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын құру басым міндеттер болып табылады.

Қойылған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу үшін: бұқаралық ақпарат құралдарында ұйымдастыру-насихат іс-шараларын неғұрлым жоғары кәсіби деңгейде жүргізу;

Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірі туралы телерадиокомпаниялар жасайтын бағдарламалардың сапасын жақсарту, мемлекеттік тілде хабар таратудың жалпы көлемін ұлғайта отырып, ұлттық телеарналарды тарату ж е л і с і н к е ң е й т у ;

"Теле-радио хабарларын таратуды дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын " іске асыру;

ескерткіштерді қайта жаңарту, тұмшалалау, жөндеу, қалпына келтіру және жаңғырту жолымен тарихи-мәдени мұраның сақталуын және пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жүргізу;

"Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру; мұрағат мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсартуға жәрдемдесу, мұрағат ісі саласындағы нормативтік құқықтық және ғылыми-әдістемелік базаны ж е т і л д і р у ;

Шетелде тұратын отандастарды қолдау бағдарламасын іске асыру;

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын одан әрі іске асыру;

ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің қазақ тіліндегі толыққанды қорын жасау, кеңінен өрістетілген ғылыми, көркем және ғұмырнамалық сериялар шығару жолымен ұлттық әдебиет пен жазба әдебиеттің көптеген ғасырлар бойғы тәжірибесін қорыту;

мәдениет пен өнер саласындағы менеджментті жетілдіру, өнер саласына білікті м е н е д ж е р л е р д і т а р т у ;

елдегі, әсіресе ауылдық жерлердегі кітапханалардың кітап қорын толықтыру; жастар саясатының өңірлік бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыру, заңнама базасын жетілдіру.

9.8.2. Туризм және спорт

Туристiк кешендi дамытудың басты мақсаты дәйектi даму және экономиканың кiрiс саласына көшу, жоғары рентабельдi туризм индустриясын құру, бәсекеге қабiлеттi ұлттық турөнiмдi халықаралық туристiк қызметтер рыногына жылжыту және оны сату халықтың, жұмыспен қамтылуын арттыру болып табылады.

Спорт саласындағы негiзгi мақсат дене шынықтыру мен спорт құралдары арқылы салауатты тұрмыс салты қағидаттарын орнықтыру, бұқаралық спорт және жоғары жетiстiктер спортын одан әрi дамыту болып табылады.

Алдағы кезеңде мынадай мiндеттердi шешу көзделедi:
туризмдi дамытудың экономикалық және құқықтық тетiктерi;
мемлекеттiк және жеке сектордың қазақстандық турөнiмдi әлемдiк туристiк қызметтер рыногына жақындату жөнiндегi одан әрi ынтымақтастығын жалғастыру;
жоғары деңгейдегi спортшыларды даярлау үшiн қазiргi заманғы базаны, дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарының кең желiсiн құру;
бұқаралық спортты, әсiресе ауылда дамыту;
олимпиадалық, ұлттық, техникалық спорт түрлерiн және халық ойындарын дамыту;

Қазақстан Республикасының спорт резервi мен ұлттық құрама командаларын халықаралық жарыстарға дайындау;

спортшыларды ғылыми және медициналық-биологиялық қамтамасыз ету.

Спорттың бұқаралылығын дамыту, материалдық-техникалық базаны нығайту, ғылыми және медициналық-биологиялық қамтамасыз ету, халықаралық дәрежедегi спортшыларды және спорт резервiн дайындау басымдықтары болады.

Қойылған мақсаттарға жету және мiндеттердi шешу үшiн:
туристiк саланы дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған салалық және өңiрлiк бағдарламаларын iске асыру;

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттiк бағдарламасын iске асыру;

Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған бағдарламасын әзiрлеу және қабылдау;

дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы салауатты өмiр салтын насихаттау ж ә н е е н г i з у ;

туризмнiң, дене шынықтыру мен спорттың нормативтiк құқықтық базасын нығайту басымдықтар болады.

9.9. Гендерлiк даму

Негізгі мақсаты әйелдердің қоғамдағы жағдайын жақсарту және нақты гендерлік теңдікке қол жеткізу болып табылады.

Қойылған мақсатты іске асыруға бағытталған негізгі міндеттер: отбасына, әйелдер мен балаларға қатысты заңнаманы жетілдіру, гендерлік тәсілді елдің әлеуметтік-экономикалық саясатына енгізу; әйелдер мен балалардың денсаулығын жақсарту; әйелдердің билік құрылымдарына тең қол жетімділігін қамтамасыз ету, олардың шешімдер қабылдау деңгейіне көтерілуі үшін жағдайлар жасау; қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріне қатысу үшін әйелдердің және олардың әлеуетінің мүмкіндіктерін арттыру; әйелдердің құқықтарын нақты қамтамасыз етуге қол жеткізу; әйелдердің құқықтық сауаттылығын дамыту болып табылады.

Қолданыстағы және әзірленетін жаңа заңдарға гендерлік сараптама жүргізу міндетті болады. Әлемдік тәжірибеге сәйкес гендерлік статистика жетілдіріледі.

"Тең құқықтар мен мүмкіндіктер туралы" заң қабылданатын болады.

Экономика және еңбек саласында әйелдердің еңбек рыногындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, әйелдер арасындағы кәсіпкерлікті және өзін-өзі жұмыспен қамтуды одан әрі дамытуға, әйелдерді кәсіби қайта даярлауға, әкімшіліктендіруге үйретуге және бизнесті басқаруға ықпал ететін бағдарламаларды енгізу жоспарлануда.

Әйелдердің зорлықтан қорғалуға құқықтарының тұрақты мониторингі көзделіп отыр. Зорлықтың алдын алу және оны болдырмау туралы заң әзірлеу көзделуде. Дағдарыс орталықтарының, сенім телефондарының, зорлық құрбандарына арналған паналар мен үйлердің желісін кеңейту ұйғарылып отыр.

10. Өндірілген капиталды дамыту

10.1. Инвестициялық саясат

2005-2007 жылдары негізгі қызмет бағыттары тікелей отандық және шетелдік инвестицияларды экономиканың басымдықты секторларына тартуды ынталандыру, мемлекеттік инвестицияларды пайдалануды оңтайландыру мен оның тиімділігін арттыру және ішкі жинақтарды жұмылдыру болады.

Елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру мен инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының кешенін жүзеге асыру қажет.

Инвесторларға жеңілдіктер мен артықшылықтарды беру жүйесін реттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасады, ол инвестицияларды тарту процесін ынталандырудың экономикалық тұтқаларының жұмыс жасауын қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекеттің басымдықты өндірістерінің инвестициялық тартымдылығын арттыру

мақсатында :

миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғауды күшейтуге;
кәсіпорындарды тіркеудің жеңілдетілген жүйесін енгізуге;
қызмет түрлерін лицензиялаудың ашық жүйесін құруға;
кәсіпорындардың қаржылық есептің халықаралық стандарттарына көшуін
жеделдетуге бағытталған шараларды қабылдайтын болады.

Инвестициялық саясатты жүзеге асыру бағыттарының бірі салалық басымдықтарды белгілеу болады. Инвестицияларды агроөнеркәсіп кешені, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, машина жасау, құрылыс материалдары өнеркәсібі, химия және мұнай химиясы өнеркәсібі сияқты экономика үшін басымдықты салаларға тарту жолдарын айқындау жөніндегі жұмыс жүргізіледі.

Инвестициялық саясаттың маңызды міндетті тұрғын үй құрылысын инвестициялауды ынталандыру болады.

Экономиканың нақты секторын ішкі инвестициялық ресурстардың есебінен инвестициялау мүмкіндігін қарастыру жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

Мемлекеттік қаржы ресурстары (Инвестициялық қор қаражаты түрінде) қосылған өнім үлесі жоғары тауарлар мен қызметтерді өндіретін жаңа өндірістерді ұйымдастыруға шоғырланатын болады.

Алдағы кезеңдегі бюджеттік инвестициялардың басымдықтары мемлекеттік басқару функцияларын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету; әлеуметтік секторды дамыту; базалық инфрақұрылымды дамыту; аграрлық секторды дамытуға жәрдемдесу; Астана қаласын дамыту болады.

10.1.1. Тұрғын үй құрылысын дамыту

Тұрғын үй саясатының мақсаты халықтың қалың бұқарасының тұрғын үйге қол жетімділігін және оларда қауіпсіз тұру жағдайларын қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын тұрақты дамытуға көшуді қамтамасыз ету болып табылады.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру арқылы жүзеге асырылады, онда тұрғын үй құрылысын дамыту мәселелерін кешенді шешу көзделеді.

Мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу:
ұсыныс тарапынан да, сұраныс тарапынан да толыққанды теңгерімді тұрғын
рыногын құру ;

тұрғын үй салуға жеке инвестицияларды тарту және жеке тұрғын үй құрылысын
дамытуды ынталандыру ;

құрылыс индустриясының тиімді рыногын қалыптастыру;
халықтың қалың бұқарасы үшін ипотекалық кредит беруге және тұрғын үй
құрылысы жинақтары жүйесіне қол жетімділікті арттыру көзделіп отыр.

Қойылған міндеттерді іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Тұрғын үй салу ұсыныстарын ынталандыру:

1) Жалпы сипаттағы жүйелі шаралар:

- тұрғын үйдің 1 шаршы метрін салу құнын төмендету;
- жеке тұрғын үй құрылысын дамыту;
- тұрғын үйді жеке капитал инвестицияларын тарту есебінен салу;
- тиімді, экологиялық таза құрылыс материалдарын одан әрі дамыту және жаңа технологияларды енгізу.

2) Орта тапқа және халықтың әлеуметтік қорғалатын топтарына арналған тұрғын үй құрылысын ынталандыруға бағытталған шаралар:

- коммуналдық тұрғын үй салу;
- мемлекеттік қаражат есебінен қол жетімді тұрғын үй салу.

2. Төлемге қабілетті сұранысты ынталандыру:

- ипотекалық кредит беру жүйесін жетілдіру;
- құрылыс жинақтары жүйесін дамыту.

Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ұзақ мерзімді қаржыландыру жүйесін дамыту мақсатында мемлекет "Қазақстандық ипотекалық компания" АҚ-ын, "Ипотекалық кредиттерді кепілдендірудің қазақстандық қоры" АҚ-ын және "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-ын одан әрі капиталдандыруды жоспарлап отыр.

10.2. Индустриялық-инновациялық даму

Мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясатты орта мерзімді кезеңде іске асыру Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясының шеңберінде жүзеге асырылады.

Стратегияның басты мақсаты экономика салаларын шикізаттық бағытталудан шеттеуге ықпал ететін әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу; ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға көшу үшін жағдайлар дайындау болып табылады.

Өңдеуші өнеркәсіп пен қызметтер саласында бәсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіру мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты мәні болып табылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу өңдеуші өнеркәсіптің қосылған құнын өнім өндіру көлемдерін ұлғайту жолымен ғана емес, сондай-ақ адамдар мен өндірілген өнім капиталын пайдалану тиімділігін арттыру есебінен ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл өнім өндіру процесі мен халықтың тұрмыс деңгейін арттыруға оң әсер етеді. Сонымен

қатар босайтын еңбек ресурстарын, энергия мен материалдарды жаңа өндірістер құруға
бағыттауға болады.

Орта мерзімді перспективада шешілетін міндеттер:
өңдеуші өнеркәсіптегі орташа жылдық өсу қарқынын 8-8,4% мөлшерінде
қамтамасыз етуге;

өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларының өнімділігін арттыруға;
жеке секторды бәсекелі артықшылықты жасауға және жетілдіруге әрі неғұрлым
жоғары қосылған құн салығының элементтеріне қарай жылжи отырып, нақты
өндірістерде қосылған құн тізбесіндегі элементтерді игеруге ынталандыратын
кәсіпкерлік ахуалды, қоғамдық институттардың құрылымы мен мазмұнын жасауға;
ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық экспортқа бағдарланған
өндірістерді құруды ынталандыруға;
елдің экспорт әлеуетін қосылған құны жоғары тауарлар мен қызметтердің
пайдасына әртараптандыруға;
әлемдік сапа стандарттарына көшуге;

әлемдік ғылыми-техникалық және инновациялық процестерге қоса отырып, өңірлік
экономикаға және әлемдік шаруашылық жүйесіне бірігуді ұлғайтуға бағытталады.

Индустриялық-инновациялық саясаттың басымдықтары барлық әлеуетті түрде
бәсекеге қабілетті, оның ішінде экспортқа бағдарланған, шикізаттық емес бағытты
экономика салаларында іске асырылатын өндірістер болып табылады. Ұзақ мерзімді
стратегиялық міндеттерді шешу мақсатында ғылымды қажетсінетін және жоғары
технологиялық өндірістерді дамыту үшін жағдайлар жасауға баса назар аударылатын
болады.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді шешу жолдары

Стратегияда айқындалған мақсаттарға қол жеткізу үшін Үкімет қаулысымен 2003-
2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді, осы жоспар шеңберінде
Стратегияны орта мерзімді кезеңде іске асыру жүзеге асырылады.

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асырудың бастапқы
іс-шарасы осы бағдарламаны абыройлы іске асыруды қамтамасыз етуге қабілетті
басқарушы, инженерлік, техникалық және ең бастысы, жұмысшы кадрларды мақсатты
даярлау болуға тиіс.

Ұлтаралық корпорациялармен және өзге де ірі шетелдік, ресейлік және
қазақстандық компаниялармен республикада қосылған құндардың салалық тізбегін
одан әрі дамытуды көздейтін жаңа өнім түрлерін өндіруді ұйымдастыру жөніндегі
бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында жұмыстар жүргізіледі.

Қазақстанның әлемдік және өңірлік сауда әріптестерінің жағдайына және олардың
индустриялық-инновациялық саясатының басымдықтарына талдау жүргізу, сондай-ақ
инвестициялық және инновациялық әлеует тұрғысынан салалардың бәсекеге
қабілеттілігін зерттеу жөніндегі жұмыстар жалғасады.

Қосылған құны жоғары жаңа өндірістерді құру перспективаларын айқындау мақсатында тұрақты негізде тау кен-металлургиялық өнеркәсіпке, соның ішінде мұнай-газ саласына, агроөнеркәсіп секторына, құрылыс саласына инвестициялар ағынының көлемдері мен бағыттарын талдау жүргізілетін болады.

Ел өңірлерінің өнеркәсіптік және инвестициялық әлеуетін айқындау жөніндегі жұмыс жалғасады, өнеркәсіптің басқа салалары және тұтастай экономика үшін сұранысты қалыптастыратын өңірін үздік салаларын дамыту үшін әлеует ретінде өңірлік және қосалқы өңірлік кластерлер айқындалады.

Мемлекеттік даму институттары, атап айтқанда: Қазақстанның инвестициялық қоры, Қазақстанның Даму Банкі, Инновациялық қор, Экспорттық кредиттерді сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы құрылды және жұмыс істей бастады.

Экономика салаларына талдау жүргізу мақсатында Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы құрылды.

Тұтастай алғанда, мемлекеттік даму институттары тұрақты жұмыс жасауы орталықсыздандыру, мамандандыру, сыртқы және ішкі бәсеке қағидаттарына негізделетін жүйені қалыптастыруға тиіс.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, өз активтерімен әлемдік қор рыноктарындағы өтімділігі жоғары қаржы институттарын инвестициялайтын болады. Қазақстанның инвестициялық қоры кәсіпорындардың тауарлар мен қызметтерді өндіретін, жұмыс жасап тұрған өндірістерді кеңейтуге, қайта жаңартуға және техникалық қайта жарақтандыруға, сондай-ақ жаңа өндірістерді құруға бағытталған инвестициялық жобаларын қаржыландыратын болады. Даму банкі қазақстандық экономиканың шикізаттық емес салаларында іске асырылатын, негізінен жұмыс жасап тұрған кәсіпорындарды кеңейту және техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі инвестициялық жобаларын іске асыруға кредит беретін болады.

Инвестициялық қор тауарлар мен қызметтердің өндіру тиімділігін арттыруға және жаңа түрлерін шығаруға жәрдемдесетін инновацияларды коммерциялауға қатысатын болады. Экспорттық кредиттерді сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы экспорттық келісім-шарттар мен инвестицияларды сақтандыру және қайта сақтандыру жолымен қазақстандық өндірушілердің тауарлары мен қызметтерін экспорттауға тікелей жәрдемдесуді жалғастырады. Тиімді жұмыс жасау үшін Экспортты сақтандыру жөніндегі компания қазақстандық өнімдердің экспортын дамыту үшін маркетингілік зерттеулер, әлеуетті сату рыноктары туралы ақпаратты зерделеуді және оны кейіннен таратуды жүргізетін болады. Бұл құрал әлемде кеңінен танымал әрі қаржылық және әкімшілік көзқарас тұрғысында экспорттық транзакцияларды жеңілдетуге жол ашады. Стратегияда айқындалған мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік даму институттарын капиталдандыруды жүргізу көзделіп отыр.

10.3. Аграрлық азық-түлік саясаты

Қазіргі уақытта республикада Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы іске асырылып жатыр. 2005 жылы қорытынды жүргізу және Қазақстан Республикасының аграрлық азық-түлік саясатын дамытудың одан кейінгі орта мерзімді тұжырымдамасын әзірлеу көзделіп отыр.

2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік саясатының негізгі мақсаты агроөнеркәсіптік кешеннің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекелестік қабілетті өнімдер өндіру негізінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Оған қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделіп отыр.

Бірінші. Халықтың барынша жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, әрбір отбасының табысын арттыру үшін жағдайларын жақсарту, халықтың сұранысын толық қанағаттандыру үшін ауыл шаруашылығы өнімдері мен кең ассортиментті жоғары сапалы азық-түлік тауарларын жеткілікті өндіру жолымен елдің әрбір тұрғынын белгіленген тұтыну стандарттарынан төмен емес деңгейде тамақтану мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

Екінші. Агробизнестің тиімді және бәсекеге қабілетті жүйесін қалыптастыру.

Үшінші. Өндіріс тұрақтылығының басты шарты және оның өніміне баға деңгейін ұстап тұрудың қолайлы тетігі болып табылатын өндіріс пен өткізу теңгеріміне қол жеткізу мақсатында ауыл шаруашылық өнімдері мен оның қайта өңделген өнімдерін сату көлемін арттыру үшін қажетті жағдайлар жасау.

Төртінші. Агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған салаларын дамытуға бағытталған экономиканың аграрлық секторын ұтымды мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету.

АӨК-нің 2005-2007 жылдардағы жұмысының негізгі бағыттары: әзірленген тетіктердің нақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және агроөнеркәсіп кешені саласында қабылданған заңнама актілерін, бірінші кезекте Жер және Су кодекстерін жергілікті жерлерде нақты орындау;

ғылыми жетістіктер мен инновациялық әзірлемелерді өндіріске жедел енгізу; егіншілік әдістерін, тұқым сапасын және жердің құнарлылығын жақсарту, жануарлар мен өсімдіктердің генетикалық әлеуетін тұрақты арттырып отыру жөніндегі жұмыстар;

мемлекеттік астық рыногын реттеу, астық ресурстарына мониторинг жүргізуді қатайту саясатының тиімділігін арттыру;

өндірістің, ең алдымен ауыл шаруашылығы құрылымдарының машина-трактор паркінің негізгі құралдарын жаңарту жөнінде жағдайлар жасау және бұл процеске жеке капитал мен жеке лизингтік компанияларды тарту;

ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіруді аяқтау, селекциялық-асыл

тұқымдандыру жұмыстарын жалғастыру және аналық мал басын жоғары өнімді өндіргіштердің ұрығымен жасанды ұрықтандырумен барынша қамтуды қамтамасыз ету ;

жануарлардың аса қауіпті және жұқпалы аурулары бойынша республикада қолайлы эпизоотиялық әл-ауқатты қамтамасыз ету, мониторингті және ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестеріне және ауруларына қарсы күресті қамтамасыз е т у ;

стандарттарды халықаралық стандарттармен үйлестіру және тағам өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу кәсіпорындарында ИСО 9000 сериялы стандарттар базасындағы қазіргі заманғы сапа стандарттары мен тәуекелдің бақылау нүктелерін талдау негізіндегі үздік зертханалық практиканың ХАССП қағидаттарын е н г і з у ;

өңдеуші кәсіпорындарды техникалық және технологиялық жаңғырту және өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, өндірілетін өнім түрлерін сапалы жаңа түрлердің есебінен кеңейту ;

агроөнеркәсіптік кешенге инвестициялардың өсуі үшін қолайлы жағдайлар жасау; екінші деңгейдегі банктердің агроөнеркәсіптік кешен салаларына кредит беруін ж а н д а н д ы р у ;

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге кредит беруді ауылдық кредиттік серіктестіктер жүйесі арқылы кеңейту.

Алдағы кезеңде өсімдік шаруашылығы саласында ғылыми негізделген агротехнологияға және егіншіліктің агроландшафттық жүйесіне көшуді қамтамасыз ету қ а ж е т .

Егіншілікті ынталандыру жөніндегі бағдарламалар кеңейтілетін болады. Алдағы жер жағдайын бақылауды нығайту шараларына байланысты агрохимиялық қызметтің ғылыми-әдістемелік орталығын нығайту қажет.

Мал шаруашылығында орташа және ірі тауар өндірісін дамытуға және осы саланы өнеркәсіптік негізде жүргізуге, селекциялық-асыл тұқымдандыру жұмыстарын жақсарту және жоғары өнімді тұқымдар ұрығымен жасанды ұрықтандырумен толық қамту жолымен табынның тұқымдық құрамын жақсартуға жағдайлар жасалады.

Өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласында фитосанитарлық жағдайға қарай өсімдіктер ауруларына қарсы күреске және карантиндік орданың оқшауландырылуын және жойылуын бақылауды нығайтуға назар аударылатын болады.

2003 жылдан бастап су мелиорациясында мемлекет меншігіндегі шаруашылық аралық арналар мен су-мелиорациялық үй-жайлардың апаттық учаскелерін қалпына келтіру жөніндегі бюджеттік бағдарлама, сондай-ақ ауыл шаруашылығының су пайдаланушыларына белгіленген тарифтердің 40%-ына дейінгі мөлшерінде суаруға арналған су беру жөніндегі қызметтердің құнын қаржыландыру жөніндегі бюджеттік

бағдарлама іске асырылады, ол 2005-2007 жылдары жалғасатын болады.

Астық өндірісін мемлекеттік реттеу шараларын күшейту үшін егіншілерді көктемгі аванс беру және астықты тікелей сатып алу жолымен қаржыландыру схемасын іске асыру жалғасады. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің кредит-ақша ресурстарына неғұрлым кеңінен қол жеткізуі мақсатында астық қолхаттарын рынок айналымына одан әрі тарту және ауылдық кредиттік серіктестіктерді (АКС) дамыту жөніндегі жұмыстар жалғасады.

Ауыл шаруашылығының машина жасау жүйесінде ауыл шаруашылығы техникасы мен қосалқы бөлшектер өндірісін ынталандыру шаралары қабылданатын болады. Бюджеттік лизингтік бағдарламаларды қаржыландыруды әрі мемлекеттік және жеке МТС сервис-орталықтардың желілерін құруды ұлғайту күтілуде.

11. Табиғи капиталды дамыту

11.1. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мақсат қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттер: шаруашылық немесе өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін азайту жөніндегі әрекеттер жүйесін әзірлеу;

табиғатты қорғау-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;

қоршаған орта сапасын басқару жүйесін оңтайландыру болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама базасын және табиғат ресурстарын пайдалануды жетілдіру үшін қолданылуы қоршаған ортаның жағдайына әсер етуі мүмкін Қазақстан Республикасының барлық басқа заңнама актілеріне табиғатты қорғау нормалары енгізіледі. Табиғатты қорғау заңнамасын жүйелеу мақсатында Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі әзірленеді.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану жүйесін оңтайландыру мақсатында "Қоршаған ортаны қорғаудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы" әзірленетін болады.

БҰҰ-ның Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі конвенциясының міндеттемелерін орындау және жердің тозуы мәселелерін шешу мақсатында Қазақстан Республикасындағы шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі 2005-2012 жылдарға арналған бағдарлама әзірленетін болады.

Шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерін азайту үшін барлық табиғат пайдаланушыларға қойылатын экологиялық талаптардың орындалуы жөнінде қатаң шаралар қабылданады.

2005 жылдан бастап қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асырушы

кәсіпорындарды міндетті экологиялық аудиттеу жүйесі және сақтандыру жүйесі енгізіледі, қызметін Каспий қорық аймағында жүзеге асырушы кәсіпорындарға қойылатын қосымша экологиялық талаптар әзірленеді және Экологиялық мониторингтің Каспий өңірлік орталығы құрылатын болады.

Қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы екі жақты және көп жақты келісімдерге, атап айтқанда БҰҰ конвенцияларына және ғаламдық халықаралық форумдардың шешімдеріне сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау жөнінде шаралар қабылданады.

Экономиканың барлық салаларына жаңа қалдықсыз технологияларды енгізуді қолдау есебінен қалдықтарды пайдалану деңгейін арттыру жөнінде шаралар қ а б ы л д а н а д ы .

Қалдықтарды орналастыру және кәдеге жарату, сондай-ақ олардың қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерін азайту үшін мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында:

өндіріс және тұтыну қалдықтары проблемаларын шешуге бірыңғай мемлекеттік к ө з қ а р а с қ а л ы п т а с т ы р у ;

қалдықтардың қоймаларын мониторингілеу жүйесін дамыту жөніндегі шараларды ә з і р л е у к ө з д е л е д і .

Мұнай өндіру кезінде ілеспе газды кәдеге жарату проблемасына ерекше назар а у д а р ы л а д ы .

Шикізаттық бағыты бар компанияларда ИСО 14000 сериялы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес сапаны басқару жүйесі енгізіледі.

12. Аумақтық даму және инфрақұрылым

12.1. Демография және халықты ұтымды орналастыру

Демография және көші-қон саласындағы негізгі мақсаттар демографиялық және көші-қон процестеріндегі келеңсіз үрдістерді азайтуға, ел халқының санын, ең алдымен отбасы мен ананы қолдаудың нақты тетіктерін жасау жолымен арттыру үшін негіз жасау, сондай-ақ ауыл халқын орналастыруды оңтайландыру негізінде ауылдың тыныс тіршілігі жағдайларын жасауға бағытталған саясатты жүргізу болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу алд а т ұ р :

қайта қалпына келтіруді қоса алғанда, халық денсаулығының жай-күйін жақсарту; болашақта ұрпақтардың толық орнын басуды және халықтың ұдайы өсімі режимін кеңейтуді қамтамасыз ететін деңгейге дейін тууды тұрақтандыру және оны ұлғайту;

отбасының өмір сүру жағдайларын жақсарту, үйлену-отбасылық қатынастарды н ы ғ а й т у ;

қоғам мен индивид деңгейінде халық денсаулығы үшін жауапкершілікті арттыру;

көші-қон процестерін басқару, елдің мемлекеттік қауіпсіздігін нығайту және көшіп келушілердің құқықтарын іске асыру үшін жағдайлар жасау;
ауылдық елді мекендерді паспорттау негізінде әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша қазіргі жағдайды талдау;
әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің өлшемдері бойынша ауылдық елді мекендерді жіктемеу;
экономикалық қызметті дамыту, құрылысты инвестициялау, ауылдың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін жөндеу және қайта жаңғырту.
Демография және көші-қон саласындағы проблемаларды шешуге кешенді келу мақсатында Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған демографиялық және көші-қон саясаты бағдарламасы іске асырылады.
Елде халықты қосу саясатын іске асыру мақсатында демография мәселесіне қатысты нормативтік-құқықтық база жетілдіріледі.
Халықтың көші-қон саласындағы проблемаларын шешу үшін мыналар көзделеді:
перспективасыз өңірлерден перспективалы өңірлерге ішкі көші-қон үшін ынталандырулар жасау;
перспективаға ауылдық аумақтардың тұрғындарын орналастыру моделі бойынша ұсыныстар даярлау;
босқындардың өзі шыққан мемлекетке еркін оралуы үшін жағдайлар жасау;
заңсыз көші-қонның жолын кесу;
Қазақстан Республикасының аумағында көші-қонды бақылау жүйесін жетілдіру;
оралмандардың жыл сайынғы көшіп келу квотасын ұлғайту;
жат елге қоныс аудару процестерін азайтуға және тұрақтандыруға, оның ішінде республиканың зияткерлік әлеуеті жылыстауын болдырмауға жәрдемдесу;
Қазақстан Республикасында жат елге қоныс аудару көңіл күйі мониторингін енгізу;
азаматтарды қайта орналастыру және олардың құқықтарын қорғау процестерін реттейтін екі жақты және көп жақты келісімдерді жеделдетіп жасауға және іс жүзінде іске асырылуына жәрдемдесу.

12.2. Ауылдың әлеуметтік саласы мен инфрақұрылымын дамыту

Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ауылдың әлеуметтік саласы мен инфрақұрылымын дамытуды айқындайтын негізгі құжат болып табылады.

Осы бағдарламаны әзірлеу өмір сүруге болатын экономикалық перспективалы жерлерде ресурстарды шоғырландыруға мүмкіндік беретін және ауыл халқының жеткілікті кірістер деңгейін қамтамасыз ететін ауыл аумақтарын тиімді дамыту және ауылдық орналастыру схемасын оңтайлы қалыптастыру жөнінде шараларды қабылдау

қажеттігінен

туындады.

Ауыл аумақтарын дамытудың мемлекеттік саясатының негізгі мақсаты ауылдық орналастыруды оңтайландыру негізінде ауылдың (селоның) қалыпты тыныс-тіршілігі өмір сүру жағдайларымен қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарлама мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделді:

ауылдық елді мекендерді (бұдан әрі - АЕМ) паспорттау негізінде әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша қазіргі жағдайды талдау;

әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің өлшемдері бойынша АЕМ-ді жіктеу;

экономикалық қызметті дамыту, құрылысты инвестициялау, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін жөндеу және қайта жаңғырту жөнінде бірінші кезектегі шараларды әзірлеу;

АЕМ әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингін, ауыл аумақтарының экологиялық қауіпсіздігін, жер ресурстарын бағалауды, ауыл тұрғындарын әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым қызметтерімен қамтамасыз етудің нормативтері мен стандарттарын әзірлеу;

ауыл тұрғындарын қайта көшіруді ынталандыру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

ауылдық тиімді орналастыру моделін әзірлеу және оны іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу.

Бағдарлама шеңберінде проблемаларды шешудің ауқымы мен жаңалығы әзірленетін шараларды республикалық және жергілікті бюджеттердің мүмкіндіктерімен үйлестіру қажеттігі оны екі кезеңде іске асыруға негізделген.

Бірінші кезеңде (2004-2006 жж.) алғашқы үш міндетті шешу ұйғарылып отыр.

Бұл үшін қазіргі кезде ауылдық елді мекендерді паспорттау негізінде әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша қалыптасқан жағдайға талдау жүргізілді, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің өлшемдері бойынша АЕМ-ді жіктеу жүргізілді, экономикалық қызметті дамыту, құрылысты инвестициялау, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін жөндеу мен қайта жаңғырту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар әзірленді.

Ауылдық оңтайлы орналастырудың кірістер мен қызмет көрсетулер құны бойынша теңгерімді моделін қалыптастыру үшін, ауыл тұрғындарының әлеуметтік және инженерлік қамтамасыз етілуінің ұлттық стандарттары бекітілді, көші-қон тасқындарын мемлекеттік реттеу және ауыл көшіп-қонушыларын қолдау жөніндегі шаралар бағдарламасы әзірленді, қолданыстағы заңнама базасын ревизиялау жүргізілді және қажетті нормативтік құқықтық құжаттар әзірленді.

Екінші кезеңде (2007-2010 жж.) әрбір АЕМ-нің әлеуметтік сыйымдылығына бағалау жүргізу, ауылды орналастыру жөніндегі шараларды іске асыру, ауыл тұрғындарының

неғұрлым жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету, ауыл аумақтарын тұрақты дамыту негіздерін құру жоспарлануда.

12.3. Өңірлік даму

Таяудағы жылдары өңірлік саясаттың мақсаты өңірлердің сайлауды қолдау саясатымен ұштастыра отырып, инфрақұрылымды, шаруашылық қызметті нығайтуға және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға ықпал ететін басымды инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жолымен әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі өңірлер арасында орын алып отырған айырмашылықтарды азайту болып табылады.

Осы кезеңде мынадай міндеттерді шешу міндеті тұр:
өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың түсімділігі мен теңгерімділігін қамтамасыз ету ;

мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің дәл бөлу және бюджеттік қатынастар арасындағы тиімді модельді жасау;
шағын қалалар мен перспективалы ауылдық аудандарға мемлекеттік қолдау көрсету ;

шекара маңындағы, әсіресе ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оңтүстік аудандардың экономикалық әлеуетін нығайту жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеу және жүргізу ;

ауыл халқын қоныстандырудың оңтайлы моделін әзірлеу.

Өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінде қалыптасып отырған айырмашылықтарды азайту мақсатында өңірлерді дамытудағы сәйкессіздікті олардың шаруашылықтары құрылымдарын жетілдіру, өнеркәсіптің қайта өңдеу секторы кәсіпорындарын дамыту, аумақтардың инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуін арттыру, бірінші кезекті су, энергия және электрмен қамтамасыз ету, жолдар салу және оларды жөндеу, шағын кәсіпкерлік саласын дамыту есебінен төмендетуге ықпал ететін іс-шараларды жүзеге асыру жоспарланған.

Өңірлік даму міндеттерін шешу үшін мыналар көзделеді:

Республикалық деңгейде :

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді бөлу тұжырымдамасы мен бюджеттік қатынастарды жетілдіру негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы функциялар мен өкілеттіктерді дәл бөлу;

Қазақстан Республикасының аумақтық дамуының 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасын әзірлеу;

Шағын қалаларды дамыту бағдарламасын іске асыру;

Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру;
әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасының демографиялық және көші-қон саясатының 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасы және Қазақстан

Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаның шеңберінде ұтымды демографиялық және көші-қон саясатын жүзеге асыру және халықтың тұрмыс деңгейін жақсарту.

Өңірлік деңгейде:

экономика құрылымын, бірінші кезекте, шикізатты тереңдетіп қайта өңдеуді, өнімнің қосылған құнын ұлғайтуды ұйымдастыру жөнінде инвесторлар үшін ынталандыру жағдайларын жасау есебінен жетілдіру;

Аграрлық азық-түлік бағдарламасы шеңберінде ауыл шаруашылығын, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарын және ауылдың әлеуметтік саласын дамытуды жеделдету;

инфрақұрылымның (жол, көлік және коммуникация) озық дамуын қамтамасыз ету; индустриялық-инновациялық дамудың өңірлік бағдарламаларын іске асыру; ескірген тұрғын үйді күрделі жөндеу және авариялық тұрғын үйлерді бұзу жөніндегі өңірлік бағдарламаларды іске асыру;

өңір ерекшеліктері ескерілетін тұрғын үй құрылысының неғұрлым оңтайлы моделін қалыптастыру жолымен жаңа тұрғын үй саясатының міндеттерін шешу, халықтың нашар қорғалған топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету және ипотекалық кредит беру ;

тұрғын үй құрылысын дамытудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеу; өз шикізат ресурстарын қайта өңдеу саласында жаңа өндірістерді құру үшін өңірлерге тікелей инвестицияларды тарту жөніндегі жұмыстарды кеңейту; тоқтап тұрған кәсіпорындардың жұмыстарын қайта қалпына келтіру есебінен де, сол сияқты жаңа өндірістерді құру, шағын бизнесті дамыту есебінен де жұмыс орындарын құру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру; кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған өңірлік бағдарламаларды іске асыру ;

шағын қалаларды дамыту жөнінде, олардың экономикалық дамуына және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға қол жеткізуге бағытталған өңірлік бағдарламаларды іске асыру. Бұл ретте шекарадағы, бірінші кезекте, оңтүстіктегі аудандардың экономикалық әлеуетін нығайтуға ерекше көңіл аударылатын болады;

әлеуметтік сала объектілерімен қамтамасыз етілуі, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін қаржыландыру басымдылығының өлшемдері және мақсатты трансферттерді облыстарға бөлу қағидаттары бойынша өңірлерді ранжирлеу ұстанымдарын айқындау.

12.4. Көлікті және байланысты дамыту

12.4.1. Көлікті дамыту

2005-2007 жылдары Қазақстан Республикасының көліктік-коммуникациялық кешенінің негізгі мақсаттары сыртқы рыноктарға шығуды және коммуникацияның оңтайлы желісін қалыптастыруды қамтамасыз ететін транзиттік дәліздерді дамыту, қолданыстағы темір жолдардың және автомобиль жолдарының, су жолдарының, порттардың, әуежайлардың, аэронавигациялық кешендердің техникалық жағдайын жақсарту, жылжымалы құрамның отандық өндірістік және жөндеу базасын дамыту
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Көліктік-коммуникациялық кешеннің таяудағы үш жылдық кезеңдегі негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

транзиттік бағыттарды қалыптастыру және дамыту жолымен әлемдік жүйеге біріктірілген ұтымды көліктік-коммуникациялық желі құру;

қолданыстағы темір және автомобиль жолдарын, су жолдарын, порттарды, әуежайларды, аэронавигациялық кешендерді жаңғырту және қайта жаңарту;

көліктің барлық түрлері жылжымалы құрамының меншікті өндірістік және жөндеу б а з а с ы н д а м ы т у ;

көліктік-коммуникациялық кешен мен басқару құрылымы жұмыс істеуінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;

республика аумағы арқылы жүктердің транзиттік тасымалдануының өсуі;

мемлекеттік техникалық теңіз флотын жаңарту және жаңғырту;

осы заманғы авиациялық техникаға авиа тасымалдаушылардың қол жеткізуін ұ л ғ а й т у ;

Қазақстан Республикасында аэроғарыш қызметін дамыту.

Транзиттік әлеуетті дамыту

Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасында көзделген іс-шараларды іске асыру жоспарланып о т ы р .

Республиканың транзиттік-көліктік әлеуетін іске асыру жөніндегі негізгі міндеттер: елдің көліктік дәліздері мен транзиттік бағыттарын халықаралық деңгейде дамыту;

жолаушылардың, жүктердің, ақпарат пен қызметтер көрсетудің қозғалысы жолындағы табиғи емес кедергілерді жоюға бағытталған Қазақстан Республикасының екі жақты және көп жақты ынтымақтастығын дамыту әрі тереңдету;

ұлттық көліктік-коммуникациялық желілерді жаңғырту, техникалық қайта ж а р а қ т а н д ы р у ж әне д а м ы т у ;

қызмет көрсетудің логистикалық жүйелерін құруға және мультимодальдық тасымалдарды дамытуға негізделетін қазіргі заманғы көліктік технологияларды енгізу б о л ы п т а б ы л а д ы .

Көліктік дерекқордың ақпараттық талдамалық жүйесін және тасымалдар

қауіпсіздігі мен көлік қызметі серпінін мониторингтеудің бірыңғай базасын жасау көзделуде, бұл сыртқы сауда және транзиттік тасымалдауды қамтамасыз ету үшін қазіргі заманғы көліктік технологияларды тартуға, халықаралық және ішкі тасымалдауды басқарудың логистикалық қағидаттарын енгізуге мүмкіндік береді.

12.4.2. Телекоммуникациялар мен байланысты дамыту

Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасын және телекоммуникациялар саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жалғастырылады.

Телекоммуникациялар саласында саланы ырықтандыру нәтижесінде экономикалық жағдайлар және телекоммуникациялар қызметтер көрсетуіне халықтың қол жетімділігін, мемлекеттік ақпараттық қауіпсіздікке әрі ақпараттандыру саласында отандық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігіне кепілдік беретін мемлекеттік реттеу жүйесі жасалатын болады.

Қазақстан Республикасының "KazSat" ұлттық геостационарлық байланыс және хабарлау спутнигінде жаңа ішкі аймақтық бағыттар ұйымдастырылатын болады.

Почта байланысының саласында қолданыстағы желіні жаңартуға, жаңғыртуға, қайта жабдықтауға, оның қаржы және материалдық жағдайын тұрақтандыруға, сапалы және сандық көрсеткіштерді арттыруға бағытталған іс-шаралар жалғасатын болады.

Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру және дамыту электрондық Үкімет қалыптастыру шеңберінде жүзеге асырылады. Электрондық Үкімет инфрақұрылымын жасау таяудағы 2-3 жылда озық технологияларды енгізу арқылы дамыған елдермен "цифрлық алшақтықты" қысқартуға, халықтың базалық ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсетуге және әлеуметтік маңызды ақпаратқа әмбебап қол жетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы

Y k i m e t i n i n

2004 ЖЫЛҒЫ 31 ТАМЫЗДАҒЫ

№ 917 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. 2-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. N 332 қаулысымен.

**2-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ 2005-2007 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУІШТЕРІ**

АСТАНА - 2005

Атауы		Болжам		
		2005 жыл бағалау		

	2004 жыл есеп	01. 07 дейін	01.07 бастап	2006 жыл	2007 жыл
Ең төменгі жалақы мөлшері, теңге	6600	7000	9200	9200	9752
Базалық зейнетақы төлемінің мөлшері, теңге*	-	3000		3000	3000
Ең төменгі зейнетақы мөлшері, теңге	5800	6200		6572	6966
Ең төменгі күн көріс деңгейі, теңге	5427	5753		7525	7977
Айлық есептік көрсеткіш, теңге	919	971		1029	1091
Жұмыс күшінің импортына квота (Қазақстан Республикасының шекара маңындағы облыстарында ауыл шаруашылығы жұмыстарында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін тартылатын көшіп келген еңбекшілерді есепке алғанда), %-бен**	0,28	0,28		0,28	0,28

*Базалық зейнетақы төлемі 2005 жылғы 1 шілдеден бастап е н г і з і л е д і

** шетелдік жұмыс күшін тартуға квота болжамы көшіп келген еңбекшілерді ескергенде, Қазақстан Республикасының экономикалық белсенді халқы санының 0,28 %-ы ретінде есептеледі е с к е р т у :

мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы N 126 Заңында айқындалған және айлық есептік көрсеткіштің еселенуі арқылы есептеледі; Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі N 401 кеден кодексіне сәйкес тауарлар мен қызметтер импортына кедендік тарифтерінің өзгеруі қажеттілігіне қарай Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен бекітіледі; өнімдер (жұмыстар, қызметтер) өндіруге арналған стандарттар "Стандарттау туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі N 433 Заңның 10-бабының 7-тармағына сәйкес стандарттау, метрология және

сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен бекітіледі.

Шикізат тауарларының 2005 - 2007 жылдарға арналған есептік тұрақты әлемдік бағалары

Тауардың атауы	2004 жылғы экспорт құрылымындағы үлес салмағы	Өлшем бірлігі	2005 жылғы орташа әлемдік баға	2005 - 2007 жылдарға арналған есептік тұрақты әлемдік бағалар
Шикі мұнай (BRENT қоспасы)	56,8	АҚШ долл./баррель	42	19
Тазартылған мыс	5	А Қ Ш долл./тонна	2100-2300	2100
Өңделмеген мырыш	1,1	А Қ Ш долл./тонна	850-1000	850
Тазартылған қорғасын	0,4	А Қ Ш долл./тонна	420-500	420

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 1 т а м ы з д а ғ ы

№ 9 1 7 қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Ескерту. 3-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.12. № 332 қаулысымен.

**3-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫНЫҢ 2005-2007 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МАҢЫЗДЫ
КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ БОЛЖАМЫ**

АСТАНА - 2005

Көрсеткіштер	2004 ж. есеп	болжам			2005ж. 2004 жылға %-бен	2007ж. 2004 жылға %-бен
		2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.		
Өлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер						
Халықтың жалпы саны, мың адам	15012,7	15096,4	15211,8	15319,6	100,6	102
Экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны, мың адам	7148,2	7271,8	7387,5	7493,2	101,7	104,8

Зейнеткерлердің саны (орташа жылдық), мың адам	1647,2	1608,8	1577	1548,8	97,7	94
Базалық зейнет-ақы төлемін ескергендегі зейнетақының орташа айлық мөлшері, теңге	8571	10839	12886	13479	126,5	157,3
Нақты жалақы (шағын кәсіпорындарды ескере отырып), өткен жылға %-бен	113,7	107	107	107,2		122,7
Маңызды макро-экономикалық көрсеткіштер						
Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге	5542	6580	7808	8892	119	160
өткен жылға %-бен	109,4	108	108	108,3		126,3
Жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ долл.	2697	3352,8	4041,8	4681	124	174
ЖІӨ салалық құрылымы, %	100	100	100	100		
<i>Тауарлар өндірісі</i>	45	42,1	40,4	38,7		
оның ішінде:						
өнеркәсіп	31,1	28,6	27	25,5		
ауыл шаруашылығы	7,9	7,3	6,8	6,3		
құрылыс	5,9	6,2	6,5	6,9		
<i>Қызметтер өндірісі</i>	50,6	53,0	54,6	56,2		
<i>Таза салықтар</i>	6,2	6,3	6	6,6		
Қаржылық делдалдық қызметтері	-1,7	-1,4	-1,4	-1,5		
Кірістерді құру әдісімен, ЖІӨ %	100	100	100	100		
Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу	37,9	38,1	38,3	38,3		
Өндіріс пен импортқа	10,3	10,2	10,1	10,1		

салынатын таза салықтар						
өнімдер мен импортқа салынатын салықтар	8,3	8,3	8,1	8,1		
өндіріске салынатын басқа да салықтар	2	1,9	2	2		
Жалпы пайда және жалпы, аралас кірістер	36,2	36,2	36,1	36		
Негізгі капиталды тұтыну	15,7	15,6	15,6	15,7		
Таза пайда және таза, аралас кірістер	0,2	0,2	0,2	0,2		
Түпкі пайдалану әдісімен ЖІӨ, %	100	100	100	100		
Түпкі тұтынуға арналған шығыстар:	75	75,5	75,6	75,8		
үй шаруашылық- тарының	62,3	62,8	63	63		
мемлекеттік басқару органдарының	11,3	11,3	11,3	11,4		
үй шаруашылық- тарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың	1,4	1,4	1,3	1,4		
Жалпы жинақтау	19	18,6	18,6	18,4		
негізгі капиталды жинақтау	16,8	16,3	16,3	16,3		
материалдық айналым қаражаты қорларын өзгерту	2,2	2,3	2,3	2,1		
Тауарлар мен қызметтердің таза экспорты	6,0	5,9	5,8	5,8		
Статистикалық айырмашылық						

Ақша базасы, млрд. теңге	578	803	1022	1248	139	216
Ақша массасы, млрд. теңге	1564	2123	2760	3470	136	222
Экономиканы монеталандыру деңгейі, %	28,2	32,3	35,3	39		
Ұлттық Банктің ресми қайта қаржыландыру ставкасы, жыл соңына	7	7	6,5	6		
Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтері, млн. АҚШ долл.	9280	11719	13072	14655	126	158
Тұтыну бағала- рының индексі, %-бен жылына орта есеппен	6,9	5-7	5-7	5-7		
Негізгі капиталға инвестициялар, млрд. теңге	1530,6	1714	1971	2247	112	147
өткен жылға %-бен	110,6	112	115	114		147
Тауарлар экспорты (FOB), млн. АҚШ доллары	20537	22857,9	23386,3	24196,2	111	118
Тауарлар импорты (FOB), млн. АҚШ доллары	13783,4	14976,6	18254,7	19635,1	109	142
Сауда теңгерімі, млн. АҚШ доллары	6753,6	7881,3	5131,6	4561,1	117	68
Өнеркәсіптік өнім (жұмыстар, қызметтер) көлемі млрд. теңге	3733,8	4294,4	4624,3	5056,6	115	135
өткен жылға %-бен	110	107,1	106,2	106,3		121
Ауыл шаруашы- лығының жалпы өнімі, млрд. теңге	693,3	738,4	791,7	841,5	107	121

өткен жылға %-бен	100,1	102,7	102,9	102,9		
Құрылыс, млрд. теңге	678,8	828,5	997,9	1217,9	120	177
өткен жылға %-бен	111,2	109,5	109,5	110		132
Көлік, млрд. теңге	1180,8	1367,5	1589,9	1854,8	116	157
өткен жылға %-бен	109	107,2	109	109		127
Байланыс, млрд. теңге	172,4	217,3	273,7	341,6	126	198
өткен жылға %-бен	132	120	120	120		173
Сауда, млрд. теңге	1117,8	1279,3	1498,9	1747,7	114	156
өткен жылға %-бен	110,4	109	109,5	110		131

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 1 т а м ы з д а ғ ы

№ 9 1 7 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ескерту. 4-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.30. № 1433 ,
2005.05.31. № 538 қаулысымен.

**4-бөлім. 2005-2007 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленіп жатқан
мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың тізбесі Астана-
2004**

Р/с N	Бағдарламаның атауы (Бағдар. лама немесе бағдарламаны әзірлеу негізде. месі бекітілген нормативтік құ. қықтық кесім)	Іске асыру кезеңі	Жауапты орындау.	Болжанып отырған шығыстар (млн. теңге)				
			шылар -----	республикалық бюджет -----	2004ж.	2005ж.	2006ж.	2007ж.
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарлама

1	Қазақстан Респу. бликасының ақпа. раттық қауіпсіз. дігін қамтамасыз етуін және мем. лекеттік құпия. ларын қорғаудың 2005-2007 жыл.	2005-2007	Қазақ. жж.	77,197 стан Респуб. ликасы Премьер- Минис. трінің Кеңсесі
---	---	-----------	---------------	--

дарға арналған
мемлекеттік бағ.
дарламасы (Қа.
зақстан Респу.
бликасы Қауіп.
сіздік Кеңесінің
2004 жылғы 31
наурыздағы N 1
мәжіліс хаттама.
сына сәйкес әзір.

ленеді)

1-1	Қазақстан Республикасында мемлекеттік	2005- 2007	БП жж.	2582,5 (келісім бойынша)	2231,3
құқықтық статистика мен арнайы есепке алуды дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасы					

Кестенің жалғасы

P/c	Болжанып отырған шығыстар (млн. теңге)							
N	-----							
	жергілікті бюджеттер				басқа да көздер			
	-----				-----			
	2004ж.	2005ж.	2006ж.	2007ж.	2004ж.	2005ж.	2006ж.	2007ж.

1	9	10	11	12	13	14	15	16

1	2	3	4	5	6	7	8
---	---	---	---	---	---	---	---

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

2 (Тарау және 2-жол алынып тасталды - 2004.12.30. N 1433 қаулысымен)

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Қолданыстағы мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар

3	Қазақстан Респу.	2004-2005	ІІМ,	374,9	582,6
	бликасында наша.		жж.		облыс.
	қорлыққа және				тардың
	есірткі бизнесіне				Астана
	қарсы күрестің				және
	2004-2005 жыл.				Алматы
	дарға арналған				қалала.
	бағдарламасы				рының
	(Қазақстан Респу.				әкімдері
	бликасы		Үкіметі.		
	нің	2004	жылғы		
	13		сәуірдегі		
	N 411		қаулысы		)

Кестенің жалғасы

1	9	10	11	12	13	14	15	16
---	---	----	----	----	----	----	----	----

3		300,2				213,6		
---	--	-------	--	--	--	-------	--	--

1	2	3	4	5	6	7	8
---	---	---	---	---	---	---	---

Өзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар

4 Қазақстан Респу. 2005-2007 ІІМ 1925,6 2400, 4567,
бликасында құқық жж. 881 34

б ұ з у ш ы л ы қ т ы ң
а л д ы н а л у м е н
қ ы л м ы с қ а қ а р с ы
к ү р е с т і ң 2 0 0 5 -
2 0 0 6 ж ы л д а р ғ а
а р н а л ғ а н б а ғ д а р .
л а м а с ы (Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы Ү к і .
м е т і н і ң 2 0 0 3 - 2 0 0 6
ж ы л д а р ғ а а р н а л ғ а н
б а ғ д а р л а м а с ы н
і с к е а с ы р у ж ө н і н .
д е г і і с - ш а р а л а р
ж о с п а р ы н ы ң
1 0 . 3 - т а р м а ғ ы н а
с ә й к е с ә з і р л е н д і)

К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

1 9 10 11 12 13 14 15 16

4

1 2 3 4 5 6 7 8

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Қолданыстағы мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар

5 "Халық денсау. 1998-2008 ДСМ 13428,7 6791,8 6472,9
лығы" мемлекеттік жж .
бағдарламасы (Қа .
зақстан Респу б .
2004 жылы Компания кірістері 4915 млн. теңге сомасында көзделіп отыр, бұл 2003 жылғы деңгей мен жоспардан 31 %-ға (1160 млн. теңге) асып түсті. Кірістердің өсуінің негізгі факторлары: әуе тасымалдары көлемінің өсуімен және 2003 жылғы екінші тоқсаннан бастап тарифтер деңгейінің өзгеруімен, сондай-ақ Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі (JBIC) қарызының кредиттік қаражатын қайта бағалау кезіндегі бағамдық айырмамен байланысты Қоғамның операциялық емес қызметтен түсетін кірістерінің 485 млн. теңгеге ұлғаюымен байланысты әуежай қызметтерін көрсетуден түсетін кірістердің ұлғаюы болып табылады.

2004 жылы әуежай шығыстары 4340 млн. теңгені құрайды, бұл 2003 жылғы деңгейден 43%-ға немесе 1306 млн. теңгеге асып түседі және жоспарланатын көлемнен 15 %-ға (579 млн. теңге) ұлғайды.

Бағамдық айырма бойынша шығыстармен байланысты операциялық емес қызмет бойынша шығыстардың 1090 млн. теңгеге ұлғаюы көрсетілген кезеңде Қоғам шығыстарының ұлғаюының негізгі себебі болды.

2004 жылғы қорытындылар 574 млн. теңге сомасындағы оң қаржы нәтижесімен к ү т і л у д е .

Компанияның инвестициялық қызметі екі негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылды:

1. "Астана қаласының халықаралық әуежайын салу" жобасын іске асыру

Жобаның жалпы құны 35,9 млрд. теңге, қаржыландыру көздері - Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің (JBIC) үкіметтік қарызы және республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру. Іске асырылу кезеңі 1998-2005 жылдар.

Жобаның ТЭН-не сәйкес жаңа терминалдың сағатына 600 жолаушыға дейінгі жобалы қуатқа шығуы 2005 жылға жоспарлануда.

2. Негізгі қорларды ауыстыру

Негізгі қорларды жаңғырту шеңберінде әуежайдың меншікті қаражаты есебінен негізгі құралдарға жөндеу жүргізілді және олар ауыстырылды (арнаулы техника, жабдық, әуе кемелері тұратын орындарды жөндеу).

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ

2002 жылмен салыстырғанда 2003 жылы кірістердің 4 есе немесе 79,9 млн. теңгеге ұлғаюы байқалды. Бұл ретте шығыстар 78,9 млн. теңгеге немесе 3 есе өсті. Кірістердің өсуінің шығыстардың 6 %-ға асып түсуі Компанияның қаржы жағдайының біртіндеп оңалуының және дағдарыс алдындағы жағдайдан шығуын білдіреді.

Ақпараттық өнім өндірісі өсуінің жандануы, жазылушылар санын ұлғайту жөнінде алдын ала қабылданған шаралар, ұсынылатын өнім сапасының артуы, тілшілік желіні одан әрі ірілендіру Компанияның белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік б е р д і .

Компанияның өндірістік қуатының өсуін егжей-тегжейлі қараған жағдайда 2002 жылмен салыстырғанда 2003 жылы шығарылатын жаңалық өнімінің абсолютті мәндегі саны жыл сайын 15204 жаңалыққа немесе 83,4%-ға өсті.

2003 жылы жұмыс қорытындылары бойынша жалпы кіріс 100,9 млн. теңгені, шығыстық бөлік 102,7 млн. теңгені құрады, бұл 1,8 млн. теңге мөлшеріндегі залалды нәтижеге әкеп соқты.

2004 жылы негізгі қызметтен түсетін кіріс 142,9 млн. теңге сомасында жоспарланып отыр, бұл 2003 жылмен салыстырғанда 43%-ға немесе 43,2 млн. теңгеге артық. Бұл ретте шығыстар 137,2 млн. теңге сомасында жоспарланған, бұл 2003 жылғы соған ұқсас кезеңмен салыстырғанда 34%-ға артық.

2004 жыл бойы қолданыстағы ұстанымдарды күшейту, әрі неғұрлым перспективалы ақпараттық рыноктарға шығу жоспарлануда. Осы тұрғыда сапалы компаниялар санын жүргізу есебінен клиенттік базаны одан әрі кеңейту, сондай-ақ жаңа пилоттық жобаларды енгізу, қосымша маркетингтік әзірлемелерді жүргізу ұйғарылып отыр.

Қазақстанның индустриялық-инновациялық саясатын жария ету үшін 2004 жылдың басында Компания сайтында "Индустриялық-инновациялық саясат" атты баннер орналастырылды, мұнда Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясының тарихына, ағымдағы жай-күйіне және перспективаларына қатысты барлық тақырыптар мен мәселелердің жариялануы көрініс тапты.

"Қазақстан инжиниринг" ҰК" ААҚ

Машина жасау саласындағы қызметті жүзеге асыратын "Қазақстан инжиниринг" ҰК" ААҚ "Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 244 қаулысының негізінде құрылды.

2002 жылы Компания өндірген өнім көлемі 4,4 млрд. теңгені, 2003 жылы 3,9 млрд. теңгені құрады, азаю 11,4%-ды құрады.

Негізгі қызметтен түсетін кіріс 2002 жылы 4,9 млрд. теңгені, 2003 жылы 4,5 млрд.

теңгені құрады. Кірістердің азаюы 8,6%-ды құрады.

2002 жылы таза залал 75 млн. теңге сомасында қалыптасты, 2003 жылы 609,7 млн. теңгені құрады.

2003 жылы мұндай залалдық цифрларының пайда болуын туындатқан себептер: өткен жылдар шығыстарының 2003 жылы көрініс табуы, кәсіпорындарда жүйеленген әрі дұрыс бухгалтерлік және салықтық есептің болмауы, дебиторлық берешекті өндіріп алу жөніндегі қанағаттанғысыз жұмыс, өнімнің өзіндік құнын қалыптастырудың дұрыстығын бақылаудың болмауы болып табылады, бұл тауарларды өзіндік құнынан төмен өткізуге алып келді.

2005-2007 жылдарға арналған перспективалар "ҚазМұнайГаз" ҰК" ЖАҚ

Мақсаттары мен міндеттері

Компания өз алдына мынадай ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарды қояды: шикізат базасын дамыту және шикізат өндірудің жоғары өсу қарқынын ұстап тұру; шикізат ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру; мұнай операцияларын қолдау үшін мұнай өңдеу саласын, мұнай-газ тасымалы жүйесі мен инфрақұрылымын дамыту; жобаларды Компанияның Солтүстік Каспий жобасын іске асыру шеңберінде қатысуымен кеңейтуді қамтамасыз ету; Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасына қараңыз.U101105 сәйкес функциялар мен іс-шараларды жүзеге асыру; мұнай-газ саласы үшін ұлттық кадрларды дамыту; өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

Мұнай мен газ өндіру жөніндегі қуаттың, техникалық деңгейдің өсуі, инфрақұрылымды дамыту және әртараптандыру негізінде Компания мен оның еншілес ұйымдарының көмірсутектерді барлауды, өндіруді, қайта өңдеуді, тасымалдауды және өткізуді қоса алғанда, инвестициялық қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететін белсенді инвестициялық саясат қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі негізгі құрал болып табылады.

2005 жылы мұнай өндіру 8,7 млн. тоннаға, ал 2006 және 2007 жылдары 8,85 млн. тоннаға жетеді деп жоспарлануда.

Атырау МӨЗ-де мұнай өңдеу көлемі 2005 жылы 2500 млн. тоннаны және 2006 мен 2007 жылдары 3100 млн. тоннаны құрайды.

2006 жылы мұнай тасымалдау көлемі 2007 жылы 52,3 млн. тоннаға ұлғаюымен 46,6 млн. тонна деңгейінде жоспарлануда.

2005 жылы газ тасымалдау көлемі 133,3 млн. м.³, 2006 жылы 141,2 млн. м.³, 2007 жылы 154,7 млн. м.³ құрайды.

Компанияның жиынтық таза табысы 2006 жылы - 40,2 млрд. теңге және 2007 жылы - 45,7 млрд. теңге болып жоспарлануда.

Мұнайды өткізу барлық үш дәстүрлі бағыт бойынша жүзеге асырылады: ішкі рынок (Атырау МӨЗ), жақын және алыс шетелдерге экспорт, оның үстіне Атырау МӨЗ-ге және алыс шетелдерге жеткізу басымдылық сипатқа ие болады. Алыс шетелдерге экспорт шығару 2003 жылы 2,1 млрд. тоннадан 2007 жылы 2,2 млн. тоннаға дейін ұ л ғ а я д ы .

Бірқатар негізгі инвестициялық жобаларды, оның ішінде:
Өзен кен орнын оңалту (19,3 млрд. теңге) және Амангелді топты газ кен орындарын игеру (21,5 млрд. теңге) жобаларын;
мынадай: Оңтүстік Жамбай - Оңтүстік Забурунъе (310 млрд. теңге), Түпқараған (15,4 млрд. теңге), Аташ (3,5 млрд. теңге), С1 жағалау блогы, С2 жағалау блогы, Арал (14,2 млрд. теңге) кен орындарын геологиялық барлау және игеру жобаларын;
Атырау МӨЗ-ді қайта жаңарту жобасын (42,9 млрд. теңге);
Атырау қаласы әуежайының ұшу-қону алаңын салу жобасын (3,4 млрд. теңге);
Батыс Қазақстанда мультсервистік байланыс желісін салудың және Атырау-Теңіз-Ақтау, Шымкент-Құмкөл учаскелерінде ТОВЖ салуды қаржыландыруға үлестік қатысудың біріктірілген жобасын (2,1 млрд. теңге);
мұнай мен газды қайта өңдеу өнімдерін өткізу желісін құру және кеңейту жобасын (3,5 млрд. теңге) жүзеге асыру жоспарлануда.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" ЖАҚ

Мақсаттары мен міндеттері

Уран өнеркәсібі кәсіпорындарын басқару функцияларын қамтамасыз ету Қоғамның негізгі мақсаты болып табылады.

Мақсаттарға орай, болжамды кезеңде шешілуі қажет мынадай міндеттер қ а л ы п т а с т ы .

Уран өндірісін дамыту бойынша

жылына ВВЭР үлгісіндегі реакторлар үшін 200 тонна отын таблеткаларын және РБМК үлгісіндегі ресейлік реакторлар үшін 200 тонна отын таблеткаларын өндіре отырып, УГФ мен қалпына келтірілген уранды отын таблеткаларына дейін қайта өңдеу қызметтер көрсету рыногында өз ұстанымын сақтау;

құрамында уран бар материалдарды - қайталама балқымаларды жылына 150 тонна көлемінде қайта өңдеу қызметтері бар әлемдік уран рыногындағы өз ұстанымдарын с а қ т а у ж ә н е к е ң е й т у ;

ТУХК-ті уранның техникалық тотықша-тотығына дейін жылына 2400 тонна көлемінде қайта өңдеуді қамтамасыз ету;

құрамында уран бар өнімдермен - уран диоксиді ұнтағымен және ауырсу

реакторлары үшін таблеткалармен, қазақстандық шикізаттан уранның байытылмаған гексафторидімен алыс шетел рыноктарына шығу.

Бериллий өндірісін дамыту бойынша:

бериллий лигатуралары мен құймакесектерін өндірудің экономикалық тиімділігін арттыру ;

мыс-бериллий қорытпаларын өндіру және сату көлемдерін ұлғайту;
мыс-бериллий лигатураларын алудың карботермикалық технологиясын жетілдіру;
карботермия әдісімен алынған лигатурадан құрамында 10% бериллий бар мыс-бериллий өндіруді игеру.

Тантал-ниобий өндірісін дамыту бойынша:

тантал-ниобий шикізатының дербес шикізат базасын құру және дамыту;
тантал-ниобий шикізатын кешенді өңдеу жөніндегі технологияларды әзірлеу және қуаттарды құру ;

ниобий өнімінің толық спектрін өндіруді игеру, дайын бұйымдарға шығумен қайта өңдеу дәрежесін одан әрі арттыру.

2006 жылы 3552 млн. теңге, 2007 жылы 4391 млн. теңге таза пайда алу жоспарланып отыр.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

бәсекеге қабілетті ядролық отын өндіру;
уран өнімінің барлық түрі бойынша маркетингтік зерттеулердің тиімділігін арттыру ;

ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және жартылай үзбей құю технологиясын енгізу ;

конденсаторлар үшін сыйымдылығы жоғары тантал ұнтақтарын және сым өндіру технологиясын құру ;

жұмыс істеп тұрған өндірісті техникалық қайта жарақтандыру.

Инвестициялық жобалар

Уран, бериллий және тантал өндіру жобаларын іске асыру өңірі - Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, "ҮМЗ" ААҚ.

У р а н ө н д і р і с і :

"ҮМЗ" ААҚ-та "N 600 корпуста апаттық дабыл беру жүйесін қайта жаңарту" (жобаның жалпы құны - 4,85 млн. теңге);

N 600 корпуста "Желдету және үйлестіру жүйесін оңтайландыру" (61 млн. теңге);

"АЭС үшін отын элементтерін өндіруді жетілдіру. N 600 корпуста уран тотығын қалпына келтірудің зертханалық учаскесі" (28,6 млн. теңге);

"4.4А корпусында уранның күлі мен ашылуы қиын концентраттарын қайта өңдеу жөніндегі толық технологиялық цикл құру" (220,9 млн. теңге);

"Жұмыс істеп тұрған өндірісті техникалық қайта жарақтандыру" (1072,1 млн. теңге)

;

"Қышқылдардың шығыстық қоймасы. 713-құрылыс" (69,5 млн. теңге).

Б е р и л л и й ө н д і р і с і :

"Жұмыс істеп тұрған өндірісті техникалық қайта жарақтандыру" (313,1 млн. теңге).

Т а н т а л ө н д і р і с і :

"Танталдан жасалған сыйымдылығы жоғары ұнтақтарды шығару технологиясын әзірлеу және оны игеру" (1186,3 млн. теңге);

"ҮМЗ - тау-кен байыту комбинаты". Меншікті плавикті шпат шикізат базасын құру болжануда. Жобаның жалпы құны - 1129,4 млн. теңге;

"Булаушы тоғандарды қайта жаңалау" (562,5 млн. теңге).

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ЖАҚ

Мақсаттары мен міндеттері

2005-2007 жылдары елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, астық бағасының демпингінің алдын алу, астық өткізу рыноктарын кеңейту компанияның негізгі мақсатына жатады.

Мыналар Корпорацияның негізгі міндеті болып табылады: мемлекеттік астық ресурстарының сақталуын және жаңартылуын қамтамасыз ету; қазақстандық астықты әлемдік рыноктарға жылжыту және дәстүрлі рыноктардағы ұстанымдарды нығайту.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

2005-2007 жылдары мынадай шаралар көзделеді: тұқымдық материал сапасын жақсарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу; ішкі рыноктағы астық бағасын реттеу; мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің сақталу сенімділігін арттыру; қазақстандық астықты, оның ішінде оны тасымалдау жөніндегі проблемаларды шешу жолымен өткізудің тиімділігін жоғарылату; астық өңдеуші ұйымдарға астық өткізудің тәртібін, оның уақтылы және тиімді өткізілуін қамтамасыз ету мақсатында жетілдіру; қазақстандық астықты халықаралық рыноктарға жылжыту.

2005 жылға арналған жалпы кіріс 36697,1 млн. теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 4880,9 млн. теңге; меншікті қаржы-шаруашылық қызмет бойынша кіріс - 31813,2 млн. теңге.

2005 жылы бюджетке мемлекеттік акциялар пакетіне 244,7 млн. теңге мөлшерінде дивидендтер аудару жоспарланады.

2006 жылға арналған жалпы кіріс 37407,4 млн. теңге мөлшерінде жоспарланды, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 4975,4 млн. теңге;

меншікті қаржы-шаруашылық қызмет бойынша кіріс - 32431,9 млн. теңге.
2006 жылы бюджетке мемлекеттік акциялар пакетіне 249,4 млн. теңге мөлшерінде дивидендтер аудару жоспарланады.

2007 жылға арналған жалпы кіріс 38131,4 млн. теңге мөлшерінде жоспарланды, о н ы ң і ш і н д е :

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 5071,7 млн. теңге;

меншікті қаржы-шаруашылық қызмет бойынша кіріс - 33059,7 млн. теңге.

2007 жылы бюджетке мемлекеттік акциялар пакетіне 254,2 млн. теңге мөлшерінде дивидендтер аудару жоспарланады.

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" ЖАҚ

Мақсаттары мен міндеттері

Қоғамның 2005-2007 жылдардағы негізгі мақсаты электрондық үкіметті құру үшін базаны қалыптастыру болып табылады.

Қоғамның негізгі міндеттері болып мыналар табылады:

Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып қалыптастыру, оның ішінде электрондық үкіметтің инфрақұрылымын құру іске асыру және оған қызмет көрсету, мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстарын біріктіру;

мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесін жүйелік-техникалық қызмет көрсету және сүйемелдеу, телекоммуникациялық қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін техникалық базаны қалыптастыру.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

Мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді іске асыру үшін Қоғам 2005-2007 жылдары мынадай шараларды көздейді:

ақпараттық технологиялар саласында тәжірибені зерттеу және озық халықаралық компаниялармен ынтымақтастық;

жоғары білікті ұжымды оқыту және қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымының нормативтік құқықтық базасын қалыптастыруға қатысу және жетілдіру;

мемлекеттік органдардың қолданыстағы және әзірленетін ақпараттық жүйелерін б і р і к т і р у .

Қоғам 2005 жылы қаржылық-шаруашылық қызметінен 51,9 млн.теңге мөлшерінде таза табыс алуды жоспарлап отыр, оның бюджетке 4,9 млн.теңге мөлшерінде акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтерді аудару жоспарлануда.

Қоғам 2006 жылы қаржылық-шаруашылық қызметінен 67,2 млн.теңге мөлшерінде таза пайда алуды жоспарлап отыр, оның 30,2 млн.теңге мөлшерінде бюджетке акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтерді аудару жоспарлануда.

Қоғам 2007 жылы қаржылық-шаруашылық қызметінен 71,8 млн.теңге мөлшерінде таза пайда алуды жоспарлап отыр, оның 35,9 млн.теңге мөлшерінде бюджетке акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтерді аудару жоспарлануда.

"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ

Мақсаттары мен міндеттері

Қордың 2005-2007 жылдардағы негізгі мақсаты кәсіптік менеджментпен тұрақты қаржы институты ретінде Қазақстан Республикасы халқының барлық топтары мен өңірлері үшін зейнетақы қызметтер көрсетуінің сапасы мен оған қол жеткізудің жоғары деңгейін ұсынатын қор ретінде құрылуы болып табылады.

Осы мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу жоспарланып отыр: менеджмент пен қызметтер көрсету сапасының халықаралық стандарттарын енгізу ж ә н е с а қ т а у ;

салымшылардың жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарын сақтау мен өсіру мүдделеріне сай зейнетақы активтерін тиімді инвестициялық басқаруды қ а м т а м а с ы з е т у ;

Қордың қаржылық орнықтылығын және салымшылардың зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу және е н г і з у ;

Қордың қалыптасқан салымшыларымен олардың зейнетақы заңдары бойынша өз құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін арттыруды, сондай-ақ тұрғындар үшін Қор қызметінің ашықтығын және айқындығын қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық-түсіндірме жұмысын күшейту;

жүйе арқылы өңірлерде өңірлік өкілдіктердің, филиалдардың (Алматы қаласында филиал құруды қоса алғанда), агенттік пункттердің және жеке тұлға-агенттердің жұмысын ұлғайта отырып, тұрғындар үшін зейнетақы қызметтер көрсетуінің қол жеткізу мүмкіндігін және оның сапасын арттырудан тұратын өңірлік саясатты одан әрі б е л с е н д і д а м ы т у ;

бәсекелі орта жағдайларында Қордың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және көрсетілетін зейнетақы қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында Қорда маркетингтік бөлімшесін құра отырып, маркетингтік жұмысты күшейту;

салымшыларға арналған ақпараттық материалдардың саны мен сапасын арттыру;

салымшылардың, олардың жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтар есебінің сенімділігін қамтамасыз ету және зейнетақы қызметтері көрсетуін жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып ұсыну мақсатында негізгі бизнес-процессорларды автоматтандырып, Қордың бағдарламалық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуін жаңғырту жөнінде басталған жұмысты аяқтау.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

Қор 2005-2007 жылдары міндеттерді негізгі төрт кезеңде іске асыруды жоспарлап
о т ы р :

ИСО 9001-2000 халықаралық стандарттарына сәйкес сапаның менеджмент жүйесін
е н г і з у ;

енгізілген сапаның менеджмент жүйесін ИСО 9001-2000 стандарт талаптарына
сәйкес жоғары деңгейде ұстап тұру;

қызметкерлердің сапаның әзірленген менеджмент жүйесіне сәйкес жұмысқа кәсіби
д а й ы н д ы ғ ы ;

салымшының Қордың қаржылық орнықтылығын және оның тұрақты табыс беретін
қазіргі заманға сай сапалы қызмет көрсету мүмкіндіктеріне деген сеніміне ие болып,
оны тұрақты сақтап қалу арқылы Қордың рыноктық бәсекеге жарамдылығын сақтау
және жетілдіру.

"KEGOC" ААҚ

Мақсаттары мен міндеттері

Қоғамның негізгі мақсаты тұтынушыларды энергиямен сапалы және кідіріссіз
жабдықтауға, Қазақстан экономикасының электр энергиясымен өзін өзі қамтамасыз
етуіне жету болып табылады.

Осыған байланысты 2005-2007 жылдары кезеңіне мынадай міндеттерді шешу қажет
:

"KEGOC" ААҚ-тың көлік жүйесін оңалтуға және энергия жүйенің диспетчерлік
басқарылуын жетілдіруге бағытталған "Қазақстан Республикасының ұлттық электр
торабын жаңғырту" жобасын аяқтау ХЖДБ мен ЕЖДБ алдындағы негізгі борышты
т ө л е у г е к і р і с у ;

құрылысқа қажетті қарыз қаражатын тарта отырып, "Қазақстанның
Солтүстік-Оңтүстігі" транзитінің 500 кВ-тық екінші электр беру желісін салуды бастау.
Осы жобаны іске асыру қолданыстағы транзиттің сенімділігін арттыруға, сондай-ақ
Солтүстік өңірдегі ірі электр станцияларынан арзан электр энергиясын беру есебінен
Оңтүстік Қазақстанда электр энергиясы мен қуат тапшылығын жабуға мүмкіндік береді
;

электр тораптық объектілерді жөндеу мен пайдалану жөнінде қажетті жұмыстарды
ж ү р г і з у ;

Қоғамның шығынсыз қызметін қамтамасыз ету.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

Қоғам қойылған міндеттерді шешу үшін:

көрсетілетін қызметтердің сапасы мен республиканың Біртұтас энергетикалық
жүйесінің жұмыс істеу сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамды басқару
құрылымын және Қазақстан Республикасының Біртұтас энергетикалық жүйесін

жетілдіру жөніндегі жұмыстар жүргізу;

"Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі" 500 кВ-тық транзитінің екінші электр беру желісін салу үшін қажетті қарыз қаражатын алуды жүзеге асыру;
әдіснаманың тарифтік саясатын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру.

2005 жылы техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көлемі 62,1 млрд. кВт.сағатқа, ал 2006 жылы - 64,3 млрд. кВт.сағатқа, 2007 жылы 67,0 млрд. кВт.сағатқа дейін деңгейде жоспарланып отыр.

Электр энергиясын беру көлемі 2006 жылы 747 млн.кВт.сағатқа ұлғаяды және 30,98 млрд.кВт.сағат, 2007 жылы - 32 млрд.кВт.сағатты құрайды.

Қоғам негізгі қызметінен кірістерді: 2005 жылы 17,2 млрд.теңге (2004 жылға 14%-ға ұлғаю), 2006 жылы 18,5 млрд.теңге және 2007 жылы 19,9 млрд.теңге мөлшерінде алуды жоспарлап отыр.

Қоғам қарастырылған кезеңде мынадай жобаларды іске асыруды жоспарлайды:

1. Ұлттық электр торабын жаңғырту жобасы. 2005 жылы жоба бойынша инвестициялар сомасы 5,9 млрд.теңге мөлшерінде, оның ішінде ХЖДБ мен ЕЖДБ қаражаты есебінен - 4,5 млрд.теңге, Қоғам қаражатынан - 1,3 млрд.теңге жоспарланып отыр.

Тұтастай алғанда 2005-2006 жылдары барлық көздерден осы жобаға 10,8 млрд.теңге жұмсау көзделіп отыр.

2. "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі" 500 кВ-тық транзитінің екінші желісін салу жобасы.

"Қазпочта" ААҚ

Мақсаттары мен міндеттері

Қоғамның таяу перспективада дамуының негізгі мақсаты жоғары сапалы деңгейде ұсынылатын почта-жинақтау қызметтерге еркін қол жетімділігін қамтамасыз ете алатын өңірлік инфрақұрылымды дамыту болып табылады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

Қоғамның материалдық-техникалық базасын жаңғырту және қазіргі заманғы технологияларды енгізу;

почта-жинақтау қызметтерін ұсыну сапасын арттыру;

ауыл тұрғындары үшін почта-жинақтау жүйесінің базалық қызметіне қол жетімділікті және қоғамға лайықты сапаны қамтамасыз ету;

көрсетіліп отырған қызметтер көрсету аясын кеңейту және қазіргі заманғы банктік өнімдерді және Интернетке бағдарланған қызметтер көрсетуді енгізу үшін технологиялық база құру;

басқарудың қазіргі заманғы технологияларын енгізу.

Қойылған міндеттерге қол жеткізу мынадай іс-шараларды жүзеге асыруды

б о л ж а й д ы :

калалық, аудандық және ауылдық деңгейлерде өңірлік желіні дамыту;
корпорациялық ақпараттық жүйені құру негізінде қазіргі заманғы технологияларды
е н г і з у ;

нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, жаңа қызметтерді көрсету жөніндегі
Қоғам қызметін регламенттейтін әдіснамалық базаны қалыптастыру.

Шетелдік ұйымдармен және почта әкімшіліктерімен халықаралық
ынтымақтастықты дамыту саласында Қоғам мынадай бағыттарды айқындады:

біртұтас почта аумағын сақтау, сала қызметкерлерін оқыту үшін Дүниежүзілік
почта одағының органдарымен, өңірлік почта одақтарымен, шетелдік почта
әкімшіліктерімен ынтымақтастықты дамыту;

Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттерінің арасында авиа және жерүсті
көліктерімен жіберілетін почта жөнелтілімдерінің жүріп өтетін бақылау мерзімін
ә з і р л е у ж ә н е е н г і з у .

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

Қазіргі заманғы технологиялар мен жабдықтарды пайдалану қызметтерді ұсыну
сапасын арттыруға және олардың аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Мынадай
іс-шаралар басым болып айқындалған: почта байланысын пайдаланудың сапалық
көрсеткіштерін бағалау нормативтерін және почта жөнелтімдерін жеткізудің бақылау
мерзімдерін қысқарту мақсатында қайта қарау, өңірлік желіні және магистралдық
б а ғ ы т т а р д ы о ң т а й л а н д ы р у .

Алға қойылған мақсаттарға табысты қол жеткізу үшін таяу перспективада
көрсетілетін қызметтер аясын кеңейтуге, олардың жаңа түрлерін енгізуге көп назар
а у д а р ы л а д ы , о н ы ң і ш і н д е :

тапсырыстар бойынша сәлемдемелік сауда жүйесінің шегінде сервистік қызмет
көрсету арқылы "Тауар-Почтамен" каталогтары бойынша почталық сауданы
ұйымдастыру және дамыту, оның ішінде Интернет арқылы;
трансфер-агенттік қызметтерді ұсыну;

зейнетақы қорларына зейнетақы жинақтары туралы хабарламаларды жеткізіп
беруге байланысты салымшыларды шарт жасасуға тарту жөнінде агенттік қызмет
к ө р с е т у с а л а с ы н к е ң е й т у ;

жасасқан шарттар бойынша сақтандыру ұйымдарымен агенттік қызметтер көрсетуді
д а м ы т у .

Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық дамуына жәрдемдесу
үшін Қоғам 2005-2007 жылдары біртұтас ақпараттық кеңістікке қол жетімділікті
камтамасыз ететін және технологиялық дамудың базалық тұғыры болатын
технологиялық процестердің жаңғырту және автоматтандыру процесін жалғастыру
жоспарланып отыр. Негізгі іс-шаралар ретінде мыналар айқындалды:
корпорациялық ақпараттық жүйені енгізуді аяқтау;

Қоғамның ауылдық өңірлік желісін компьютерлендіру;
Қоғамның материалдық-техникалық базасын жаңғыртуды жүзеге асыру және
қазіргі заманғы технологияларды енгізу;
жоғары технологиялық қызметтерді енгізу үшін техникалық және әдіснамалық негіз
қ ұ р у .

2005-2007 жылдары шығатын жазбаша хат-хабардың көлемін 17,2 млн. бірлікке дейін немесе 2003 жылға қарағанда 6,2%-ға ұлғайтуды қамтамасыз ету және 2005-2007 жылдары сәлемдемелерді қабылдау деңгейін 1,4 млн. бірлікке дейін немесе 2003 жылмен салыстырғанда 16,7%-ға арттыру, мерзімді баспа басылымдарының көлемін 2003 жылмен салыстырғанда 2007 жылы 8,1 %-ға өсуін қамтамасыз ете отырып, 2007 жылы 98,4 млн. бірлікке дейін жеткізу жоспарланып отыр. 2007 жылы қабылданған жеделдетілген почта жөнелтілімдерінің санын 350 мың бірлікке немесе 2003 жылмен салыстырғанда 9,4%-ға арттыру жоспарланады.

"Қазақтелеком" ААҚ

Мақсаттары мен міндеттері

Жоспарланып отырған кезеңге "Қазақтелеком" ААҚ жұмысының негізгі мақсаты қоғамның және мемлекеттік басқару органдарының телекоммуникациялық қызметтер көрсетудің барлық түрлерін алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

"Қазақтелеком" ААҚ міндеттері:
рынокта өзінің ұстанымын нығайту;
бизнеске бағдарланған ішкі және сыртқы саясатты қалыптастыру;
бәсекеге қабілетті әрі қазіргі заманғы телекоммуникациялық инфрақұрылымды
қалыптастыру болып табылады.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары
қазіргі заманғы телекоммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыруды аяқтау;
жоғары табысты сегменттерде бизнесті жандандыру;
клиенттерге қызметтер көрсетумен қызмет көрсету сапасын арттыру.

Негізгі телефон аппараттарының саны 2006 жылы 2004 жылмен салыстырғанда 5,9%-ға өседі және 2,4 млн. бірлікті құрайды. Қалааралық, халықаралық телефон трафигі 13% өседі және 1,5 млрд. минутты құрайды.

Жай акцияларға дивидендтерді төлеу заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі. 2005-2007 жылдары жай акцияларға дивидендтерді төлеуге таза пайданың 20%-ға дейін
бағыттау көзделуде.

Инвестициялық бағдарлама мынадай басым жобаларды іске асыруға бағытталады:

Ұлттық ақпараттық супермагистральдің (ҰАСМ) құрылысын жалғастыру;
жергілікті телекоммуникациялар желісін жаңғырту және дамыту;
деректер беру желісін дамыту;

коммерциялық жобаларды дамыту.

2007 жылы ҰАСМ-ның құрылысы аяқталады, жергілікті желілерді цифрландыру деңгейін құрастырылған сыйымдылықтың 60%-ына дейін қамтамасыз ету көзделіп отыр. Сандық жабдықтар базасында жергілікті телекоммуникациялар желілерін жаңғырту мен дамыту, желілер мен оны пайдалану бойынша жұмыстар жалғасуда. "Қазақтелеком" ААҚ алдағы уақыттағы қызметінде озық технологияларды пайдалану негізінде телекоммуникациялық қызметтер аясын кеңейтуге басым мән беретін болады.

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" ЖАҚ

Мақсаттары мен міндеттері

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" ЖАҚ негізгі мақсаты техникалық өсу деңгейінің негізінде темір жол көлігінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру болып табылады.

Темір жол көлігін дамытудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады: жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету ;

одан әрі тұрақты дамуды қамтамасыз ететін, саланың сапалы жаңа техникалық деңгейге көшуі ;

баламалы көлік дәліздері бойынша ұдайы нығайып отыратын бәсекелестік тасымалдау жағдайында Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру; темір жол көлігінің жұмыс істеуінің экономикалық қауіпсіздігіне қол жеткізу.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

өндіріс қуаттарын оңтайландыру, темір жол көлігінің тиімділігін арттыру; темір жол көлігін қайта құрылымдау бағдарламасын іске асыру; жоспарландыру және бюджеттендіру жүйесін жетілдіру; жеке секторды тарту есебінен бәсекелестік ортаны құру; инвестициялық бағдарламаны іске асыру.

2005 жылы болжамды жүк айналымы 170355 млн. т-км (2004 жылға қатысты 7,1%-ға арттыру), 2006 жылы - 182318 млн.т-км (2005 жылға қатысты 7%-ға арттыру), 2007 жылы - 195 627 млн. т-км (2006 жылға қатысты 7,3%-ға арттыру) құрайды.

2004 жылдың қорытындылары бойынша оң қаржылық нәтиже 12 000 млн. теңге, 2006 жылы тиісінше 14244 млн. теңге, 2007 жылы - 15141 млн. теңге болады деп күтілуде. 2005-2007 жылдары акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтерді төлеуге таза табыстың 10% үлесі күтілуде.

2005-2007 жылдары инвестициялар көлемі 107823 млн.теңге мөлшерінде болжанады, оның ішінде 2005 жылы 31851 млн.теңге, 2006 жылы - 37150 млн.теңге және 2007 жылы - 38822 млн.теңгені құрайды. Осы жылдары инвестициялық саясаттың негізгі бағыттары - жолдың жоғарғы құрылысын жаңғырту, байланысты

ақпараттандыру және дамыту, жобалық-ізденіс, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу, жол және жүк шаруашылығын жаңғырту әрі дамыту болып табылады.

"Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ

Мақсаттары мен міндеттері

Болжанған кезеңдегі Компанияның басты мақсаты - тұрақты өсуді, халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес әуе кемелері мен жолаушыларға қауіпсіз және жүйелі қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

Жоспарланатын кезеңге арналған негізгі міндеттер:
халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес әуежайдың инфрақұрылымын құру және техникалық жарақтандырылуын арттыру;
әуе кемелері мен жолаушыларға қызмет көрсетудегі сапаның жоғары стандарттарына қол жеткізу транзиттік әлеуетті дамыту.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

астаналық әуежайдың жаңа қуаттарын неғұрлым көп пайдалануды қамтамасыз ету. Әуежайдың жаңа объектілерін 2005 жылы толық іске қосу оның өткізу қабілетін екі есеге ұлғайтады, бұл авиатасымалдар көлемінің тиісті ұлғаюын талап етеді;

Үкіметаралық келісімдер мен оған толықтырулар бекіту жолымен авиатасымалдау үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша қажетті шаралар қабылдау, сондай-ақ авиакомпаниялармен келісімдер, қажетті жағдайда "еркін әуе" түрлі деңгейлерін пайдаланудың коммерциялық функцияларын шетелдік авиатасымалдаушыларға беру; пайдаланатын әуежайларға, сол сияқты әлеуетті клиенттерге қатысты агрессивті маркетингтік стратегияны жүргізу арқылы өңірде бәсекелестік ұстанымды күшейту;

Еуропа мен Оңтүстік Азия арасындағы бағытта шетелдік авиакомпаниялар орындайтын жүк тасымалдау бойынша транзиттік рейстерді тарту жөнінде жұмыстар жүргізу.

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ

Мақсаттары мен міндеттері

Қоғамның басты мақсаты қоғам мен мемлекет мүддесіндегі ақпараттық қызмет көрсетулердің ауқымды спектрінің ұсынысын қамтамасыз ететін, озат ақпараттық технологиялар негізінде жұмыс істейтін және дамитын ұлттық ақпараттық агенттік құру болып табылады.

Болжанған кезеңнің басым міндеттері болып мыналар табылады:

рыноктағы ұстанымды нығайту;

бағдарланған ішкі және сыртқы саясаттың бизнесін қалыптастыру;
қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті ақпараттық инфрақұрылым қалыптастыру.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

2005-2007 жылдардағы Қоғамның алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуі үшін мынадай іс-шараларды жүргізу жоспарланады:
қазіргі заманғы ақпараттық және техникалық инфрақұрылымды қалыптастыруды
а я қ т а у ;

жоғары табысты сегменттердің бизнесін жандандыру;
клиенттерге қызмет көрсету мен қызмет көрсетудің сапасын көтеру;
ұсынылатын қызметтерді іске асыру өсімі;
өнімдер мен қызметтер көрсетулердің түр-түрін кеңейту, оның ішінде шетел
т і л д е р і н д е ;

қоғамның тұрақты өсуін қамтамасыз ету, жекелеген бизнес процестері бойынша
тиімді еншілес кәсіпорындар құру;

қазіргі заманғы менеджмент деңгейін қамтамасыз ету, консультанттарды тарту,
әріптестік ұйымдармен өзара іс-әрекет;

Астана қаласының сол жағалауында ұлттық ақпараттық орталық салу, тілшілік
желілер мен меншікті радиостанциялар және фотозертханалар құру сияқты ірі
инвестициялық жобаларды іске асыру.

Көрсетілген іс-шараларды іске асыру 2005-2007 жылдар ішінде мемлекеттік
бюджеттік қаржыландырудан рыноктық қызметке біртіндеп көшуге мүмкіндік береді.

Осылайша жаңа қызметтерден түсетін табыстар озық қарқынмен өсетін болады.
2006 жылы 2000-нан астам жазылушылар үшін клиенттердің назарына өнімдердің 10
түрі ұсынылатын болады. Өнімнің түр-түрін ұлғайту өндірістің әртараптандырылуын
көрсетеді, яғни бұл қосымша пайданы алуды білдіреді. Бұл ретте 2005-2007 жылдар
болжамы Қоғамның шығынсыз деңгейге біртіндеп шығуды және белгілі бір тұрақты
нәтижелерге жетуді көздейді. Мәселен, негізгі қызметтен алынатын табыс көлемі 2007
жылы 2003 жылмен салыстырғанда 3,6 есеге өседі (99,7-ден 356,5 млн. теңгеге дейін).

"Қазақстан инжиниринг" ҰК" ААҚ

Мақсаттары мен міндеттері

Компания қызметінің мақсаты өнімді әртараптандыру ішкі рынокты өз өндіретін
өніммен толтыру, экспортқа бағдарланған өнімнің үлесін ұлғайту болып табылады.

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделіп отыр:

кәсіпорындардың оңтайлы мөлшерге қол жеткізу үшін жағдайлар жасау;
кәсіпорындардың өндірістік әлеуетін тиімді пайдалану;
менеджменттің, маркетингтің, қаржылық есепке алудың ілгерінді әдістерін енгізу;
мемлекеттік, шетелдік, отандық инвестицияларды тарту;
ИСО 9000 халықаралық стандарты бойынша сапаның менеджмент жүйесін енгізу.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары

Қойылған міндеттерді шешу үшін мынадай іс-шараларды іске асыру қажет:
өндірістік алаңдар бойынша, сол сияқты жабдықтар бойынша да өндірістік
қуаттарды оңтайландыру;

техникалық, технологиялық және кадрлық жағынан барынша жарақтандырылған
кәсіпорындарда қажетті жұмылдыру қуаттарын сақтау және әскери өнімнің өндірісін
оқшауландыру;

өнімнің өзіндік құнын төмендету;
бірыңғай маркетингтік саясатты әзірлеу.

2005 жылы өндірілетін өнімнің көлемін 10,4 млрд.теңгеге дейін ұлғайту
жоспарланып отыр, бұл 2004 жылғы деңгейден 39%-ға артық.

2006 жылы өнім өндіру 12 млрд.теңгеге дейін ұлғаяды.

2005 жылы Компания 11,4 млрд.теңгеге дейін, 2006 жылы 13,2 млрд.теңге табыс
алуды жоспарлап отыр.

Компания кәсіпорындарының инвестициялық жобалары.

1. "Петропавл ауыр машина жасау зауыты" ААҚ-тың инвестициялық даму жоспары
. Мақсаты: мұнай-газ және темір жол салалары үшін жабдықтардың перспективалық
түрлерін игеру (жобаның құны: 1258 млн.теңге);

2. "Тыныс" АҚ-та композиттік баллондарды (1030,4 млн.теңге) және полиэтилен
тұрбаларын (189 млн.теңге) өндіру;

3. "ЗИКСТО" АҚ-ты 2005-2007 жылдарға арналған жаңғырту және техникалық
қайта жарақтау бағдарламасы (210 млн.теңге);

4. "Қазақстан Республикасының радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық
орталығы" ААҚ-тың инвестициялық бағдарламасы. Мақсаты: бір-көптарифті
электрондық есептегіштердің жаңа буындарын өндіру, сату және сервистік қызмет
көрсету. Құны - 37,8 млн.теңге;

5. "Зенит" Орал зауыты" АҚ-тың инвестициялық бағдарламасы. Бағдарламада жаңа
сыныпты теңіз кемелерінің өндірісін игеру көзделген. Құны - 569 млн.теңге;

6. "Мұнаймаш" АҚ-тың инвестициялық бағдарламасы. "Мұнаймаш" АҚ-тың мұнай
өндіретін кәсіпорындарға штангалы тереңдік сораптарды жасау үшін технологиялық
базасын жаңарту. Құны - 387,4 млн.теңге;

7. "Семей машина жасау зауыты" АҚ-тың инвестициялық бағдарламасы.
Тракторларға трансмиссияларды, қосалқы бөлшектерді жасауды, "КАМАЗ"
автомобильдеріне демультипликаторларды жасауды көздейді. Құны - 2135 млн.теңге.

**Ұлттық компанияларды дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған негізгі
көрсеткіштері Орташа айлық жалақының көрсеткіштері**

(мың.теңге)

Компаниялардың атауы	2003 ж. факт	2004 ж. бағалау	2005 ж. болжам	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам
"KEGOC" ААҚ	45,7	46,8	48,8	50,5	52,3
"ҚазМұнайГаз" ЖАҚ	89,7	95	96,6	99,3	102,6
"Қазатомөнеркәсіп" ЖАҚ	36,2	43,1	44,9	48,6	52,8
"Астана әуежайы" ЖАҚ	29,9	36,8	42,4	44,7	46,9
"Қазақтелеком" ААҚ*	35,6	36,8		38,7	40,7
"Қазпочта" ЖАҚ	14,1	15,5	23,5	30,4	40
"Қазақстан жолы" ЖАҚ*	29,8	37,8		39,6	41,6
"ҰАТ" ЖАҚ	50,6	42,2	46,1	49,8	54,5
"МЖЗҚ" ЖАҚ	89,7	87,7	87,1	87,2	87,3
"Азық-түлік корпорациясы" ЖАҚ	78,4	83	88,6	90,3	92,1
"Қазақпарат" ААҚ	32,1	47,7	62,4	74,9	89,9
"Қазақстан ҰК" ААҚ	13,7	27,4	45,9	49,6	54,6

* - компаниялар 2005-2007 жылдарға арналған даму жоспарларын енгізбеген

Қызметкерлердің саны

(а д а м)

Компаниялардың атауы	2003 ж. факт	2004 ж. бағалау	2005 ж. болжам	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам
"KEGOC" ААҚ	3789	3847	4242	4242	4242
"ҚазМұнайГаз" ЖАҚ	34346	37387	40053	40498	41039
"Қазатомөнеркәсіп" ЖАҚ	15518	16192	17692	18205	18373
"Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ	804	815	815	815	815
"Қазақтелеком" ААҚ*	33006	33006		33006	33006
"Қазпочта" ЖАҚ	12286	12400	13100	13200	13300
"Қазақстан жолы" ЖАҚ*	91523	78831		76107	77267
"ҰАТ" ЖАҚ	258	337	381	428	447

"МЖЗҚ" ЖАҚ	185	210	212	212	212
"Азық-түлік корпорациясы" ЖАҚ	239	315	315	315	315
"Қазақпарат" ААҚ	130	118	155	155	155
"Қазақстан ҰК" ААҚ	8507	8580	8770	8926	9819
Барлығы	188305	191924	194148	197169	88617

* - компаниялар 2005-2007 жылдарға арналған даму жоспарларын енгізбеген

Жалақы қоры

(млн. теңге)

Компаниялардың атауы	2003 ж. факт	2004 ж. бағалау	2005 ж. болжам	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам
"KEGOC" ААҚ	2079,2	2160,8	2484,7	2570,4	2660,3
"ҚазМұнайГаз" ЖАҚ	36994	42602	46417	48269	50520
"Қазатомөнеркәсіп" ЖАҚ	6739	8368	9524	10614	11637
"Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ	288,7	359,7	414,8	437,6	459,5
"Қазақтелеком" ААҚ*	14296	14574	15308		16088
"Қазпочта" ЖАҚ	2197	2754	3599,9	4695	6224
"Қазақстан жолы" ЖАҚ*	32729	35756	36149		38535
"ҰАТ" ЖАҚ	157	171	211	256	292
"МЖЗҚ" ЖАҚ	199	221	222	222	222
"Азық-түлік корпорациясы" ЖАҚ	225	314	334	341	348
"Қазақпарат" ААҚ	50	67,6	116,1	139,3	167,2
"Қазақстан ҰК" ААҚ	1386	2816	4828	5313	5844
Барлығы	97339,9	110164,1	119608,5	127480,3	78374

* - компаниялар 2005-2007 жылдарға арналған даму жоспарларын енгізбеген

Негізгі қызметтен түсетін кіріс

(м л н . т е н г е)

Компаниялардың атауы	2003 ж. факт	2004 ж. бағалау	2005 ж. болжам	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам
"KEGOC" ААҚ	15742,2	15104,4	17202,4	18460	19896,6
"ҚазМұнайГаз" ЖАҚ	391842	379155	397730	419672	436303
"Қазатомөнеркәсіп" ЖАҚ	29363	37005	41965	45636	50602
"Астана халықаралық ә у е ж а й ы " Ж А Қ	1825	2500	2843	3075	3237
"Қазақтелеком" ААҚ*	66161	65756		65418	65896
"Қазпочта" ЖАҚ	4856	5727	6647	7712	8473
" Қ а з а қ с т а н жолы" ЖАҚ*		те м і р			
	177010	204818		146642	156864
"ҰАТ" ЖАҚ	432	556	674	758	794
"МЖЗҚ" ЖАҚ	1371	1268	1317	1454	1513
" А з ы қ - т ү л і к корпорациясы" ЖАҚ	24442	26354	31575	32186	32809
"Қазақпарат" ААҚ	99,7	142,9	311,9	323,1	356,4
" Қ а з а қ с т а н ҰК" ААҚ		ин ж и н и р и н г "			
	4498	8075	11479	13188	14507
Барлығы	717641,9	746461,3	723804,3	765224,1	568481,0

* - компаниялар 2005-2007 жылдарға арналған даму жоспарларын енгізбеген

Таза пайда

(м л н . т е н г е)

Компаниялардың атауы	2003 ж. факт	2004 ж. бағалау	2005 ж. болжам	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам
"KEGOC" ААҚ	1741,6	312,5	538,5	788,4	287,3
"ҚазМұнайГаз" ЖАҚ	66993	42949	36322	40255	45723
"Қазатомөнеркәсіп" ЖАҚ	1334	1767	9769	2299	4273
"Астана халықаралық ә у е ж а й ы " Ж А Қ	699	401	0,99	6,5	12,1
"Қазақтелеком" ААҚ*	14845	12275		12176	12087
"Қазпочта" ЖАҚ	152	135	142	152	161

"Қазақстан		темір			
жолы" ЖАҚ*	17732	580		12000	14244
"ҰАТ" ЖАҚ	-96	5	52	67,2	72
"МЖЗҚ" ЖАҚ	609	413	449	487	524
"Азық-түлік					
корпорациясы" ЖАҚ	773	489	489	499	508
"Қазақпарат" ААҚ	-1,8	5,9	9,7	15,2	3,9
"Қазақстан		инжиниринг"			
ҰК" ААҚ	-595	71	249	379	417
Барлығы	104185,8	59403,4	72197,19	71279,3	51981,3

* - компаниялар 2005-2007 жылдарға арналған даму жоспарларын енгізбеген

Дивидендтер

(млн. теңге)

Компаниялардың атауы	2003 ж. факт	2004 ж. бағалау	2005 ж. болжам	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам
"KEGOC" ААҚ	34,3	174,2	31,3	53,9	78,8
"ҚазМұнайГаз" ЖАҚ	2521	2577	2614	2673	2637
"Қазатомөнеркәсіп"			ЖАҚ		
"Астана		халықаралық			
әуежайы" ЖАҚ					
"Қазақтелеком" ААҚ*	1800	1649		1364	1353
"Қазпочта"			ЖАҚ		
"Қазақстан			темір		
жолы" ЖАҚ*	1773	58		1200	1424
"ҰАТ" ЖАҚ			5	30,2	36
"МЖЗҚ" ЖАҚ	305	206	224	244	262
"Азық-түлік					
корпорациясы" ЖАҚ	387	244	245	249	254
"Қазақпарат" ААҚ				7,6	1,2
"Қазақстан		инжиниринг"			
ҰК" ААҚ	83,2	26,8	80,4	134,1	147,5
Барлығы	6903,5	4935	5763,7	6161,2	3415,3

* - компаниялар 2005-2007 жылдарға арналған даму жоспарларын енгізбеген

Инвестициялар

(м л н . т е н г е)

Компаниялардың атауы	2003 ж. факт	2004 ж. бағалау	2005 ж. болжам	2006 ж. болжам	2007 ж. болжам
"KEGOC" ААҚ	12448,4	15268,9	11110,1	14275,4	12077,3
"ҚазМұнайГаз" ЖАҚ	103245	125078	118825	84309	82619
"Қазатомөнеркәсіп" ЖАҚ	7445	9148	17698	12688	9367
"Астана халықаралық ә у е ж а й ы " Ж А Қ	14	15,4	2,1	0,1	0,1
"Қазақтелеком" ААҚ*	19705	25495		22016	21599
"Қазпочта" ЖАҚ	1100	705	5404	3301	77,7
" Қ а з а қ с т а н жолы" ЖАҚ*	50185	29903		31851	37150
"ҰАТ" ЖАҚ	6,5	21,3	36	48	24
" М Ж З Қ "		Ж А Қ			
" А з ы қ - т ү л і к корпорациясы" ЖАҚ		76	214		4646
"Қазақпарат" ААҚ	75,1	53,2	39,4	52,7	32,2
" Қ а з а қ с т а н ҰК" ААҚ	170	2609	4046	637	701
Барлығы	194470	208510,8	215673,6	74060,2	143720,3

* - компаниялар 2005-2007 жылдарға арналған даму жоспарларын енгізбеген